«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚазМұнайГаз, Қоғам немесе Эмитент) өз қызметін Қазақстан Республикасының (Қазақстан немесе ҚР) заңнамасына сәйкес, атап айтқанда, «Жер қойнауын пайдалану туралы» және «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңдарының, сондай-ақ кейін оған енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен бірге Қоғамның 2006 жылғы 21 маусымдағы Жарғысы мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару кодексінің негізінде жүзеге асырады.

Эмитент қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Мұнай-газ саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;
- 2) Уәкілетті мемлекеттік органдардың тапсырмасы бойынша республиканың мұнай-газ ресурстарын тиімді және ұтымды игеру;
- 3) Мұнай мен газ ресурстарын пайдалану, молайту және одан әрі ұлғайту стратегиясын әзірлеуге қатысу;
- 4) Заңнамада белгіленген тәртіппен келісім-шарттардағы міндетті үлестік қатысу арқылы мұнай-газ операцияларын жүзеге асыратын мердігерлермен жасалған келісім-шарттарда мемлекеттік мүдделерді білдіру;
- 5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес өнімді бөлу туралы келісімдерде мемлекеттің мүдделерін білдіру бойынша өкілетті органның функцияларын орындау;
- 6) Мұнай операцияларын жүргізуге арналған тиісті келісім-шарттарды орындау барысында Қазақстан Республикасының Үкіметіне жыл сайынғы есептерді дайындауға қатысу;
- 7) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша келісім-шарттарға үлестік қатысу арқылы конкурстың жеңімпаздарымен бірлесіп, мұнай операцияларын жүргізу;
- 8) Тікелей келіссөздердің негізінде Қоғамға берілген блоктарда мұнай операцияларын жүргізу;
- 9) Қазақстан Республикасының аумағында мұнай-газ операцияларына конкурстарды ұйымдастыруға қатысу;
- 10) Акциялар пакеті/қатысу үлестері Қоғамға тиесілі ұйымдардың көмірсутегілерді барлау, игеру, өндіру, өңдеу, сату, тасымалдау, мұнай-газ құбырлары мен мұнай-газ кәсіпшілігі

инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторингі;

11) Заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мұнай-газ операцияларын жүзеге асыру жөніндегі ішкі және халықаралық жобаларға қатысу;

12) Кен орындарын игерудің технологиялық мониторингін жүзеге асыру;

13) Мұнай мен газды көліктің барлық түрлерімен тасымалдау бойынша қызметтер;

14) Белгіленген тәртіппен көмірсутегі шикізатын, оны өңдеу өнімдерін ішкі және сыртқы нарықтарда сату және олардың маркетингі;

15) Қазақстан Республикасының және көмірсутегі шикізатын тасымалдау жүзеге асырылатын шектес мемлекеттердің аумағында мұнай-газ құбырының жүйесін (оның ішінде сақтау, тиеу және көліктің басқа да түрлеріне ауыстырып тиеу бойынша объектілерді) жобалауға қаржыландыруға, салуға, иелік етуге және пайдалануға қатысу;

16) Қоғамның қызметіне байланысты жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін қаржыландыруды ұйымдастыру, әзірлеу;

17) Белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының көмірсутегі шикізатын тасымалдау бойынша барлық ішкі және халықаралық жобаларға қатысу;

18) Жаңа технологияларды әзірлеу және енгізу;

19) Мұнай-газ секторын дамытудың мемлекеттік және өзге де бағдарламаларын әзірлеуге және орындауға қатысу;

20) Мұнай-газ өнеркәсібі аясындағы басшылықты және басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік органның тапсырмасы бойынша оның жұмыс органының функцияларын орындау, сондай-ақ мұнай-газ саласында мемлекеттің мүдделерін білдіру және мүдделерін қорғау;

21) Отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған әр түрлі бағдарламаларды қолдау және оларға қатысу;

22) Мұнай-газ және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу және шарттар жасасу;

23) Ғылыми-техникалық, өндірістік-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

24) Мұнай-газ жобаларын дайындау және әзірлеу бойынша консалтингтік және техникалық қызметтерді жүзеге асыру;

25) Қоғамның қызметіне байланысты жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне сараптаманы жүзеге асыру және оларды бекіту;

26) Заңнамада тыйым салынбаған өзге де қызмет көзделген.

**8. Халықаралық рейтингтік агенттіктер және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға берген рейтингтердің бар-жоғы туралы мәліметтер.**

**Эмитентке берілген рейтингтер:**

Атауы	Moody's Investors Service	Standard & Poor's	Fitch
Шетелдік валютамен көрсетілген Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингісі (халықаралық шәкіл бойынша)	Baa2	BB+	BBB-/Тұрақты
Ұлттық валютамен көрсетілген Эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингісі	-	BB+	BBB
Болжам	Теріс	Тұрақты	Тұрақты
Эмитенттің ұзақ мерзімді рейтингісі (ұлттық шәкіл бойынша)	-	kzAA –	-

Атауы	Moody's Investors Service	Standard & Poor's	Fitch
Болжамды беру/қайта қарау күні	2010 жылғы 16 сәуір.	2010 жылғы 12 қаңтар	2009 жылғы 16 желтоқсан

Ақпарат: Халықаралық кредиттік агенттіктер мен Bloomberg.

Бұл ретте, бағалы қағаздардың рейтингісі бағалы қағаздарды сатып алуды, сатуды немесе ұстауды ұсыну болып табылмайды және оны берген рейтингтік агенттік кез келген уақытта оны уақытша тоқтатуы, азайтуы және жоюы мүмкін.

Халықаралық рейтингтік агенттіктердің KazMunaiGas Finance B.V Эмитенттің кепілдігімен шығарған Еурооблигацияларға берген рейтингтері				
Облигациялар шығарылымы	Рейтингті беру/қайта қарау күні	Moody's	Standard&Poor's	Fitch
Еурооблигациялардың 1-шығарылымы	2008 ж. 16 маусым	Baa2/Теріс	BB+	BBB-
Еурооблигациялардың 2-шығарылымы	2008 ж. 16 маусым	Baa2/ Теріс	BB+	BBB-
Еурооблигациялардың 3-шығарылымы	2009 ж. 16 шілде	Baa2/ Теріс	BB+	BBB-
Еурооблигациялардың 4-шығарылымы	2010 ж. 16 сәуір	Baa2/ Теріс	BB+	BBB-

Эмитентке қаржы агенттігінің мәртебесі берілген жағдайда уәкілетті орган қаулысының күні, нөмірі көрсетіледі.

2010 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша Эмитенттің қаржы агенттігінің мәртебесі жоқ.

**9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркеу күні, орналасқан жері және почталық адрестері.**

Атауы	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Түркіменстандағы филиалы
Тіркеу күні	2008 жылғы 17 наурыз, № 0000179 сертификат
Орналасқан жері	<b>Заңдық мекен-жайы:</b> Түркіменстан Республикасы, Ашхабад қ., Туркменбаши шаелы (даңғыл), 54, «Импаш» Бизнес-орталығы, 306 және 307-каб.

**10. Олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігі көрсетіліп, аяқталған соңғы үш қаржы жылындағы Эмитенттің қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асырып жатқан) аудиторлық ұйымның толық ресми атауы (аты-жөні, болған жағдайда – аудитордың әкесінің аты).**

Жыл	Аудиторлық ұйымның атауы		Консультанттардың аты-жөні	Алқаларға тиістілігі	Қызметтердің атауы
2009	«Эрнст энд Янг Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2005 ж. 15	Грегор Мовет мырза, Абибуллаева Эльвира ханым – аудит	Қазақстан Республикасының аудиторлар	2009 жылғы бірінші жартылдықтың қаржы есептілігінің

Жыл	Аудиторлық ұйымның атауы		Консультанттың аты-жөні	Алқаларға тиістілігі	Қызметтердің атауы
		шілдеде берген Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған МФЮ-2 сериялы № 0000003 мемлекеттік лицензия	департаментінің директоры	палатасының мүшелері	аудиті
2008			Гүлмира Тұрмағамбетова ханым, аудит жөніндегі серіктес		2008 жылғы қаржы есептілігінің аудиті
2007			Гүлмира Тұрмағамбетова ханым, аудит жөніндегі серіктес		2007 жылғы қаржы есептілігінің аудиті

Олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігі көрсетіліп, проспектіні уәкілетті органға берудің алдындағы үш жыл ішінде олармен тиісті қызметтер көрсету шарттары жасалған заң және қаржы мәселелері жөніндегі консультанттардың толық ресми атауы.

Эмитент 2007-2009 жылдары мынадай қаржы және заң консультанттарымен шарттар жасасты:

Консультант	Орналасқан жері	Қызметтердің атауы
ABN AMRO Corporate Finance Limited (қазір Royal Bank of Scotland тобының құрамында)	Ұлыбритания, Лондон қ., Charing Cross 49, GB - Admiralty Arch, SW1A 2DX	Ірі мұнай-газ жобалары бойынша келіссөздерді қамтамасыз ету бойынша консультациялық қызметтер
PricewaterhouseCoopers Tax & Advisory LLP	Ұлыбритания, Лондон қ., Embankment Place 1, WC2N 6DX	Сатып алынатын мұнай-газ активтерінің аудиті және салық сараптамасының қызметтері
Barclays Capital	Ұлыбритания, Лондон қ., Canary Wharf, The North Colonnade 5, E14 4BB	Жоба бойынша қаржылық қамтамасыз ету
Royal Bank of Scotland	Ұлыбритания, Лондон қ., Charing Cross 49, GB - Admiralty Arch, SW1A 2DX	Қаржы стратегиясын әзірлеу

Жоғарыда аталған компаниялардың қандай да бір болмасын алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігіне қатысты ақпарат жоқ.

Жоғарыда аталған тұлғалармен шарттар бұзылған жағдайда тараптардың қайсысы оған бастамашылық еткені көрсетіліп, шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат берілу керек.

Жоғарыда аталған заң және қарды консультанттарымен шарттар бұзылған жоқ.




## 11. Эмитент корпоративтік басқару кодексін қабылдаған күн

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару кодексі Жалғыз акционер «Самұрық» холдингі» АҚ-тың 2007 жылғы 3 желтоқсандағы шешімімен (№182-п) бекітілген.

## 2. ЭМИТЕНТТІҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

### 12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы.



*Ақпарат көзі: Эмитент берген деректер*

#### Жалғыз акционер

Эмитенттің Жарғысына сәйкес Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер:

- 1) Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санына ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акциялардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастаудың, сондай-ақ оларды өзгертудің шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 6) Орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде Қоғамның орналастырылатын (сатылатын) акцияларының саны, олардың орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 7) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (тағайындау) және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақылардың мөлшері мен оларды төлеу шарттарын белгілеу, сондай-ақ ол туралы ережені бекіту;
- 8) Директорлар кеңесінің жасалған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту;
- 9) Белгіленген тәртіппен Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне төленетін төлем мөлшерін белгілеу;
- 10) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін бекіту;
- 11) Есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы есеппен дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 12) Жарғының 47-тармағында көзделген жағдайлар басталғанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешімді қабылдау;

13) Жиынтықта Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес немесе одан да көп процентті құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдау;

14) Заңнамаға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алғанда олардың құнын айқындау әдістемесін бекіту және әдістемеге өзгерістер енгізу;

15) Заңнамаға сәйкес Жалғыз акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын айқындау;

16) Жалғыз акционер белгілеген тәртіппен Қоғамды дамытудың бес жылға арналған стратегиялық бағыттары бекіту;

17) Қызметтік жеңіл автомобильдердің тиістілік нормативтерін және әкімшілік аппаратты орналастыруға арналған алаңдардың нормаларын белгілеу;

18) Қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығыстарын өтеу тәртібі мен шарттарын белгілеу;

19) Жалғыз акционердің шешімі бойынша қызметкерлерге ұтқыр байланысты, өкілдік шығыстарының лимиттерін және өзге де лимиттерді пайдалану құқығы берілген кезде Қоғам қаражатының есебінен өтелетін шығыстардың лимиттерін белгілеу;

20) Белгіленген тәртіппен президентті (Басқарма төрағасын) сайлау (тағайындау) және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

21) Олар бойынша шешімдерді қабылдау Заңнамамен және Жарғымен Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер жатады.

### **Директорлар кеңесі**

Эмитенттің Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер:

1) Қоғам қызметінің басымдық бағыттарын белгілеу, сондай-ақ Қоғамды дамытудың 5 жылға арналған стратегиялық бағыттарын мақұлдау және кейін Жалғыз акционердің қарауына шығару және де Қоғамның Қоғам Жарғысының 14-тармағының 1)-25) тармақшаларында көзделмеген қызметке қатысуы туралы шешімдерді қабылдау;

2) Жалғыз акционердің қарауына мәселелерді шығару;

3) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды мақұлдау және Жалғыз акционерге бекіту үшін енгізу;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешімді қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын-ала бекіту, Қоғамның жалғыз акционеріне өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды ұсыну, сондай-ақ Қоғамның жылдық есебін алдын-ала бекіту;

6) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын белгілеу;

7) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сандық құрамын, өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау (тағайындау), сондай-ақ Қоғамның президентінен (Басқарма төрағасынан) басқа олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

8) Президенттің (Басқарма төрағасының) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін және еңбекақысы мен сыйлықақы төлеу шарттарын белгілеу;

9) Директорлар кеңесінің комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттердің мүшелерін сайлау;

10) Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын) және орталық аппаратының құрылымын, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметінің штат кестесін бекіту;

11) Қоғамның есеп саясатын бекіту;

12) Қоғамның акцияларын төлеуге не ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төленетін төлем мөлшерін белгілеу;

13) Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттіктерінің мерзімін белгілеу, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін мен сыйақы төлеу тәртібін, сондай-ақ корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлерін белгілеу;

14) Тізбесін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондарды жүргізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

15) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның басқа да ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешімді қабылдау;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп процентін сатып алуы туралы шешімді қабылдау, сондай-ақ акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлғалар қызметінің мәселелері бойынша, оның ішінде Заңның 36-бабы 1-тармағының 1)-18) тармақшаларында, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңның 43-бабы 2-тармағының 1)-12) тармақшаларында аталған мәселелер және акцияларының (жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлғалардың жарғыларына сәйкес акционердің/қатысушының немесе жалғыз акционердің/қатысушының құзыретіне жатқызылған барлық өзге де мәселелер бойынша шешімді қабылдау;

18) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда Қоғамның тіркеушісін таңдау;

19) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;

20) Қоғамның ірі мәмілелер мен Қоғам жасалуына мүдделі болатын мәмілелер жасасуы туралы шешімді қабылдау;

21) Жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу, беру (қайта беру) (заңнамалық актілердегі өзгерістерге немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне байланысты келісім-шарттардың өзгеруін есептегенде), стратегиялық әріптестермен шарттар жасасу мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;

22) Жалғыз акционер бекіткен тәртіппен Қоғамның даму жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспар), Қоғамның бюджетін бекіту;

23) Оларды бекітуді немесе келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның, сондай-ақ еншілес және тәуелді заңды тұлғалардың басшы қызметкерлері лауазымдарының тізбесін белгілеу;

24) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерін бекіту, осындай рәсімдердің сақталуын және тиімділігін талдауды, сондай-ақ оларды жетілдіруді қамтамасыз ету;

25) Ішкі аудит қызметі жұмысының тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйлықақысының мөлшері мен оларды төлеу шарттарын белгілеу, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі басшысының лауазымына кандидатураны мақұлдау және Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

26) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;

27) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғамның қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алуының тәртібі мен мерзімдерін белгілеу;

28) Қоғамның міндеттемелерін оның өз капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға ұлғайту;

29) Заңнамада және жарғыда көзделген, Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады.

Жоғарыда аталған мәселелердің тізбесі Қоғам Жарғысының 66-тармағымен белгіленген және Қоғам Басқармасының шешуіне берілмейді.

## **Басқарма**

Басқарма Қоғам қызметінің кез келген мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Заңнамамен және (немесе) Жарғымен Қоғамның өзге де органдарының, президенттің (Басқарма төрағасының) құзыретіне жатқызылған мәмілелерді есептегенде, Қоғамның мәмілелер жасасуы туралы шешімдерді қабылдайды;

---

2) Заңнамада және Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларды есептемегенде, Қоғамның заңды тұлғалардың, оның ішінде акционері (қатысушысы) Қоғам болып табылатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялардың (қатысу үлестерінің) он процентіне дейін сатып алуы туралы шешімді қабылдайды, сондай-ақ олардың қызметінің мәселелері бойынша шешімдерді, оның ішінде олардағы акцияларды (қатысу үлестерін) иеліктен шығару мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

3) Директорлар кеңесі бекіткен Қоғам қызметкерлерінің штатын (жалпы санын), орталық аппаратының құрылымы мен корпоративтік хатшы қызметінің штат кестесін ескеріп, Қоғамның штат кестесін бекітеді, сондай-ақ оның филиалдары мен өкілдіктерінің штатын (жалпы санын), құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

4) Қоғамның барлық қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті шешімдерді (қаулыларды) шығарады және нұсқау береді;

5) Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын, Жарғының 66-тармағының 12) тармақшасында аталған құжаттардың тізбесіне кірмейтін құжаттарды бекітеді;

6) Қоғам филиалдарының, өкілдіктерінің, оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдарының қызметін үйлестіреді және бағыттайды;

7) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды;

8) Белгіленген тәртіппен Қоғамның демеушілік (қайырымдылық) көмек көрсетуі туралы шешімді қабылдайды;

9) Жарғының 66-тармағының 12) тармақшасында аталған құжаттарды есептемегенде, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту тәртібін белгілейді;

10) жарғылық капиталында Қоғамның акциялар пакеті (қатысу үлесі) бар ұйымдарға қатысты Қоғамның акционердің (қатысушының) құқықтарын жүзеге асыруының тәртібін белгілейді;

11) Қоғамды дамытудың бес жылға арналған стратегиялық бағыттарының, Қоғамды дамыту жоспарының (орта мерзімді бизнес-жоспарының), Қоғамның бюджетінің (бір жылға арналған бизнес-жоспарының) жобаларын әзірлейді, мақұлдайды және Директорлар кеңесіне береді;

12) Қоғамды дамыту жоспарын (орта мерзімді бизнес-жоспарын), Қоғамның бюджетін (бір жылға арналған бизнес-жоспарын) әзірлеуді және іске асыруды жүзеге асырады, сондай-ақ олардың орындалуы үшін жауапкершілікте болады;

13) Жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың жиырмамыншы наурызына дейін Жалғыз акционерге Қоғамның акциялары бойынша дивидендтердің мөлшерінің болжамды көрсеткіштерін береді;

14) Қоғамның ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және қолдану үшін жауапкершілікте болады;

15) Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесіндегі елеулі кемшіліктер туралы Директорлар кеңесіне уақытылы хабарлайды;

16) Қоғамның Директорлар кеңесі, Жалғыз акционері шешімдерінің, Қоғамның жылдық қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ұсынымдарының, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі ұсынымдарының орындалуын бақылау жүзеге асырады;

17) Қоғамның меншігіне қатысты заңсыз іс-әрекеттерді тудыратын себептер мен шарттарды анықтау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

18) Қоғамның жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын Қоғамның қызметін қамтамасыз етудің өзге де мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды.

### **13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері.**

Аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Осы уақытта және соңғы 3 жыл ішінде қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (%)
Құлыбаев Тимур Асқарұлы <i>Директорлар кеңесінің төрағасы</i>	1966ж.10.09	<p>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2002ж. ақпаннан бастап 2005ж. қазанға дейін бірінші вице-президент;</p> <p>«Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ 2006ж. сәуірден бастап 2007ж. тамызға дейін Басқармасы төрағасының орынбасары;</p> <p>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2009 ж. мамырдан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі 2005 жылғы қазаннан бастап осы уақытқа дейін</p> <p>«Қазатомөнеркәсібі» ҰАК» АҚ 2008 ж. қазаннан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ 2008 ж. қазаннан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Энергетикалық желілерді басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ (KEGOC) 2008 ж. қазаннан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Самұрық - Энерго» АҚ 2008 ж. қазаннан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ 2008 ж. қазаннан бастап осы уақытқа дейін Басқарма төрағасының орынбасары</p>	жоқ

Аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Осы уақытта және соңғы 3 жыл ішінде қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (%)
<p>Ақшолоақов Болат Оралұлы <i>Директорлар кеңесінің мүшесі</i></p>	<p>1971 ж.09.04</p>	<p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ</b> 2003 ж. сәуірден бастап 2006 ж. ақпанға дейін Атқарушы директор</p> <p><b>Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі</b> 2006 ж. ақпаннан бастап 2008 ж. қарашаға дейін Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі</p> <p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2006 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	<p><b>«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ</b> 2008 ж. қарашадан бастап осы уақытқа дейін Басқарушы директор</p>	<p>жоқ</p>
<p>Питер Лэйн <i>Тәуелсіз директор</i></p>	<p>1946 ж.</p>	<p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2008ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Тәуелсіз директор</p> <p>Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі.</p>	<p><b>Exchange Insurance Company Ltd</b> 2004ж. бастап 2007 ж. дейін Бас директор, компанияның негізін қалаушы</p> <p><b>Campi &amp; Co Ltd, СК (бизнесі дамыту)</b> 2002 ж. бастап осы уақытқа дейін Басқарманың Атқарушы төрағасы</p>	<p>жоқ</p>
<p>Фрэнк С.В.Куилаарс <i>Тәуелсіз директор</i></p>	<p>1958ж.15.10.</p>	<p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2006ж. қыркүйектен бастап осы уақытқа дейін Тәуелсіз директор</p>	<p><b>Еуропалық Одақтың энергетикалық хартиясы</b> 2004ж. наурыздан бастап осы уақытқа дейін Индустриалдық кеңестің мүшесі</p>	<p>жоқ</p>

Аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Осы уақытта және соңғы 3 жыл ішінде қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (%)
		Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі.	<p>2005 ж. қаңтардан бастап осы уақытқа дейін Ұйымның бүкіл әлемдегі мұнай-газ бөлімшелерінің басшысы, Клиенттермен жұмыс істеу жөніндегі басшы (Орталық Еуропа, Таяу Шығыс, Африка)</p> <p>2006ж. сәуірден бастап осы уақытқа дейін Ресей Федерациясындағы қадағалау кеңесінің мүшесі</p>	
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы <i>Директорлар кеңесінің мүшесі</i>	1953ж. 01.01.	<p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2003ж. сәуірден бастап 2007ж. шілдеге дейін Көлік инфрақұрылымы және сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор;</p> <p>2007ж. шілдеден бастап 2007 ж. қыркүйекке дейін Вице-президент Басқарма мүшесі</p> <p>2007 ж. қыркүйектен бастап 2008ж. тамызға дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>2008ж. тамыздан бастап осы уақытқа дейін Президент Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	<p><b>«КҚК-Қ» АҚ</b> 2007ж. наурыздан бастап 2007ж. шілдеге дейін Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>2007ж. шілдеден бастап 2007ж. қарашаға дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p><b>«Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ</b> 2007ж. қыркүйектен бастап 2008ж. тамызға дейін Басқарма төрағасының орынбасары</p> <p><b>«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ</b> 2008ж. қыркүйектен бастап 2010ж наурызға</p>	жоқ

Аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жыл ішінде атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Осы уақытта және соңғы 3 жыл ішінде қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (%)
			дейін Директорлар кеңесінің төрағасы	

**Алдыңғы екі жылдағы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер.**

**2008 жылдағы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 29 мамырдағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Ұ.С.Қарабалиннің өкілеттіктері тоқтатылып, С.М.Бүркітбаев Директорлар кеңесінің мүшесі болып тағайындалды.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 13 маусымдағы шешімімен Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі Гульелмо Москатоның өкілеттіктері тоқтатылды және оның лауазымына Питер Лэйн сайланды.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 20 тамыздағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі С.М.Бүркітбаевтың өкілеттіктері тоқтатылды және осы шешіммен Қ.А.Бозымбаев Директорлар кеңесінің төрағасы болып тағайындалды.
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 17 қазандағы шешімімен Директорлар кеңесінің төрағасы Қ.А.Бозымбаевтың өкілеттіктері тоқтатылды және Қ.Н.Келімбетов сайланды.

**2009 жылдағы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 2009 жылғы 21 мамырдағы шешімімен Қ.Н.Келімбетовтің Директорлар кеңесі төрағасының лауазымындағы өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және осы лауазымға Т.А.Құлыбаев тағайындалды.

**2010 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер:**

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Жалғыз акционерінің 2010 жылғы 4 қаңтардағы шешімімен Ғ.Қ.Кешубаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды.

**13-1. Эмитенттің Директорлар кеңесінің комитеттері.**

Комитеттердің атауы	Комитеттердің құзыреті
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет	Мынадай: <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарын әзірлеу;</li> <li>➤ компанияның стратегиялық дамуының тұжырымдамаларын, бағдарламалары мен жоспарларын талдау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдарды дайындайды.</li> </ul>
Тағайындау жөніндегі	Тәуелсіз директорлар, Ішкі аудит қызметі басшысының және



Комитеттердің атауы	Комитеттердің құзыреті
комитет	Корпоративтік хатшының лауазымдарына кандидаттарға қойылатын біліктілік талаптарды дайындайды, Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Компанияның ішкі құжаттарының ережелеріне сәйкес өзге де мәселелер бойынша ұсынымдарды Директорлар кеңесіне береді.
Сыйақы жөніндегі комитет	Директорлар кеңесі мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің басшысына, Корпоративтік хатшыға және Компанияның өзге де қызметкерлеріне сыйақы беру саясаты мен құрылымы бойынша ұсынымдарды әзірлейді.
Аудит жөніндегі комитет	Ішкі және сыртқы аудит мәселелерін, қаржы есептілігінің мәселелерін қарайды.

### 13-2. Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуы саласындағы бағалауды және Қоғамның қызметін жетілдіру мақсатында консультациялауды жүзеге асырады.

### 14. Эмитенттің атқарушы органы.

Басқарма мүшелерінің аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жылда атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Соңғы үш жылда және осы уақытта қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының төленген жарғылық капиталындағы үлес (%)
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы <i>Басқарма төрағасы</i>	1953ж.01.01.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2003ж. сәуірден бастап 2007ж. шілдеге дейін Көлік инфрақұрылымы және сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор; 2007ж. шілдеден бастап 2007 ж. қыркүйекке дейін Вице-президент Басқарма мүшесі 2007 ж. қыркүйектен бастап 2008ж. тамызға дейін Директорлар	«КҚК-Қ» АҚ 2007ж. наурыздан бастап 2007ж. шілдеге дейін Директорлар кеңесінің мүшесі 2007ж. шілдеден бастап 2007ж. қарашаға дейін Директорлар кеңесінің төрағасы «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ 2007ж. қыркүйектен бастап 2008ж. тамызға дейін Басқарма төрағасының орынбасары	жоқ

Басқарма мүшелерінің аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жылда атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Соңғы үш жылда және осы уақытта қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының төленген жарғылық капиталындағы үлес (%)
		кеңесінің төрағасы 2008ж. тамыздан бастап осы уақытқа дейін Президент Басқарма төрағасы Директорлар кеңесінің мүшесі	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2008ж. қыркүйектен бастап бастап 2010 ж наурызға дейін Директорлар кеңесінің төрағасы	
Палымбетов Болат Абылкасымұлы	1961 ж. 28.07.	<b>Каспий ҰК КСК</b> Басқарма төрағасы 2007 ж. бастап 2010  <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 20079 ж. маусымнан бастап бастап осы уақытқа дейін басқарушы директор;	«Каспий ҰК КСК» Басқарма төрағасы 2007 ж. бастап 2010	жоқ
Назаров Болат Қонақбайұлы	1955ж.25.02.	<b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2005 ж. шілдеден бастап 2008ж. ақпанға дейін ӨБК жобаларын басқару жөніндегі басқарушы директор  <b>«ҚазРосГаз» ЖШС</b> 2008 ж. сәуірден бастап 2009 ж. қаңтарға дейін Бас директордың орынбасары  <b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2009ж. желтоқсаннан бастап осы уақытқа дейін	«ҚазТрансГаз» АҚ 2009ж. желтоқсаннан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы	Жоқ

Басқарма мүшелерінің аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жылда атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Соңғы үш жылда және осы уақытта қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының төленген жарғылық капиталындағы үлес (%)
		газ жобалары жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі		
Балжанов Асқар Құмарұлы	1958ж.23.04	<p>«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 2006ж. маусымнан бастап 2009ж. мамырға дейін Бас директоры Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарма төрағасы</p> <p>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2009ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директор Басқарма мүшесі</p>	<p>«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ  2010 ж. наурыздан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>«Өріктау Оперейтинг» ЖШС Бас директоры</p>	жоқ
Бозжанов Төлеген Жұматұлы	1974ж.11.02.	<p>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2004 ж. тамыздан бастап 2006 ж. тамызға дейін Экономика және қаржы жөніндегі атқарушы директор</p> <p>«ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ 2006 ж. тамыздан бастап 2008 ж. наурызға дейін Бас директор</p> <p>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2008 ж. тамыздан</p>	<p>«ҚазМұнайТеніз» ТМК» АҚ 2008 ж. тамыздан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 2008 ж. тамыздан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	жоқ

Басқарма мүшелерінің аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жылда атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Соңғы үш жылда және осы уақытта қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының төленген жарғылық капиталындағы үлес (%)
		<p>бастап 2009 ж. маусымға дейін Вице-президент</p> <p>2008 ж. тамыздан бастап осы уақытқа дейін Басқарма мүшесі</p> <p>2009 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін басқарушы директор</p>		
Шманов Нұртас Нұрыбекұлы	1956ж.24.12.	<p><b>«КҚК-Р» АҚ</b> 2006 ж. мамырдан бастап 2007 ж. желтоқсанға дейін Бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары</p> <p><b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b> 2007 ж. желтоқсаннан бастап 2009 ж. қаңтарға дейін Бас директор</p> <p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2009 ж. қаңтардан бастап 2009 ж. маусымға дейін Басқарушы директор</p> <p>2009 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директор Басқарма мүшесі</p>	<p><b>«КҚК-Р» АҚ, «КҚК-К» АҚ</b> 2009 ж. мамырдан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b> 2008 ж. тамыздан бастап осы уақытқа дейін председатель Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	жоқ

Басқарма мүшелерінің аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жылда атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Соңғы үш жылда және осы уақытта қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының төленген жарғылық капиталындағы үлес (%)
Мирзагалиев Мағзум Маратович	07.11.1978г..	<p><b>08.2006-07.2007</b> MI Drilling Fluids International <b>өндірісу менеджері</b></p> <p><b>07.2007-05.2010</b> «ТеңізСервис» <b>ЖШС</b> Бас директор</p> <p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2007 ж. шілдеден бастап 2007 ж. маусымға дейін Басқарушы директор</p> <p>2010 ж. 11 мамырдан бастап осы уақытқа дейін Сервистік жобалар жөніндегі басқарушы директор Басқарма мүшесі</p>	жоқ	жоқ
Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы	1970ж.06.12.	<p><b>«ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ</b> 2006 ж. тамыздан бастап 2009 ж. маусымға дейін Бас директордың орынбасары</p> <p><b>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ</b> 2009 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі басқарушы директор Басқарма мүшесі</p>	<p><b>«АМӨЗ» ЖШС</b> 2006 ж. қарашадан бастап Қадағалау кеңесінің мүшесі</p> <p><b>Ромпетрол Групп</b> 2008 ж. қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p><b>«ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ</b> 2006 ж. желтоқсаннан бастап осы уақытқа дейін Басқарма мүшесі</p>	жоқ

Басқарма мүшелерінің аты-жөні	Туған күні	Осы уақытта және соңғы үш жылда атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Соңғы үш жылда және осы уақытта қоса атқарған лауазымдары (хронологиялық тәртіпте)	Эмитент пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының төленген жарғылық капиталындағы үлес (%)
Жанғауылов Ержан Арыстанбекұлы	1968ж.28.05.	<p>«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2006 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Басқарушы директор</p> <p>2009 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басшы менеджер Басқарма мүшесі</p>	«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ 2006 ж. маусымнан бастап осы уақытқа дейін Директорлар кеңесінің мүшесі	жоқ

**Алдыңғы екі жылдағы Басқарма мүшелерінің құрамындағы өзгерістер.**

**2008 жылдағы Басқарманың құрамындағы өзгерістер:**

- 2008 жылғы 19 тамыздағы хаттаманың негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшесі Ұ.С.Байжановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
- 2008 жылғы 19 тамыздағы хаттаманың негізінде Т.Ж.Бозжанов қаржы және экономика жөніндегі вице-президент болып тағайындалды
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы (президент) С.М.Бүркітбаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
- 2008 жылғы 20 тамызда Қ.М.Қабылдин «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы болып тағайындалды

**2009 жылдағы Басқарманың құрамындағы өзгерістер:**

- 2009 жылғы 23 маусымдағы хаттаманың негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының мүшелері: М.Б.Иденовтің, К.Н.Ыбырашевтың, Д.Ә.Берлібаевтің, Т.Ж.Бозжановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
- 2009 жылғы 23 маусымдағы хаттаманың негізінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың мынадай қызметкерлері Басқарма мүшелері болып сайланды:
  - 1) А.Қ. Балжанов.
  - 2) Д.Ә. Берлібаев
  - 3) Т.Ж. Бозжанов
  - 4) Н.Е. Сауранбаев
  - 5) Н.Н. Шманов

- 6) Д.С. Тиесов
- 7) М.Б. Иденов
- 8) Е.А. Жанғауылов
- 9) 2009 жылғы 3 желтоқсандығы хаттаманың негізінде Д Берлибаевтің 2009 ж 7 желтоқсанан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Бақарма мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
  - 2009 жылғы 3 желтоқсандағы хаттаманың негізінде Б.Қ.Назаров газ жобалары жөніндегі басқарушы директор болып сайланды.
  - 2010 жылғы 30 сәуірден хаттаманың негізінде М Иденов 2009 ж 5 сәуірден бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды
  - 2010 жылғы 30 сәуірден хаттаманың негізінде Б Палымбетов Басқарма мүшесі болып сайланды

Қатысу үлесі көрсетілген Эмитенттің жеке-дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғаның не Эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшесінің Эмитент пен ұйымдардың төленген жарғылық капиталындағы қатысуы.

Эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің Эмитент акциялары және оның еншілес және тәуелді ұйымдарындағы акциялары/қатысу үлестері жоқ.

#### 15. Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға берілген жағдайда

Осы тармақты акционерлік қоғамдар толтырмайды.


#### 16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және Эмитенттің өзге де басқарушы тұлғаларына төленетін сыйақы.

Төленетін сыйақылар	Облигацияларды шығару туралы шешімді қабылдау күніне дейінгі соңғы үш ай бұрынғы сыйақының жалпы мөлшері (мың теңге)	Облигацияларды шығару туралы шешімді қабылдау күнінен бастап кейінгі он екі ай ішінде төленуі тиіс сыйақының жоспарланып отырған жалпы мөлшері (мың теңге)
Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына	9 261	30 870
Директорлар кеңесінің қалған мүшелері	0	0
Басқарма мүшелеріне	0	0
<b>Жиыны</b>	<b>9 261</b>	<b>30 870</b>

Қоғамның тәуелсіз директорларынан басқа, сыйақылар Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне және Қоғамның басқа да басшы персоналына төленбейді.

#### 17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ орталық аппаратының құрылымы**



Ақпарат көзі: Эмитент берген деректер

## 1) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен өкілдіктері.

### Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері:

- 1) Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті;
- 2) Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті;
- 3) Жұртшылықпен байланыс департаменті;
- 4) Әкімшілік-сервистік қамтамасыз ету департаменті;
- 5) Ішкі аудит қызметі;
- 6) Халықаралық келісім-шарттар департаменті;
- 7) Құқықтық қамтамасыз ету департаменті;
- 8) Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаменті;
- 9) Корпоративтік қаржыландыру департаменті;
- 10) Активтерді басқару департаменті;
- 11) Геология және геофизика департаменті;
- 12) Игеру және өндіру технологиясы департаменті;
- 13) Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті;
- 14) Мұнай өңдеу департаменті;
- 15) ТШО жобасын басқару департаменті;
- 16) Өндіруші активтер департаменті;
- 17) Солтүстік Каспий жобасы департаменті;
- 18) Қарашығанақ жобасы департаменті;
- 19) Мұнай тасымалдау жөніндегі жобаларды басқару департаменті;
- 20) Мұнай тасымалдау активтерін басқару департаменті;
- 21) Сервистік жобаларды басқару департаменті;
- 22) Директорлар кеңесінің хатшылығы;
- 23) Ақпараттық технологиялар және БЕЖ енгізу департаменті;
- 24) Бухгалтерия;
- 25) Стратегиялық жоспарлау департаменті;
- 26) Қазақстандық үлесті дамыту және сатып алу департаменті;
- 27) Жаңа жер қойнауын пайдалану жобалары департаменті;
- 28) Мұнай-химия департаменті;
- 29) Дунга жобасы департаменті;
- 30) Сервистік бизнесті дамыту департаменті;



- 31) Басқарма төрағасының хатшылығы;
- 32) Адам ресурстарын басқару департаменті;
- 33) Қазынашылық;
- 34) Ресурстық база және ГГД базасын басқару департаменті;
- 35) Барлау жобаларының операциялық қызметі департаменті;
- 36) Газ жобаларын басқару департаменті;

**Эмитенттің филиалы:**

- 1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Түркіменстандағы филиалы

**2) 2010 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша Эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны.**

Месторасположение	Количество сотрудников
Қазақстандағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	448
Түркіменстандағы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ	8
<b>Жиыны</b>	<b>456</b>

**3) Эмитенттің негізгі бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер**

№	Бөлімшенің атауы	Аты-жөні	Туған жылы
1.	Директорлар кеңесінің хатшылығы	Құрманбаев Талғат Насимоллаұлы	1979 ж.08.07
2.	Ішкі аудит қызметі	Қайдар Баян Әбдуәлиқызы	1972 ж.31.08
3.	Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару департаменті	Көбжанов Марат Орасқұлы	1973 ж.08.04
4.	Басқарма төрағасының хатшылығы	Черепанов Александр Михайлович	1956 ж.16.09
5.	Халықаралық келісім-шарттар департаменті	Кийнова Жанна Ләззатқызы	1972 ж.01.01
6.	Құқықтық қамтамасыз ету департаменті	Залевская Виктория Владимировна	1963 ж.25.05
7.	Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті	Сиражев Нұрлан Жақсығалиұлы	1947 ж.29.10
8.	Қазақстандық үлесті дамыту және сатып алу департаменті	Исаев Бахтияр Орынбасарұлы	1980 ж.09.01
9.	Адам ресурстарын басқару департаменті	Ержігітова Шолпан Жұманқызы	1958 ж.08.09
10.	Әкімшілік-сервистік қамтамасыз ету департаменті	Артюхов Николай Васильевич	1956 ж.16.04
11.	Қоғаммен байланыс департаменті	Тоқаев Ақбар Қуанышбайұлы	1970 ж.07.08
12.	Құжаттамалық қамтамасыз ету департаменті	Бегасылова Алмаш Сайлауқызы	1967 ж.11.08
13.	Бизнес-жоспарлау және экономикалық талдау департаменті	Қисамиева Жанна Мүтәшеқызы	1972 ж.13.01
14.	Бухгалтерия	Валентинова Наталка Сергеевна	1956 ж.05.09
15.	Қазынашылық	Сыдықова Гүлжан Оралбекқызы	1974 ж.06.02
16.	Ақпараттық технологиялар және БЕЖ енгізу департаменті	Ыбыраев Ернат Сейілқанұлы	1980 ж.17.05
17.	Стратегиялық жоспарлау	Масалин Алмаз Маратұлы	1966 ж.25.11

№	Бөлімшенің атауы	Аты-жөні	Туған жылы
	департаменті		
18.	Корпоративтік қаржыландыру департаменті	Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы	1976 ж.08.03
19.	Активтерді басқару департаменті	Құсаев Нұрлан Ханымұлы	1978 ж.13.06
20.	Өндіруші активтер департаменті	Нұғыманов Жәнібек Қайырбекұлы	1974 ж.07.03
21.	ТШО жобасын басқару департаменті	Ыбыраева Светлана Айтқалиқызы	1950 ж.20.02
22.	Игеру және өндіру технологиясы департаменті	Сұлтанов Орын Мұратұлы	1973 ж.26.11
23.	Геология және геофизика департаменті	(бос орын)	-
24.	Ресурстық база және ГГД базасын басқару департаменті	Өзіханов Серік Әбілмәжінұлы	1962 ж.20.03
25.	Жаңа жер қойнауын пайдалану жобалары департаменті	Қабжанов Рүстем Хайроллаұлы	1971 ж.02.09
26.	Барлау жобаларының операциялық қызметі департаменті	(бос орын)	
27.	Газ жобаларын басқару департаменті	Рубченков Юрий Николаевич	1959 ж.17.02
28.	Мұнай тасымалдау жөніндегі жобаларды басқару департаменті	Раханов Тимур Мақсұдбекұлы	1975 ж.30.09
29.	Мұнай тасымалдау активтерін басқару департаменті	Рахметова Клара Галимовна	1949 ж.07.09
30.	Мұнай өңдеу департаменті	Байсексенов Серік Жәлелұлы	1960 ж.09.02
31.	Мұнай-химия департаменті	Жүсіпбеков Сейілхан Әбдуәлиұлы	1954 ж.10.01
32.	Сервистік активтерді басқару департаменті	Бижанов Димаш Нұрахметұлы	1967 ж.26.07
33.	Сервистік бизнесті дамыту департаменті	Таубаев Данияр Сайлауұлы	1971 ж.27.03
34.	Қарашығанақ жобасы департаменті	Серік Нұрлан Бекболатұлы	1979 ж.21.12
35.	Солтүстік Каспий жобасы департаменті	Сағынғалиев Мұхтар Бөлекбайұлы	1963 ж.21.06
36.	Дунга жобасы департаменті	Озғамбаев Абзал Өмірзақұлы	1970 ж.08.12
37.	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың Түркіменстандағы филиалы, Ашхабад қ.	Рогалев Павел Викторович	1981 ж.21.08

### 3. ЭМИТЕНТТІҢ АКЦИОНЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АФФИЛИИРЛЕНГЕН ТҮЛҒАЛАРЫ

#### 18. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары)

2008 жылдың аяғынан бастап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың бақылау пакеті (орналастырылған акциялардың жалпы санынан 100,0%) Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына сәйкес «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ пен «Қазына» Тұрақты Даму қоры» АҚ біріктіру арқылы құрылған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тұлғасындағы мемлекетке жатады. Мемлекет Қоғамның шешімдерді қабылдауына елеулі әсер етеді және оның стратегиясын белгілеп, Қоғамның қызметіне байланысты, оның ішінде инвестициялау, тәуекелдерді басқару, активтер мен займдарды бөлу мәселелерінде қағидатты шешімдерді қабылдай алады, сондай-ақ олардың жүзеге асырылуын бақылайды. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың борышқорлық қағаздары

«Қазақстандық қор биржасы» АҚ тізіміне қосылды. Егжей-тегжейлі ақпарат үшін осы Проспектінің «Бағалы қағаздар шығарылымы туралы мәліметтер» деген 6-бөлімін қараңыз.

**1) 2010 жылдың 31 мамырдағы жағдай бойынша Эмитенттің он және одан көп процентіне (орналастырылған және дауыс беретін) иелік ететін акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер**

Акционерлердің – заңды тұлғалардың толық және қысқартылған атауы немесе акционерлер – жеке тұлғалардың аты-жөні	Заңды тұлғалардың орналасқан жері	Акциялардың түрін көрсетіп, акционерге тиесілі акциялардың жалпы саны	Эмитенттің орналастырылған акцияларынан үлес	Эмитенттің дауыс беретін акцияларынан үлес
«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 23.	319 294 974 дана	100,0%	100,0%

**2) Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы Эмитенттің қызметін бақылау құқығына иелік ететін тұлғалар туралы мәліметтер**

Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың қызметін бақылау құқығына иелік ететін тұлғалар жоқ.

**19. Заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, Эмитенттің оның жарғылық капиталындағы акцияларының (үлесінің) проценттік ара қатынасы, қызметінің түрі, бірінші басшысының фамилиясы, аты, болған жағдайда – әкесінің аты көрсетіліп, Эмитент акцияларының (үлестерінің) он және одан да көп процентіне иелік ететін заңды тұлғалар туралы мәліметтер**

2010 жылдың 31 мамырдағы жағдай бойынша Эмитент мына ұйымдардың акционері болып табылады:

№	Заңды тұлғаның толық атауы	Орналасқан жері (заңдық және іс жүзіндегі мекен-жайы)	Қызметінің түрі	Бірінші басшысының аты-жөні	Акциялардың (Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлестер) %-тік ара қатынасы
1.	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ	2004 ж.31.03, №15971-1901-АО, Астана қ., 010000, Қабанбай батыр д-лы, 20/1	Мұнай барлау, өндіру	Бас директоры – Ыбырашев К.Н.	60,0%
2.	«ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ	2003 ж.17.03, №13463-1901-АО, Астана қ., Сығанақ к-сі, 25	Мұнай барлау, өндіру	Бас директоры – Марабаев Е.Н.	100,0%

№	Заңды тұлғаның толық атауы	Орналасқан жері (заңдық және іс жүзіндегі мекен-жайы)	Қызметінің түрі	Бірінші басшысының аты-жөні	Акциялардың (Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлестер) %-тік ара қатынасы
3.	«ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ	2004 ж.17.06, №13554-1901-АО, Астана қ., Сары-Арқа д-лы, 1	Мұнай және мұнай өнімдерін сату	Бас директоры – Берлібаев Д.Ә.	100,0%
4.	«ҚазТрансОйл» АҚ	2004 ж.31.05, №6636-1901-АО, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19	Мұнай тасымалдау	Бас директоры – Сұлтан Н.С.	100,0%
5.	«ҚазТрансГаз» АҚ	2004 ж.09.06, №13898-1901-АО, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 20	Газ тасымалдау	Бас директоры – Султанғалиев С С	100,0%
6.	«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ	2003 ж.01.10, № 13027-1901-АО, Астана қ., Иманов к-сі, 20	Мұнай-газ саласындағы ғылыми-техникалық жұмыстар	Бас директоры – Қараалин Ұ.С.	90,2%
7.	«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	2005 ж.22.07, №6652-1901-ТОО, Астана қ., Әуезов к-сі, 66	Сервистік қызметтер	Бас директоры – Кеулімжаев С.Ж.	79,3%
8.	«Евро-Азия Эйр» авиакомпаниясы» АҚ	2007 ж.10.03, № 26069-1901-АО Астана қ., 19-магистраль, 29,	Авиациялық қызметтер	Бас директоры – Жанжаркенов А.С.	100,0%
9.	«Қазақстан-Британ техникалық университеті» АҚ	2004 ж.30.04, №44252-1910-АО, Алматы қ., Төле би к-сі, 59	Техникалық мамандықтарға оқыту	Ректорат басшысы – Бейсембетов И.К.	98,3%
10.	«Қазақойл-Украина» ЖШС	2005ж.03.02 №68362-1910-ТОО Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 115-үй	Мұнай өңдеу	Директор – Мақажанова Б.Т.	34,0%
11.	«КҚК-Қ» АҚ	1997 ж. 04.12, № 2292-1900-АО (ИУ), 465002, Атырау қ., Уәлиханов к-сі, 11-үй	Мұнай тасымалдау	Бас директоры – Раздухов В.Ю.	19,0%
12.	«КҚК-Р» АҚ	1997 ж.06.02, Р-08044.17 119017, Москва қ., Б.Ордынка к-сі, 40-үй, 4-құрылыс, "Легион 1" бизнес-кешені, 4-қабат	Мұнай тасымалдау	Бас директоры – Раздухов В.Ю.	19,0%

№	Заңды тұлғаның толық атауы	Орналасқан жері (заңдық және іс жүзіндегі мекен-жайы)	Қызметінің түрі	Бірінші басшысының аты-жөні	Акциялардың (Эмитенттің жарғылық капиталындағы үлестер) %-тік ара қатынасы
13.	«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	2003 ж.17.02, №7424-1901-ТОО(ИУ), Астана қ., Абая д-лы, 113, Окан Интер Континенталь отелінің бизнес-орталығы, 6-қабат	Мұнай барлау, өндіру	Бас директоры – Мақашев Н.М.	51,0%
14.	«Қазақойл-Ақтөбе» ЖШС	2000 ж.08.08, №:6600-1904-ТОО-(ИУ), Ақтөбе қ., 12-шағын аудан, 21-үй, Г-Д секциялары	Мұнай барлау, өндіру	Бас директоры – Решетнев А. В.	50,0%
15.	«Теңізшевройл» БК ЖШС	1999 ж.21.06, №3838-1900-ТОО (ИУ), Атырау қ., Сәтпаев к-сі, 3-үй, ТШО бас офисі	Мұнай барлау, өндіру	Бас директоры – Джеффри Тодд Леви	20,0%
16.	«Қылыш» сауда әріптестігі	1994 ж.01.06, 1 Westferry Circus Canary Wharf London, E14 4HA	ТШО мұнайын сату		50,0%
17.	«ҚазРосГаз» ЖШС	2006 ж.05.06, №78259-1910-ТОО (ИУ), Алматы қ., Чайковский к-сі, 95	Газ сату	Бас директоры – Боранбаев К.С.	50,0%
2009 жылы Эмитент мұнай ресурстарының өсуіне, оның ішінде Қазақстан аумағындағы ірі мұнай-газ активтерінде үлестерді сатып алу есебінен қол жеткізе алды. 2009 жылғы 31 желтоқсанда мұнай мен газдың шоғырландырылған дәлелденген қорлары (газ конденсатын қоса алғанда) тиісінше 781,5 млн. тоннаны және 377,2 млрд. м<sup>3</sup> құрады.

ҚазМұнайГаз ҰК тобының А, В, С1 санаттарының шоғырландырылған (дәлелденген) қорлары мына кестеде көрсетілген:

	31.12.2008 ж.	Қайта бекіту			Өндіру	31.12.2009 ж.
		Геолог-барлау	Қайта бағалау	Сатып алу		
Мұнай, млн. тонна	706,0	6,8	1,1	86,3	(18,7)	781,5
Газ конденсаты, млн. тонна	10,5	2,6	0,3	0,6	(0,0)	14,0
Табиғи газ, млрд. м <sup>3</sup>	343,2	7,6	4,1	26,6	(4,3)	377,2

Қазіргі уақытта ҚазМұнайГаз ҰК мынадай ірі инвестициялық жобаларды іске асыруға қатысуда:

**Теңіз кеңейту жобасы.** 2009 жылы «Теңізшевройл» ЖШС (ТШО) өндірістің экологиялық қауіпсіздігінің жетілуін және жүйелер мен жабдықтардың сенімділігін қамтамасыз ететін Батыс Қазақстандағы Теңіз кен орнында бірнеше маңызды жобаларды аяқтады. Құны 258 млн. АҚШ долл. газды кәдеге жарату жобасы және құны 176 млн. АҚШ долл. шикі мұнайды сақтаудың жаңа резервуарлық паркін салу жобасы атмосфераға шығарындыларды едәуір түрде азайтуға мүмкіндік берді. Шикі газды айдау (ШГА) және Екінші буын зауытын (ЕБЗ) кеңейту жобасын сәтті енгізу ТШО-ға мұнайды өндірудің және өңдеудің көлемдерін едәуір түрде ұлғайтуға мүмкіндік берді. 2009 жылы қосымша өңдеу қуаттарына инвестициялар ТШО-ға мұнай өндіруді жылына 22,5 млн. тоннаға дейін ұлғайту мүмкіндігін берді. Теңіз кен орнында өндіру көлемі 2010 жылы 23,7 млн. тоннаға дейін жететіні күтілуде.

Қазіргі уақытта ТШО Теңіздің негізгі қуаттарының болашақта өсу мүмкіндігін зерттеуде. ШГА және ЕБЗ бойынша жұмыстар нәтижелерінің негізінде кеңейтудің болашақтағы жобасымен жұмыс жүргізілуде. Болашақта кеңейту жобасы ҚР тиісті мемлекеттік органдары және ТШО акционерлері келіскеннен және бекіткеннен кейін егжей-тегжейлі жобалау және құрылыс кезеңіне кіреді. Кеңейту жобасын аяқтау 2016 жылдың аяғына қарай күтілуде, бұл шикі мұнайды өндіру деңгейін жылына 12,0 млн. тоннаға дейін ұлғайтады. Жобаның жалпы құны 15,0 млрд. АҚШ долл. бағаланады, оны ТШО акционерлері қаржыландырады.

**Қазақстандық Солтүстік-Каспий жобасы (ҚСКЖ).** Қашаған кен орнын дамыту жобасын іске асыру мынадай үш кезеңнен тұрады:

- *Бірінші кезең (2012-16 жж.):* Жобаның шеңберінде өнімді 30 және нығыздаушы 10 ұңғыманы бұрғылау жоспарлануда. 2014 жылға қарай өндіру көлемі жылына 109,5 млн. баррель құрайтыны күтілуде. Жобаның бағдарлы құны 3,2 млрд. АҚШ долл. құрайды, оны ҚСКЖ акционерлері қаржыландырады.
- *Екінші және үшінші кезеңдер (2016 жылдан кейін):* Кен орнын игерудің осы кезеңінде 52 ұңғыма, оның ішінде екі өнімді топ және сегіз бұрғылау түптерін салу жоспарланады, оның нәтижесінде өндіру көлемінің 2016 жылға қарай 365 млн. баррельге дейін ұлғаюы күтілуде.

2009 жылғы 31 желтоқсанда Қашаған кен орнын игеруге ҚСКЖ акционерлері салған инвестициялардың жалпы көлемі 29,1 млрд. АҚШ долл. құрады. Кен орнын игерудің эксперименталдық кезеңі бойынша жұмыстар аяқталды, олардың нәтижесінде Каспий теңізінде бес жасанды арал құрылды және шамамен 40 ұңғыма бұрғыланды. ҚСКЖ қатысушыларының болжамды есептеріне сәйкес, Қашағанның шығарылатын қорлары шикі мұнайдың 7,0-9,0 млрд. баррелін құрайды. Бұрғылау тесттерінің нәтижелері шикі мұнайды өндірудің деңгейі күніне 1,5 млн. баррельді құрайтынын көрсетеді.

**Каспий Құбыр Консорциумы (КҚК) құбыры.** КҚК мұнай құбыры Теңіз және Қарашығанақ кен орындарының мұнайын тасымалдау үшін негізгі экспорттық бағдар болып табылады. Сонымен бірге КҚК Қашаған мұнайының негізгі экспорттық бағдары болатындығы күтілуде. 2009 жылы КҚК құбыры арқылы экспортқа тасымалданатын қазақстандық мұнай көлемі 28,1 млн. тоннаны құрады.

КҚК акционерлері осы құбыр арқылы мұнайды айдау көлемдеріне басым құқықтарына ие. Қазіргі уақытта ҚазМұнайГаз ҰК жылына 5,76 млн. тонна мұнайды тасымалдауға басым құқығына ие болады. Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнайды өндіру деңгейінің күтілетін өсуіне, сондай-ақ Қарашығанақ және Теңіз кен орындарында өндірістік қуаттардың жоспарланған ұлғаюына байланысты, КҚК акционерлері құбырдың өткізу қабілетін жылына 33,0 млн. тоннадан 67,0 млн. тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлайды. Жобаны іске асыру нәтижесінде ҚазМұнайГаз ҰК жылына 14,3 млн. тоннаға дейін мұнай тасымалдауға басым құқығына ие болады. КҚК акционерлері үшін кеңейту бойынша күрделі шығындар 4,5 млрд. АҚШ долл. құрайды. Жобаны аяқтау 2015 жылы күтілуде.

**ҚазТрансОйл (ҚТО) құбыры жүйесін жетілдіру.** 2010 жылы ҚТО Қазақстандағы мұнай құбыры жүйелерінің Батыс және Шығыс филиалдарының өткізу қабілетін және пайдалану қауіпсіздігін арттыру үшін 24,6 млрд. теңгені инвестициялауды жоспарлайды.

**2009-15 жж. кезеңінде мұнай өңдеу зауыттарын (МӨЗ) кешенді жетілдіру.** МӨЗ кешенді жетілдіру жоспары 2009 жылғы мамырда ҚР Үкіметімен мақұлданды. МӨЗ жетілдіру және қайта құру шеңберінде өңдеу тереңдігін ұлғайту, Euro 4 және Euro 5 стандарттарының талаптарына дейін жеткізумен бірге өндірілетін өнімнің сапасын жақсарту (қолданылатын қондырғыларды қайта құру және жаңаларды салу көзделген), жоғары бағалы мұнай-химия өнімдерін өндіру есебінен өнімнің түр-түрін кеңейту, сондай-ақ мұнайды өңдеу бойынша қуаттарды күшейту және қоршаған ортаға өңдеудің әсерін азайту жоспарланады. Келесі алты жылдың ішінде ҚазМұнайГаз ҰК Атырау, Шымкент және Павлодар МӨЗ жетілдіруге шамамен 4,1 млрд. АҚШ долл. инвестициялауды жоспарлайды.


#### **1) Эмитенттің бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.**

ҚазМұнайГаз ҰК Қазақстандағы аса ірі мұнай-газ компанияларының үштігіне кіреді. Эмитент Қазақстандағы магистралдық мұнай құбырларының және газ құбырларының ұзындығы мен өткізу қабілеті бойынша аса ірі желілерін пайдаланады. Бұдан басқа, ҚазМұнайГаз ҰК Қазақстандағы барлық үш негізгі МӨЗ-ді, сондай-ақ Румыниядағы екі МӨЗ-ді (Петромидиа және Вега) жеке дара немесе бірлесіп бақылайды.

ҚазМұнайГаз ҰК негізгі қызметі Қазақстанның аумағында жүзеге асырылатындықтан, негізгі бәсекелестер Max Petroleum, Tristan Oil, Lancaster Petroleum және басқалар сияқты тәуелсіз өндірушілер болып табылады. Мұнай мен газдың қазақстандық өндірушілері - ТШО және КПО, сондай-ақ Қазақстанның аумағында қызметті жүзеге асыратын таяу және алыс шетел мұнай-газ компанияларының тарапынан бәсекелестік байқалады.

Қазақстан Республикасындағы ҚазМұнайГаз ҰК негізгі бәсекелестері төменде көрсетілген:


Основные производители казахстанской нефти в 2009 г. (1,9 млн. баррелей в день)




Көзі: Wood Mackenzie

2009 жылы ҚазМұнайГаз ҰК көмірсутегі қорларының көлемі бойынша жиырма аса ірі әлемдік өндірушілердің құрамына кірді (14-орын). Бұдан басқа, ҚазМұнайГаз ҰК мұнай және газ қорларымен қамтамасыз етілуі бойынша көшбасшылық жағдайға ие болды.

Запасы нефти и газа на 2009 г. (млн. баррелей н.э.)



Обеспеченность запасами в 2009 г. (лет)



Көзі: John S. Herold, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Wood Mackenzie және брокерлер деректері

## 2) Қазақстан Республикасы ішіндегі орташа салалық және, егер бұл мүмкін болса, орташа дүниежүзілік көрсеткіштермен Эмитент қызметінің салыстырмалы сипаттамасы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ «Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету шаралары туралы» 2002 жылғы 20 ақпандағы №811 ҚР Президентінің Жарлығына сәйкес «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК» ЖАҚ пен «Қазақойл» ҰМК» ЖАҚ біріктіру негізінде құрылды. Бұл ҚазМұнайГаз ҰК-тың тігінен интеграцияланған мұнай компаниясы ретіндегі қызметінің негізгі бағыттарын, оның ішінде бәсекелестерімен салыстырғанда айтарлықтай мықты, әсіресе мұнай мен газ тасымалдау бөлігіндегі артықшылықтарын айқындады.

ҚазМұнайГаз ҰК еншілес тасымалдау ұйымдары – «ҚазТрансОйл» АҚ пен «Интергаз Орталық Азия» АҚ табиғи монополистер болып табылады және «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңымен реттеледі.

Эмитент ұлттық компания бола отырып, мұнай-газ саласындағы ҚР мемлекеттің мүдделерін білдіреді. ҚР Үкіметінің үкімі бойынша ҚазМұнайГаз ҰК барлауға және өндіруге әртүрлі лицензиялар мен келісім-шарттарға қатысу үлестерін немесе сатуға олар бойынша пайданы алуға осындай келісімдер немесе кәсіпорындар жағдайында өнімді бөлу туралы келісімдерді алуға мемлекеттің басым құқығының иегері болып табылады.

2008 жылғы Wood MacKenzie Working Interest-Commercial Field Reserves басылымына сәйкес.

Компаниялар	Мұнай және газ резервтері (ММВОЕ)	Резерв әдісі	Резервтер өмірі (жыл)	Өндіріс (ММВОЕ)	Өндейтін қуаттар (ММВОЕ / күн)
Gasprom Neft	7 824	SPE	30,4	257,5	591*
Gasprom	114 205	A+B+C1	40,0	2 858,8	1 635*
Lukoil	22 297	SPE	27,1	822,1	1 335*
Rosneft	30 211	PRMS	34,7	870,6	988*
TNK-BP	10 444	A+B+C1	37,4	279,5	1 155*
<b>KMG</b>	<b>6 022</b>	<b>A+B+C1</b>	<b>41,1</b>	<b>132,0</b>	<b>292</b>
Chevron	28 789	SEC	23,5	1 224,0	2 158
ConocoPhillips	19 235	SEC	23,9	803,4	2 657
ExxonMobil	36 848	SEC	23,0	1 600,3	6 231
BP	35 209	SEC	21,8	1 614,0	2 666
Repsol	4 324	SEC	13,0	331,9	1 200*
Royal Dutch Shell	34 255	SEC	26,9	1 275,0	4 000
Pemex	14 930	SEC	10,7	1 392,0	1 300*
Petrobras	20 636	SEC	21,1	979,0	2 164*
Petronas	12 977	-	26,3	493,8	151*

*Көзі FactSet, companies' reports*

*\*2008 ақпарат*

Эмитент мынадай негізгі басымдықтарға ие:

- ҚазМұнайГаз ҰК-қа қатысу үлесінің 100%-іне ие болатын мемлекет тарапынан күшті қолдау;
- Шоғырланған негізде Қазақстанда шикі мұнайдың аса ірі өндірушісі және көптеген аса ірі мұнай-газ жобаларына (ТШО, Қашаған) қатысудың едәуір үлестері;
- Өнімді бөлу туралы келісімдерге қатысты ҚР Үкіметінің мүдделерін білдіруге басым құқығы;
- Қазақстандағы аса ірі мұнай және газ құбыры желілерінің операторы;
- Қазақстандағы үш және Румыниядағы екі МӨЗ-ге қатысудың едәуір үлестері.

2010 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша магистралды құбырлар бойынша ҚазМұнайГаз ҰК мұнайының жүк айналымы 9,4 млрд. тонна / км құрады, бұл 2009 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен 4,8%-ке артық.

Кестеде негізгі мұнай өндіруші компаниялар мен Қазақстан бойынша өндірілетін шикі мұнай көлемдері көрсетілген.


(млн. тонна)

Компаниялар	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.
ТШО	13,3	13,9	17,3	22,6
«Қазмұнайгаз БӨ	9,6	9,5	9,5	9,0
Karachaganak Petroleum Operating (КПО)	10,4	11,6	11,6	11,9
CNPC-Ақтөбемұнайгаз	5,9	5,9	5,8	6,1
Маңғыстаумұнайгаз	5,7	5,7	5,6	5,7
Өзгелері	20,0	20,6	20,8	21,2
<b>Жиыны</b>	<b>64,9</b>	<b>67,2</b>	<b>70,6</b>	<b>76,5</b>


*Көзі Petroleum Journal.*

Қазақстанда 2008-2009 жж. ішінде шикі мұнайды негізгі өндірушілердің нарығы үлесінің серпіні төменде көрсетілген:

Основные производители нефти 2008 г.



Основные производители нефти 2009 г.



*Көзі Petroleum Journal.*

ҚазМұнайГаз ҰК кірістері шикі мұнайды, мұнай өнімдерін сатудан, мұнай мен газды тасымалдау шарттары бойынша төлемдерден, мұнай өнімдерін сатудан, сондай-ақ жылу мен электрэнергиясын сатуды, табиғи нысанда роялти бойынша төлемдерді және бейінді емес активтерді сатуды қосатын түсімдердің басқа да түрлерінен түседі. Аталған кірістер есептерде төрт негізгі өндірістік сегменттер бойынша көрсетіледі:

- Мұнай мен газды барлау және өндіру;
- Мұнай мен газды тасымалдау;
- Шикі мұнай мен мұнай өнімдерін өңдеу және өткізу (оның ішінде роялти түрінде);
- Қызметтің басқа да түрлері, оның ішінде жылу және электрэнергиясын жеткізу, авиатасымалдау, ақпараттық және өзге де қосалқы сервистік қызметтер.

2009 жылы аса жоғары кіріс әкелетін аса ірі өндірістік сегмент шикі мұнайды және мұнай өнімдерін өңдеу және сату болды, ал таза пайда тұрғысынан аса ірі өндірістік сегмент мұнай мен газды барлау және өндіру болды.

Шоғырланған негізде 2009 жылы Эмитенттің ақшалай түсімі 2008 жылғы 1 885,6 млрд. теңгемен салыстырғанда 1 589,5 млрд. теңгеге дейін 15,7%-ке азайды. 2009 жылы таза пайда 2008 жылғы 391,1 млрд. теңгемен салыстырғанда 190,6 млрд. теңгеге дейін 51,3%-ке төмендеді. 2009

жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырланған есептілікке сәйкес, Эмитент активтерінің жалпы көлемі 2008 жылғы 3 906,7 млрд. теңгемен салыстырғанда 5 126,0 млрд. теңгені құрады.

Қашаған кен орнын игеруді және ТШО-да өндірістік қуаттарды ұлғайтуды іске асыру ҚазМұнайГаз ҰК мұнайды өндірудің шоғырланған көлемдерін перспективада едәуір түрде көбейтуге мүмкіндік береді. 2020 жылға қарай өндіру көлемдері жаңа жобаларды ескере отырып, шамамен жылына 40 млн. тоннаны құрайды. 2013 жылға қарай МӨЗ-де жоспарланған инвестициялар есебінен мұнай өңдеуде ҚазМұнайГаз ҰК үлесі жылына 6,5 млн. тоннаға дейін (44,8%) ұлғаятындығы күтілуде. Атап айтқанда 2015 жылға қарай ҚР-да мұнайды өңдеу көлемі жылына 14,0 млн. тонна деңгейінде жоспарланады, олардың ішінен ҚазМұнайГаз ҰК үлесіне жылына 11,7 млн. тонна (83,5%) келеді.


### 3) Саланың болашақ дамуына және осы саладағы Эмитенттің жағдайына қатысты болжам.

#### Мұнай-газ саласын дамыту үрдістері

Осы Проспектіні дайындаған кезде Халықаралық энергетикалық агенттіктің (ХЭА), «Cambridge Energy Research Associates» (CERA) аналитикалық агенттігінің, Мұнай экспорттерлері елдерінің ұйымы (ОПЕК), Platts, «Финам» аналитикалық агенттігінің шолуларының, сондай-ақ Росбизнесконсалтинг материалдарының, АҚШ Энергетика министрлігінің ресми ақпаратының, мерзімді баспасөздердің және 2010 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша басқа да аналитикалық агенттіктердің ақпараты қолданы. Базалық қаралатын талдау элементі ретінде мұнайдың Brent (Brent) сорты пайдаланды.

2008-2009 жж. ішінде төмендегі кестеде көрсетілгендей мұнайдың дүниежүзілік нарығында өзгерудің жоғары деңгейі байқалды.

#### 2008 жылғы 1 қаңтардан 2010 жылғы 31 мамырға дейінгі кезеңдегі InterContinental Exchange (Лондон) Халықаралық биржасындағы Brent сортындағы мұнайға бағалардың серпіні



Көзі: Bloomberg

2008 жылдың екінші және үшінші тоқсандардағы мұнай нарығының дамуы көптеген аналитиктер мен сарапшылардың ең батыл үміттерінен асып түсті. 2008 жылдың бірінші жарты жылдығындағы өсудің негізгі факторлары басқа әлемдік валюталарға қатысты АҚШ долларының әлсіреуі, ОПЕК шектеу саясаты және тәуелсіз өндірушілердің өндіру қарқындарының баяулауы, Азия – Тынық мұхиты Аймағы (атап айтқанда, Олимпиада ойындарының шеңберіндегі ҚХР) және Парсы шығынағы тарапынан сұраныстың едәуір өсуі болды. Нәтижесінде 2008 жылғы шілдеде мұнайға әлемдік бағалар ең жоғары белгіге жетті (баррель үшін 146,0 АҚШ долл.). Алайда әлемдік экономикалық дағдарыс аясында мұнай бағалары 2008 жылдың төртінші тоқсанында баррель үшін 34,0 АҚШ долл. дейін шұғыл төмендеді. Мұнайға деген сұраныс әсіресе АҚШ-та едәуір түрде азайды, ал мұнай мен мұнай өнімдерінің коммерциялық қорлары ұлғайды, бұл мұнай нарығына едәуір теріс әсер етті. Бағалар 2009 жылдың бірінші жартысында осындай деңгейде қалды, 2009 жылдың екінші жартысында мұнай нарығында шағын түзетулермен бағалардың өсу үрдісі орнатылды. 2009 жылдың желтоқсанының аяғында мұнай бағасы баррель үшін 76,0 АҚШ долл. дейін жетті.

---

2009 жылдың басынан бастап мұнай бағасы орташа алғанда баррель үшін 44,0-тен 85,0 АҚШ долл. өсті (баррель үшін +41,0 АҚШ долл. немесе 93,2%). 2010 жылдың бірінші тоқсанында мұнайдың орташа бағасы 2009 жылдың осыған ұқсас кезеңмен салыстырғанда баррель үшін 45,0 АҚШ долл.-нан баррель үшін 77,0 АҚШ долл.-на дейін өсті, бұл 32,0 АҚШ долл. өсімді немесе 71,1% құрады. 2010 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша соңғы сауда-саттықта мұнай баррель үшін баға алдындағы сауда сессиясымен салыстырғанда 0,4 АҚШ долл. жоғалтып, баррель үшін 73,5 АҚШ долл. белгісінде жабылды.

2009 жылы және 2010 жылдың бірінші тоқсанында мұнай нарығының серпінін айқындайтын негізгі факторлар:

- Әлемнің дамыған және өсуші экономикаларында әлемдік экономиканың іргелі көрсеткіштері және энергия тасығыштарына сұраныстың серпіні;
- Сұраныс пен ұсыныстың ағымдағы арақатынасы, сондай-ақ перспективаға мұнай мен мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныс болжамы;
- ОПЕК-тің, сондай-ақ осы ұйымға кірмейтін мұнай өндіруші елдердің бағалар деңгейін сақтау мақсатымен мұнай өндіруді реттеу қабілеті;
- Әлемнің дамыған экономикаларының арасындағы мемлекеттік қарыздың өсуі (АҚШ, Ұлыбритания);
- Жаңа техника мен технологияның дамуы;
- Тоқсан сайынғы қаржы есептері, қаржы және корпоративтік жаңалықтар, атап айтқанда мұнай-газ индустриясына қатысты, сондай-ақ әлемнің аса ірі және дамушы экономикаларының макроэкономикалық деректері және банк секторын реттеудегі соңғы өзгерістер;
- АҚШ сақтау қоймаларында мұнай және мұнай өнімдерінің қорлары туралы деректер;
- Бірінші кезекте Таяу және Орта Шығыстағы әлемнің мұнай өндіретін аймақтарындағы экономикалық және саяси оқиғалар;
- Басқа әлемдік валюталармен салыстырғанда АҚШ долларының серпіні;
- Маусымдық фактор (АҚШ-та жазғы автомобильдік маусымның басталуы және МӨЗ тарапынан мұнайға сұраныстың күшеюі және америкалық МӨЗ жұмысындағы іркілістер);
- Геосаяси фактор, оның ішінде ланкестік актілер қаупі;
- BP британдық компаниясының мұнай өндіретін платформасының жарылуы нәтижесіндегі Мексика шығанағындағы жай-күй және мұнайдың ағуын жою бойынша жұмыстар нәтижелері;
- Грецияның қарыздық дағдарысы және Еуроаймаққа және бірыңғай валютаға сенімді қалпына келтіру, сондай-ақ бюджет дефицитін азайту жөніндегі шаралар нәтижелері;
- Әлемдік мұнай нарығында спекулятивтік операциялардың күшеюі («шикізат» көпіршігі).

### **Мұнай өнімдеріне бағалар**

Ақшыл мұнай өнімдері (бензин, дизель отыны, керосин) және қара мұнай өнімдері (мазут, гудрон) нарықтың негізгі ассортиментін жасайды, ал мұнай өнімдеріне бағалар әлемнің барлық дамыған елдерінің экономикалық және әлеуметтік саясатын айқындайды.

2008 жылдың бірінші жартысында ақшыл мұнай өнімдеріне, атап айтқанда газойл нарығында сұраныстың едәуір өсуі үрдісі байқалды. Алайда әлемдік экономикалық дағдарыс аясында дизель сияқты мұнай өнімдеріне бағалар едәуір тез түсті, бұл мұнай өнімінің бағасы мен шикі мұнай бағасы арасындағы айырмашылық деп айқындалатын «крек спредке» теріс әсер етті.

---

Сұраныс деңгейінің түсуінің нәтижесінде мұнай өнімдерін бөлшектік өткізу көлемі төмендеді, бұл МӨЗ кірістілігінің едәуір түрде төмендеуіне әкелді.

Барлық 2009 жылдың ішінде мұнай өнімдері нарығының серпіні мұнай нарығындағы жай-күймен айқындалды. 2009 жылдың екінші жартысында экономикалық құлдырау мен сұраныстың азаюына қарамастан, энергия тасығыштарға бағалар өсуінің аясында мұнай өнімдерінің барлық түрлеріне бағалар өсуі байқалды. Жоғарыоктанды, қарапайым бензинге және пеш отынына бағалар аса жоғары өсті.

2010 жылдың бірінші тоқсанында экономикалық өсумен бірге мұнай өнімдеріне сұраныстың жақсаруы сектордың қызметіне оң жағынан әсер етті. Нарықта қалыптасқан жағдайды нарық өсуінің тұрақтылығы және МӨЗ кірістілігі деңгейінің ұлғаюы дәлелдеді. Демалыстың дәстүрлі жазғы кезеңі осы жылдың екінші және үшінші тоқсандарында бензинге әлемдік сұраныстың ұлғаюына әсер ететіні күтілуде.

### **Мұнай өнімдерінің қазақстандық нарығы**

Мұнай мен мұнай өнімдеріне әлемдік бағалардың ауытқуы, мұнай мен мұнай өнімдерін әлемдік тұтынудың өсуі, сондай-ақ Қазақстандық МӨЗ-дің әлсіз өндірістік қуаты мұнай өнімдерінің ішкі нарығының серпіні мен конъюктурасына әсер етеді. Мұнай өнімдеріне бағалардың өсуіне әсер ететін сыртқы факторлардан басқа, ішкі факторлар да әсер етеді:

- Бәсекелестіктің дамымауы;
- Мұнай өнімдерін өндіру және өткізу нарығының жоғары аффилиирленуі;
- Қолданылатын МӨЗ инфрақұрылымына басқа субъектілердің шектеулі қол жеткізуі.

Қазақстандағы мұнай өнімдерінің нарығы монополизацияланған болып табылады. «ПетроҚазақстан» АҚ, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ және Helios ішкі нарықтың 70,0%-нен астамын бақылайды.

Қазіргі уақытта үш МӨЗ жұмыс істейді, олардың жобалық қуаты ішкі нарықтағы сұранысты жабу үшін қажетті көлемдерде мұнай өнімдерін өндіруге мүмкіндік бермейді. Мұнай өнімдерінің нарығындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында ҚР Монополияға қарсы агенттігінің қатысуымен ҚР Үкіметінің тапсырмасына сәйкес қажетті шаралар әзірленді, олар:


- МӨЗ-ге мұнай жеткізуді ұлғайтуға;
- Ішкі нарыққа қажетті көлемде жоғары октанды бензин импортын қамтамасыз етуге;
- Мұнай өнімдерін өндіру және тұтыну балансын айқындауға;
- Атырау, Павлодар және Шымкент үш МӨЗ-ді жетілдіру және қалпына келтіру бойынша жоспарды іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мұнай өнімдерінің нарығындағы жағдайда тұрақтандыру мақсатында, ҚР Монополияға қарсы агенттігінің жанында мұнай өнімдерінің қазақстандық нарығындағы бәсекелестікті дамыту және қорғау бойынша Сарапшылық кеңес құрылды, оның құрамына мемлекеттік органдардың, мұнай өнімдерінің және МӨЗ нарығы субъектілерінің өкілдері кірді. Монополияға қарсы агенттік тұрақты негізде мұнай өнімдерінің тапшылығы мен оған бағалардың негізделмеген өсу фактілерін бұлтартпау үшін бағалардың мониторингі жүргізіледі.

Мұнай өнімдерінің ішкі нарығында басым жағдай алатын компаниялардың бағаларын ҚР табиғи монополияларды реттеу жөніндегі агенттігі реттейді және әлемдіктен едәуір төмен деңгейде орналасқан. Сонымен бірге, авиакеросин сияқты мұнай өнімдерінің жеке түрлеріне түпкілікті бағалар, бағаларды 50,0–80,0% ұлғайтатын делдалдардың әсерінен соңғы тұтынушы үшін жоғары болып қалады.



## Мұнай мен мұнай өнімдеріне сұраныс




Көзі: International Energy Agency, Oil Market Report

Халықаралық энергетикалық агенттік (ХЭА) экономиканың қалпына келуін күтіп, 2010 жылы мұнайға сұраныс болжамын жоғарылатқан есепті жариялады. ХЭА болжамдары бойынша әлемдік сұраныс негізінен Қытай мен Үндістан арқасында өсетін болады. Өз жағынан ОПЕК сарапшылары осы елдерді «әлемдік экономиканың дамуының негізгі локомотивтері» деп белгіледі.

ОПЕК болжамдарына сәйкес 2010 жылы әлемдік экономиканың өсуі 3,5% өзгермейтін деңгейде қалады. АҚШ-та, Жапонияда және Қытайда экономикалық жай-күйдің қалпына келуінің белгілері байқалған уақытта Еуроаймаққа қатысушы елдер Грецияның мемлекеттік қарызына байланысты дағдарыстың жанама әсерін алады. ЭЫДҰ деректері бойынша АҚШ бойынша болжам жылына 2,6% бастап 2,8% дейін ұлғайтылды, ал Еуроаймақ бойынша болжамды қайта қарау тиісті көрсеткіштің жылына 0,7% бастап 0,6% дейін төмендетуге әкелді. 2010 жылы Қытайда 9,5%, ал Үндістанда 7,1% өсетіні күтілуде. Осыған байланысты ОПЕК сарапшылары әлемдік экономикада мұнай тұтыну алдыңғы жылмен салыстырғанда ұлғаятынын күтуде.

ОПЕК және ХЭА сарапшылары 2009 жыл мұнайға әлемдік сұраныс үшін ең нашар болғандығымен келісті. Алайда сарапшылар 2010 жылы жағымсыз тренд жағымдыға орын береді деп есептейді.

## Мұнай мен мұнай өнімдерінің ұсынысы



Көзі: International Energy Agency, Oil Market Report

\* Қазақстанды қоса алады

2009 жылдың екінші тоқсанындағы басты оқиғаның бірі ОПЕК министрлерінің отырысы болды (2009 жылғы 28 мамыр) және картель елінің мұнайды өңдеу деңгейін реттеумен байланысты кұтулер. Екінші тоқсанда мұнайға бағалардың серпініне отынға бағалардың едәуір төмендеуіне жауап ретінде өндірудің едәуір қысқаруы әсер етті. ОПЕК қатысушылары мәлімдеген өндіру көлемінің күніне 4,2 млн. баррельден күніне 24,845 млн. баррельге дейін қысқаруы мұнай нарығына қолдауды көрсетті.

Өндіру ұлғаюына дәстүрлі әсер ететін екінші тоқсандағы бағалар өсуін ескере отырып, ОПЕК елдерімен квоталарды қатаң емес сақталуын белгілеп өту керек. Осылайша 2008 жылғы қыркүйекте бір күнде алынған 4,2 млн. баррельге өндіріс қысқаруы туралы міндеттемелердің шеңберінде ОПЕК -11 қатысушы елдері өндіру көлемін күніне 3,1 млн. баррельге ғана төмендетті.

Сарапшылардың бағалауы бойынша ОПЕК құрамына кірмейтін елдердің мұнайды жеткізу күніне 0.7 млн. баррельге дейін ұлғайды, жоғарылау жағына қайта қарау нәтижесінде өндірудің жалпы көлемі күніне 100,0 мың баррельді құрады.

Болжамдар бойынша, ОПЕК елдерінің газ конденсаты сұйықтығын және дәстүрлі емес мұнай өнімдерін өндіру 2010 жылы орташа алғанда күніне 4,9 млн. баррельді құрайды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда күніне 0,5 млн. баррельге көп. 2010 жылдың бірінші тоқсанында ОПЕК елдері жеткізетін мұнай орташа алғанда күніне 29,25 млн. баррельді құрады, бұл 2009 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда күніне 1,15 млн. баррельге көп.

2010 жылы ОПЕК құрамына кірмейтін елдердің мұнайды жеткізу бойынша болжамдары күніне 0,5 млн. баррель деңгейінде күніне 30,0 мың баррельге ұлғайтуды ескеріп қайта қаралды. Түзетулер негізінен нақты өндіруге қатысты алдын ала деректерді шығарумен шартталды.

ОПЕК болжамдарына сәйкес мұнайды қазақстандық өндіру 2010 жылы орташа алғанда күніне 1,6 млн. баррельді құрайды, бұл 2009 жылмен салыстырғанда күніне 70,0 мың баррельге көп. Болжамды өсу қазақстандық кен орындарындағы (Теңіз, Қарашығанақ) өндіріс ұлғаюының есебінен жеткізіледі. Wood Mackenzie деректері бойынша қазақстандық кен орындарындағы мұнайдың дәлелденген қорлары 35,1 млрд. баррельдерді құрайды, қорлар 65 жылға есептелген.

#### **2010 жылдың екінші жартысындағы әлемдік нарықтардағы жай-күйдің болжамы.**

##### **Сұраныс пен ұсыныс балансы және аналитиктердің болжамдары**

ХЭА болжамына сәйкес мұнай және мұнай өнімдеріне әлемдік сұраныс 2010 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда күніне 1,6 млн. баррельге ұлғаятыны күтілуде. Әлемдік экономиканың жақсару процесі жүріп жатқандығына қарамастан, бұрынғыдай, экономикалық өсу қарқындарының баяулауының едәуір тәуекелі бар, ол өз орнында, ағымдағы жылы мұнай және мұнай өнімдерін тұтынудың күтілетін өсуіне әсер ете алады.

Қазіргі сәтке дейін Қытайдың тұтынуы мұнай мен мұнай өнімдеріне сұраныстың өсуіне жағдай жасайтын негізгі елдердің бірі болып табылады, бұл ретте энергия тұтынудың жалпы көлемінде Қытай үлесі әлемде бензинге (4,5%) және дизель отынына (5,0%) бөлшек бағалардың жақын арадағы өсуіне қарамастан жылдың аяғына дейін өзгермейтін деңгейде қалатыны күтілуде.

Әлемдік экономиканың қалпына келтіру қарқындарының тұрақтылығына қатысты нарықтағы ағымдағы скептицизм да мұнайға бағалардың тұрақсыздығына әсер етті. 2010 жылдың бірінші жартысында баррель үшін 69,6 долл. белгісіне (2010 ж. 20 мамыр) дейін 19,0 АҚШ долл. төмендегеннің алдында Brent сорттындағы мұнайдың құны баррель үшін 88,8 АҚШ долл. (2010 ж. 03 мамыр) жетті. Осыншама күшті тұрақсыздық мұнай мен мұнай өнімдеріне сұраныс пен ұсыныс балансының іргелі көрсеткіштерімен емес, қаржы нарықтарындағы жағдайдың теріс әсерімен туындады.

Басқа жағынан мұнайға деген ұсыныс жоғары деңгейде қалады, ал ОПЕК елдерінің мұнай өндірісінің қысқаруы оның қорларының қажетті төмендеуіне әкелген жоқ.

2010 жылғы 31 мамырда осы консенсус болжамды Bloomberg дайындады:

Тауар	Биржа	Ағымдағы баға	Бір жылға арналған бағалардың орташа болжамы			
			2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.

Тауар	Биржа	Ағымдағы баға	Бір жылға арналған бағалардың орташа болжамы			
			2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.
Brent мұнайы, баррель үшін АҚШ долл.	ICE	74,0	80,5	90,0	92,5	88,5
WTI мұнайы, баррель үшін АҚШ долл.	NYMEX	74,4	80,0	87,5	95,5	93,8
Henry Hub табиғи газы, mmbtu үшін АҚШ долл.	NYMEX	4,3	5,3	6,5	6,8	7,0
NBP табиғи газы, therm (терм) үшін пенс	UK	36,65	52,3	49,5	52,3	-

баррель үшін АҚШ долл.	2010 ж. 2 -т.	2010 ж. 3-т.	2010 ж. 4-т.	2011 ж. 1-т.
Консенсус	79,0	77,0	78,4	79,9

Көзі: *Bloomberg*

### Газ нарығы

Табиғи газ нарықтары елден елге едәуір түрде вариацияланатын бағалармен бірге оқшаулануына қабілетті. Азия мен Еуропада табиғи газ нарықтары мұнай өнімдеріне бағалардың әсеріне қатты ұшырайды. Табиғи газдың сатылуының ұлғаюымен бірге баға белгілеу механизмдері табиғи газдың ғаламдық нарығына жол салып дамитыны күтілуде.

Континенталдық Еуропаға импортталатын газдың едәуір бөлігі ұзақ мерзімді келісім-шарттардың негізінде жүзеге асырылады. Баға белгілеу баламалы энергия тасығыштарының бағасымен бағаның байланысуына негізделген – әдетте «мұнай өнімдерінің қоржындары»: газды тұтынудың ұлттық құрылымының ерекшеліктерін көрсететін әртүрлі салмақтармен газойл және мазут. Газ бағасын индексациялау формуласында уақытша лага (көбінесе алтыдан тоғыз айға дейін) болуында көрсетілетін еуропа газ нарығындағы баға белгілеу спецификасының күшіне табиғи газға экспорттық бағалардың серпіні мұнай мен мұнай өнімдеріне бағалардың өзгеруінен артта қалуда. Дегенмен, газға бағаның серпіні мұнай және мұнай өнімдерінің нарығындағы жағдайды бейнелейді.

Ұлыбританиядағы National Balancing Point (NBP) және Нидерландтағы Title Transfer Facility (TTF) сияқты Еуропа сауда алаңдарында газды сатып алу-сатуға байланысты операциялар барынша сауда тартымдылығымен тауар ретінде үлкен мәнге ие болады. Осы мәмілелерге бағалар мұнайға бағаларға тікелей байланысты емес. 2009 жылы осы нарықтар газ бен электр энергиясын тұтынудың бөлшек бағаларының үрдісіне әсер еткен газға бағалардың едәуір төмендеуін байқады. Мысалы, 2009 жылы Германияда газға бөлшек бағалар халық үшін 2,0%-ке және өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін 6,0%-ке төмендеді. Дәл осындай үрдіс Еуропаның басқа да елдерінде байқалды.

2010 жылға жасасқан форвардтық келісім-шарттар бойынша 2009 жылғы баға TTF нарығында МВт-сағат үшін орташа 18,0 еуроны құрады, бұл 2008 жылы 2009 жылға жасасқан форвардтық келісім-шарттардың бағасымен салыстырғанда 41,0%-ке төмен.

2009 жылдың ішінде газдың еуропалық нарығында байқалған үрдіс 2010 жылдың бірінші тоқсанында жалғасты. 2010 жылдың бірінші жартысында 2011 жылға жасалған форвардтық келісім-шарттар бойынша баға TTF нарығында МВт-сағат үшін орташа алғанда 17,0 еуроны құрады, бұл 2009 жылы 2010 жылға жасалған форвардтық келісім-шарттардың бағасымен салыстырғанда 4,0 еуроға төмен.

Әлемдік экономиканы дамытудың аса маңызды ресурсы ретінде табиғи газ рөлі өсуде. Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыспен туындаған 2009 жылы әлемдік энергия тұтынуының төмендеуіне (шамамен 2,0%-ке) қарамастан, әлемдік энергия тұтынушылары халық санының ұлғаюына және дамушы елдердегі өнеркәсіптік өндірістің өсуіне қарай әлемдік энергия

---

тұтынушылары ұлғаятыны күтілуде. Салалар қимасында электр энергетикасы едәуір түрде өседі (54,0%-ке ұлғаю).

## **Қазақстанның газ нарығы**

Wood Mackenzie деректерінің негізінде, 2009 жылы газдың дәлелденген қорлары 3,7 трлн. м<sup>3</sup> және өндіру деңгейі 35,6 млрд. м<sup>3</sup> құрады. Газ қорлары 104 жылға есептелген.

Әлемдік қаржы дағдарысынан энергия тасығыштарға әлемдік сұраныстың ағымдағы әлсіреуіне қарамастан, ұзақ мерзімді перспективада 2030 жылға қарай Еуропада табиғи газды жалпы тұтыну 2005 жылдағы 540 млрд. м<sup>3</sup> салыстырғанда 700 млрд. м<sup>3</sup> дейін өсетіні болжамданады, олардың ішінен 480 млрд. м<sup>3</sup> Еуропаға газды импорттық жеткізу есебінен қамтамасыз етіледі. Алдын-ала деректер бойынша, «Газпром» ААҚ ішкі өндірісі мен оның экспорттық міндеттемелері арасындағы алшақтық 2010 жылы 200 бастап 300 млрд. м<sup>3</sup> дейін құрайды. 200 млрд. м<sup>3</sup> «Газпром» ААҚ ішкі көздері есебінен қамтамасыз етілетіні күтілуде. «Газпром» ААҚ өндірісінің ұзақ мерзімді көлемдерінің өсуінің төменгі қарқындарын есепке ала отырып, қосымша 100 млрд. м<sup>3</sup> Өзбекстаннан, Қазақстаннан және Түрікменстаннан газды сыртқы жеткізу есебінен қамтамасыз етіледі.

ҚР Үкіметі газ саласын жақсарту, газ тасымалдау жүйесінің транзиттік әлеуетін ұлғайту, ішкі газ тарату жүйесін оңалту, ішкі нарықта табиғи газды тұтынудың өсуі, елдердің аймақтарын газдандандыру, Қазақстандық газ кен орындарын барлау және игеру бойынша бірқатар міндеттерді қойды.

Алдағы бес жыл ішінде Қазақстанда (басты түрде Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарынан) газ өндіру көлемдерінің едәуір өсуі күтілуде. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Орта Азиялық аймақта газ тасымалдау көлемдерінің және транзит бойынша қызметтерге сұраныстың едәуір өсуі күтілуде, бұл Қазақстанның контрагент ретінде ұстанымдарын нығайтуға әкеледі. Атап айтқанда, Түрікменстанның экономикасы валюталық түсімдердің негізгі көзі болып табылатын газ экспортынан қатты тәуелді болады. Қазіргі уақытта Қазақстан түркімен газын жеткізу үшін қолданыстағы жалғыз экспорттық бағдар болып қалуда.

### **Мұнай-газ саласындағы ҚазМұнайГаз ҰК орны**

ҚазМұнайГаз ҰК өзінің негізгі стратегиялық мақсаты – Қазақстанда жетекші мұнай-газ компаниясы ретінде өзінің ұстанымдарын ұстанады. Әлемдік экономикалық дағдарысқа және мұнайға бағалардың төмендеуіне қарамастан, Эмитент барлық мұнай өндіру саласының қызметінде көрсетілетін осы факторлардың әсерін жеңе алады.

ҚазМұнайГаз ҰК стратегиясының негізгі міндеттері:

- Мұнай мен газды барлау және өндіру бойынша операцияларды кеңейту есебінен өсуді, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада экспортты қамтамасыз ету үшін мұнай мен газдың экспорттық бағдарларын кеңейтуді және әртараптандыруды қамтамасыз ету;
- Өндірісті жетілдіру және операциялар тиімділігін арттыру арқылы қолдағы күшті ұстанымдарды ұстау, сондай-ақ өндірістік қызметтің жоғары стандарттарына қол жеткізу және өтімділікті арттыру;
- Соңғы тұтынушылар нарықтарына қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін шетел мұнай тасымалдау активтерінде таңдамалы қатысу үлестерін сатып алуды жүзеге асыру;
- Жергілікті коммерциялық және өндірістік құзыретті пайдалану есебінен жергілікті нарықтағы бәсекелестік басымдықтарды дамыту;
- Ашық және күрделі емес ұйымдық құрылымды енгізу, сондай-ақ тиімді басқару мәдениетін дамыту;
- 2015 жылы жобалар операторы мәртебесін алу, атап айтқанда Түрікменстанда, Әзірбайжанда, Өзбекстанда және Ресейде жобаларға және оператор құқығына қол жеткізу болып табылады.

### **Барлау және өндіру сегментінде**

Барлау және өндіру сегменті –ҚазМұнайГаз ҰК жүйе құрушы негізі. Оның қарқынды дамуы ҚазМұнайГаз ҰК мұнай тасымалдауда; мұнай өңдеуде, мұнай-химияда, мұнай мен мұнай маркетингінде; газ бизнесінде өсу мүмкіндіктерін айқындайтын болады. Барлау және өндіру

сегментіндегі стратегияның негізгі міндеттері өндірудің жалпы көлемін ұлғайту және жаңа активтерді сатып алу арқылы көмірсутегі қорларын толықтыру, сондай-ақ геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу және негізгі кен орындарында өндірісті оңтайландыру болып табылады.

Өндіру көлемдерінің едәуір ұлғаюы қазақстандық активтерде үлесті белсенді сатып алу арқасында мүмкін болды: бүгінгі күні Эмитент «Қазгермұнай» АҚ (50,0%), «ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33,0%) және СІТІС Canada Energy Limited (CCEL) (50,0%) компанияларында қатысу үлестеріне ие. ҚазМұнайГаз ҰК компаниялар тобы бойынша мұнайды өндірудің негізгі көлемі ҚМГ БӨ және ТШО үлесіне тиесілі.

#### **ҚазМұнайГаз ҰК қатысуымен ұйымдар бойынша мұнай мен газ конденсатын шоғырланған өндіру**

(мың тонна)

Атауы	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж. 1-тоқ.
ҚМГ БӨ	9 548	9 486	8 977	2 088
ТШО	2 786	3 455	4 505	1 290
ПетроҚазақстан	2 238	2 110	2 077	487
Қазгермұнай	1 527	1 570	1 601	388
Қаражанбасмұнай	-	914	934	223
Қазақойл Ақтөбе	435	39	468	109
Қазахтүрікмұнай	129	111	113	28
ММГ	-	-	-	696
ҚТГ	26	26	26	6
<b>Жиыны</b>	<b>16 689</b>	<b>17 711</b>	<b>18 701</b>	<b>5 315</b>

Орташа мерзімді перспективада қазақстандық мұнайды өндіру көлеміндегі ҚазМұнайГаз ҰК үлесі төмендейтіні күтілуде, себебі ҚазМұнайГаз ҰК өндірудің барынша мол өсімі жоспарланатын аса ірі жобаларда (Теңіз, Қашаған) кіші үлеске ие. Газдың өндіру қорлары мен көлімдері бойынша қазақстандық нарықтағы ҚазМұнайГаз ҰК ұстанымдары негізінен Қарашығанақ кен орнындағы үлестің жоқтығынан әлсіз болып табылады.

Барлау және өндіру сегментін дамытуыдың негізгі бағыттарының бірі көмірсутегілердің халықаралық нарықтарына шығу болып табылады. ҚМГ БӨ қызығуларының географиясы жақын шетел елдеріне, атап айтқанда Түрікменстанға және Ресей Федерациясына таралады. Қызметті кеңейту үшін тартымды аймақтар Таяу Шығыс, Солтүстік Африка елдері және басқа да аймақтар болып табылады. ҚМГ БӨ қызметінің географиясын кеңейту оған халықаралық нарыққа шығуға, перспективалық мұнай-газ жобаларында тәжірибе алуға, оның ішінде оффшорлық, мұнайды барлау және өндірудің қазіргі технологияларына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта ҚазМұнайГаз ҰК Қазақстандағы және оның шекарасынан тыс ірі және күрделі жобаларды (Қашаған, ТШО) дербес игеру үшін жеткілікті ресурстары (қаржы, технологиялар) жоқ. Осыған байланысты Эмитент шетел жобаларына қол жеткізу үшін шетел әріптестермен ынтымақтастықты бастапқы кезеңде дамытатын болады.

#### **Ахуалдық (SWOT) талдау**

Күшті жақтары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық компанияның мәртебесі;</li> <li>• сұйық көмірсутегілердің қорлары 795,5 млн. тоннаны құрайды (2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша);</li> <li>• ғаламдық мәні бар Теңіз және Қашаған жобаларына үлестік қатысу;</li> <li>• қолма-қол ақшаның айтарлықтай көлемі;</li> </ul>
Әлсіз жақтары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• «ескірген» және қатты тозған активтер санының өсуі;</li> <li>• әлемнің мұнай-газ саласының көшбасшыларынан техникалық</li> </ul>

	<p>және технологиялық тұрғыдан артта қалуы;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• әлеуметтік жүктеменің жоғары деңгейі;</li> <li>• газ қорлары мен өндіру көлемдерінің аз болуы;</li> <li>• Қарашығанақ кен орнын игеру бойынша жобалада үлесінің болмауы;</li> </ul>
Мүмкіндіктері	<ul style="list-style-type: none"> <li>• мұнай баламасы 1,3 млрд. тоннадан астам жиынтық болжамды шығарылып жатқан көмірсутегі шикізаты бар жобалар портфелі мен перспективалық жобалар;</li> <li>• Қазақстандағы жобаларға тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниялары ТИМК тарапынан жоғары қызығушылық;</li> <li>• шетелдік жобалар және ауыр мұнай кен орындарын игеру жобалары есебінен активтер портфелін әртараптандыру;</li> <li>• ілеспе газды коммерциялау;</li> </ul>
Қауіптер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• геологиялық тәуекелдер (күтілетін ресурстардың расталмауы);</li> <li>• көмірсутегі шикізатының кен орындарын барлау және игеру жобаларының көп қаржы талап етуінің өсуі;</li> <li>• өндірудің өзіндік құнының өсуі;</li> <li>• баға конъюнктурасы;</li> <li>• экологиялық тәуекелдер;</li> <li>• салалық ғылымның болмауы;</li> <li>• сервистік инфрақұрылым қуаттарының тапшылығы.</li> </ul>

### Мұнай тасымалдау сегментінде

Мұнай тасымалдау жүйелері ҚР-дың экономикалық және энергетикалық қауіпсіздігінің негізгі элементтерінің бірі, сондай-ақ ҚР-дың ғаламдық экономикаға интеграциялануының құралы болып табылады.

Қазақстанның магистралды мұнай құбырлары бойынша мұнай тасымалдауды ҚазМұнайГаз ҰК еншілес ұйымы – «ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО) жүзеге асырады. ҚТО экспортқа және ішкі нарыққа мұнайды іркіліссіз тасымалдауды қамтамасыз етеді және барлық жүк жөнелтушілер үшін магистралды құбырлар жүйесіне тең қол жеткізуді беру қағидатымен жұмыс істейді. Эмитенттің магистралды мұнай құбырларының желісі 7 270 км құрайды, олардың ішіннен ҚТО үлесіне шамамен 5 071 км тиесілі.

ҚТО-ға Кенқияқ-Атырау және Атасу-Алашанькоу магистралды мұнай құбырларының иеленушілері болып табылатын «МұнайТас» Солтүстік-Батыс құбыр компаниясы» АҚ компаниясына 51,0% қатысу және «Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС-ке 50,0% қатысу тиесілі. Бұдан басқа, 2008 жылдың басында ҚТО Батуми мұнай терминалына 100,0% қатысу үлесінің, сондай-ақ тиімді стратегиялық және геосаяси орналасқан жеріне ие Батуми теңіз портын басқарудың айрықша құқығына ие болды. Нәтижесінде Дүниежүзілік мұхитқа тікелей шығумен Қара теңіздегі мұнай тасымалдау активтері бірінші рет сатып алынды.

Қазіргі уақытта ҚТО магистралды құбырлар жүйесін дамыту бағдарламасын іске асыру процесінде. Осы бағдарламаның мақсаты мұнай құбырларының сенімділігін арттыруға және жетілдіруге, сондай-ақ қолданыстағы мұнай құбырларының өткізуші қабілетін кеңейтуге және ұзақ мерзімді перспективада тасымалдаудың жаңа бағдарларын жасауға негізделеді. Мұнай экспортының бағыттарын әртараптандыру ҚР Үкіметінің ұзақ мерзімді саяси және экономикалық басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылып жатыр.

### Ахуалдық (SWOT) талдау

Күшті жақтары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ҚР-да магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдау</li> </ul>
---------------	---

	<p>секторындағы үстемдік орны;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Каспий теңізінде өзінің танкерлік флотының болуы;</li> <li>• тұрақты ақша ағындары;</li> <li>• ҚазМұнайГаз ҰК бақылайтын шетелдік активтердің болуы;</li> </ul>
Әлсіз жақтары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• мұнай тасымалдау жүйесінің жекелеген учаскелерінің әбден тозуының жоғары деңгейі;</li> <li>• қазіргі мұнай құбырлары жүйесінің жекелеген учаскелерін жүктеудің төмен деңгейі;</li> <li>• активтер қызметтің әлеуметтік-бағытталған түрлерін қамтиды (магистральдық су құбыры және басқалары);</li> <li>• Каспий теңізіндегі танкерлік тасымалдау нарығында үлесінің аз болуы;</li> </ul>
Мүмкіндіктер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• мұнай тасымалдау жүйесінің техникалық интеграциясының аяқталуы;</li> <li>• мұнай өндіру көлемдерінің өсуінің жоғары әлеуеті және мұнай өндіру компанияларының жаңа экспорттық мұнай құбырларын салу және қолда бар мұнай құбырларын кеңейту жобаларын қолдауға дайын болуы;</li> <li>• транзиттік елдердің арасындағы бәсекелестіктің жоғары деңгейі;</li> <li>• ҚР-да жаңа мұнай құбырларын және экспорттық терминалдарды салу, шетелдегі жобаларға қатысу (мұнай құбырлары, терминалдар, флот) жобалары бойынша ҚР Үкіметінің қолдауы;</li> </ul>
Қауіптер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• мұнай құбырларын салу және қайта жаңғырту жобаларының көп қаржы талап етуінің өсуі;</li> <li>• транзиттік елдердің тәуекелдері;</li> <li>• Каспий маңы елдерінің танкерлік флоттарымен бәсекелесу шарттарының ашық болмауы;</li> <li>• елдің батыс аймағында су тұтынудың өсуіне байланысты мұнай тасымалдаудан түсетін кірістер есебінен су жеткізу қызметтерін субсидиялау көлемдерінің ұлғаюы.</li> </ul>

### Мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін өткізу сегментінде

Мұнай өңдеу саласын дамыту ҚР энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономикасының өсу қарқынын сақтау үшін өте маңызды болып табылады.

2009 жылы ҚазМұнайГаз ҰК компаниялар тобының мұнайды өңдеуі 2008 жылғы 10,3 млн. тоннамен салыстырғанда 15,2 млн. тоннаны құрады. Осындай едәуір ұлғайту Павлодар МӨЗ-ге қатысу үлесінің 100,0%-ін сатып алудың арқасында мүмкін болды.

ҚазМұнайГаз ҰК тобына кіретін МӨЗ-де мұнайды өңдеу көлемдері мына кестеде көрсетілді:

Атауы	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж. 1-тоқ.
Атырау МӨЗ	3 701	3 925	3 678	968
Шымкент МӨЗ	1 011	2 154	3 802	628
Павлодар МӨЗ	-	-	3 763	1 281
Петромидиа МӨЗ	-	4 237	3 923	985

(мың тонна)



Атауы	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж. 1-тоқ.
Жиыны	4 712	10 316	15 166	3 862


### Мұнай өңдеу секторындағы халықаралық қызмет

The Rompetrol Group (TRG) румын мұнай-газ компаниясына 100,0% қатысу үлесін сатып алу Эмитентке екі румын мұнай өңдеу зауытына, сондай-ақ Еуропада автомобильге жанармай құю станцияларының бөлшектік желісіне қол жеткізуге жағдай жасады.

Rompetrol құрамына екі мұнай өңдейтін зауыты (Петромидиа және Вега) және Еуропа елдеріндегі (Румыния, Франция, Испания, Молдова, Украина, Болгария, Албания, Грузия) 902 автомобильге жанармай құю станциялары кіреді. Rompetrol Түркияға, Украинаға, Хорватияға, Молдавияға мұнай өнімдерін жеткізеді, сондай-ақ танкерлерді жалдауға ұзақ мерзімді бес жылдық келісім-шартқа ие. Rompetrol Румынияның ішкі нарығында да, Шығыс Еуропа нарығында да полиэтилендердің және полипропилендердің жетекші өндірушісі болып табылады. Компанияның басты офісі Нидерландта орналасқан, операциялар мен активтердің көпшілігі Францияда, Румынияда, Испанияда және Оңтүстік-Шығыс Еуропада орналасқан. Бүгінгі күні Rompetrol құрамында әлемнің 13 елінде сегіз мыңнан астам жоғары білікті қызметкерлер жұмыс жасайды.

Эмитент осы активтерге өзінің еншілес ұйымы «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ (ҚМГ СҮ) арқылы иелік етеді. Ішкі және сыртқы нарықтардағы мұнай және мұнай өнімдерінің маркетингі және мұнайды өткізу ҚМГ СҮ арқылы жүзеге асырылады. ҚМГ СҮ экспорттық жөнелтудің негізгі көлемдерін ҚМГ БӨ компаниясы өндіретін мұнай және роялти түрінде қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылардан алынған мұнай көлемдері құрайды.

ҚМГ СҮ-де мұнай экспортының жалпы көлемі 2009 жылы 7 054 мың тоннаны құрады, бұл 2008 жылдағы деңгейден 24,7% төмен. 2009 жылы ішкі нарықтағы мұнай өнімдерін бөлшектік өткізу Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Қазақстанның батыс, солтүстік және шығыс аймақтарында орналасқан ҚМГ СҮ автомобильге жанармай құю станцияларының желісі арқылы жүзеге асырылды. ҚМГ СҮ жоғары сапалы бензиндерді, дизель отынын және авиакеросинді қоса алғанда, мұнай өнімдерінің кең ассортиментін өткізеді. 2009 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ҚМГ СҮ мұнай өнімдерін бөлшектік сату көлемі бойынша екінші ірі компания болды және нарық үлесінің 21% ие болды.



Көзі: Деректерді Эмитент ұсынды

ҚазМұнайГаз ҰК шикізатпен қамтамасыз ету, мұнай өңдеу саласын қайта жаңғырту және мұнай-химияны дамыту мәселелерін шешу бөлігінде ҚР Үкіметінің тарапынан белсенді қолдауға мұқтаж болып отыр.

### Ахуалдық (SWOT) талдау

Күшті жақтары	<ul style="list-style-type: none"> <li>ҚР мұнай өңдеу нарығындағы күшті позициялары (АМӨЗ, ПКОП, ПМХЗ);</li> <li>шетелде меншікті өңдеу қуаттарының болуы (Rompetrol);</li> </ul>
---------------	---

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ҚР-дағы меншікті АҚС пен мұнай базалары жүйесі;</li> <li>• ҚР нарығындағы ҚМГ СУ бренді;</li> <li>• мұнай химия өндірістерін дамыту үшін ресурстық базаның болуы;</li> </ul>
Әлсіз жақтары	<ul style="list-style-type: none"> <li>• технологиялық дамудың жеткіліксіз деңгейі (өңдеу тереңдігі, өнімнің сапасы);</li> <li>• құнды құрудың жеткіліксіз интеграциясы (кен орындары – МӨЗ – бөлшек сауда желісі);</li> <li>• ҚР-дағы мұнай өңдеу қуаттарын басқарудың күрделі құрылымы;</li> <li>• Rompetrol-дың нарықтық позициялары (аймақтық нарықтағы тікелей бәсекелестерінде жұмыс істемей тұрған айтарлықтай қуаттарының болуы);</li> <li>• Мұнай химия өнімін тұтынудың негізгі нарықтарынан алыс болуы;</li> <li>• ҚР бөлшек сауда нарығындағы әлсіз позициялары;</li> <li>• АҚС жүйесінің сапасы (орналастыру және стандарттарға сәйкес болуы);</li> <li>• өз мұнай өндіру көлемінің мұнай өңдеу бойынша жиынтық белгіленген қуаттарға барабар болуы;</li> </ul>
Мүмкіндіктер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ҚР нарығындағы мұнай өнімдеріне сұраныстың өсуі;</li> <li>• Компанияның мұнай өндіру көлемдерінің өсуі;</li> <li>• ҚР мұнай өндіру және өңдеу орталықтарының интеграциясын қамтамасыз ететін ішкі мұнай құбырлары жүйесін салу;</li> <li>• мұнайдың әлемдік нарығы конъюнктурасы өзгерген кезде табиғи хедж ретінде шетелдік МӨЗ пайдалану;</li> <li>• мұнай химия кәсіпорындарын салу жобаларын салу үшін стратегиялық инвесторды тарту;</li> <li>• тәуелсіз АҚС операторларының активтерін шоғырландырудың жоғары әлеуеті;</li> </ul>
Қауіптер	<ul style="list-style-type: none"> <li>• ішкі және халықаралық нарықтардағы бағалардың теңсіздігін сақтау, маусымдық дала жұмыстары үшін, жылу беру маусымында энергетикалық және коммуналдық кәсіпорындарға отынды тіркелген бағалар бойынша жеткізу, мұнай өнімдерін бөлшек сауда желісі арқылы нарықтық бағалардан төмен бағамен сату және т.с.с. нысанда «отын субсидияларын» пайдалану практикасын сақтау;</li> <li>• мұнай өнімдерінің экспорты бойынша маусымдық шектеулер;</li> <li>• мұнай нарығының жоғары волатильдік жағдайында өңдеу маржасын қысқарту;</li> <li>• МӨЗ қайта жаңарту және қайта жаңғырту, мұнай химия кәсіпорындарын салу жобаларының көп қаражат талап етуінің өсуі;</li> <li>• мұнай өнімдері сапасының жаңа стандарттарын енгізу мерзімдерінің өзгеруі;</li> <li>• мұнай химия өнімі нарығының конъюнктурасының өзгеруі;</li> <li>• мұнай химия жобалары үшін білікті кадрлардың тапшылығы;</li> </ul>

- мұнай химия жобалары өтімділігінің ұзақ мерзімдері;
- Компанияның өңдеу қуаттарын пайдаланып жатқан бөлшек сауда жүйелерінің ірі операторларымен бәсекелестіктің қарқынды өсуі (Sinoil – ПКОП, Гелиос – ПМХЗ).

### Газды тасымалдау және өткізу сегментінде

Газ тасымалдау жүйелері ҚР экономикалық және энергетикалық қауіпсіздігінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. ҚазМұнайГаз ҰК газды магистральдық тасымалдау секторында басымдық орынға ие және транзит есебінен айтарлық түсімдер алууда.

Эмитенттің 100,0% еншілес ұйымы болып табылатын «ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ) Қазақстанның оңтүстік аймақтарының (Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстары) Өзбекстаннан табиғи газды берумен байланысты маусымдық іркілістерге және Қырғызстанның аумағында оның санкцияланбаған іріктеуге тәуелді болуын төмендету бағдарламасының шеңберіндегі табиғи газды өндіруді кейінгі ұлғайту бойынша жұмысты жалғастыруда. Осы бағдарламаны іске асыру мақсатында ҚТГ құны 465,0 млрд. теңгемен «Бейнеу - Бозой - Ақбұлақ» магистралды газ құбырын салуды жүзеге асырады. Құрылысты толық аяқтау 2015 жылға қарай күтілуде.

Қазіргі уақытта іске асыру кезеңіндегі ҚТГ-ның басқа ірі жобалары:

- *«Қазақстан-Қытай» магистралды газ құбыры* Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ҚХР-да Түрікменстаннан табиғи газ транзитін қамтамасыз етуді көздейді. «Қазақстан-Қытай» газ құбырын салудағы және пайдаланудағы ынтымақтастық туралы» Халықаралық Қазақстан-Қытай үкіметтік келісіміне сәйкес құрылыс жұмыстары 2008 жылдың тамызынан бастап жүргізілуде. Жобаның жалпы құны 768,0 млрд. теңге. Құрылыстың толық аяқталуы 2011 жылдың аяғына қарай күтілуде;
- *Каспий маңы газ құбыры* Түрікменстаннан табиғи газдың транзитін және Қазақстаннан Ресей Федерациясына табиғи газ экспортын қамтамасыз етеді. Жобаның жалпы құны шамамен 411,6 млрд. теңге. Құрылысты іске асыру 2010 - 2013 жж. жоспарланған.

Ішкі нарықтағы табиғи газ маркетингін және өткізуді ҚТГ еншілес ұйымы «ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ (ҚТА) жүзеге асырады. ҚТА компанияларының қызметтеріне ішкі нарықта табиғи газды өткізу, соның ішінде аймақтық газ тарату желілері бойынша газды сақтау және тасымалдау, газ тарату объектілерін және құбырлар желісін пайдалану, ішкі нарықта табиғи газ маркетингі және көтерме сату кіреді.

Сыртқы нарықтарға газ экспортын және Қазақстанның ішкі нарығындағы мұқтаждықтар үшін газды өткізу, оның ішінде өзара жеткізулер жолымен (СВОП-операциялар) ҚазМұнайГаз ҰК және «Газпром» ААҚ арасында 2002 жылы тең үлестік негізде құрылған «ҚазРосГаз» ЖШС компаниясы жүзеге асырады. «ҚазРосГаз» ЖШС 15 жылға мерзімімен Қарашығанақ кен орнының шикі газын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шартының, сондай-ақ 15 жыл мерзімімен қарашығанақ кен орнының шикі газын ұзақ мерзімді сатып алу-сату келісім-шартының шеңберінде сату үшін көлемдерді алады. Аталған шарттармен сатып алудың және 2022 жылға дейінгі кезеңге арналған қарашығанақ кен орнының газын өткізудің негізгі талаптары айқындалды. «ҚазРосГаз» ЖШС Қарашығанақ, Толқын (Маңғыстау облысы) және Теңіз кен орындарының газын сатып алуды және маркетингін өткізеді. СВОП-операциялар бойынша газды қабылдау ГИС Александров Гай кентінде қазақ-ресей шекарасында жүзеге асырылады.

«ҚазРосГаз» ЖШС компаниясы өткізген газ көлемдері\*:

(млн. м<sup>3</sup>)

4.5	Сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары	Облигациялар бойынша сыйақы төлеу әрбір Белгілеу күнінен кейінгі жұмыс күні Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны аудару арқылы теңгемен жүзеге асырылатын болады. Тиісті белгілеу күнінің басындағы жағдай бойынша Облигацияларды Ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалар сыйақы алуға құқығы бар (Эмитентті тіркеушінің уақыты мен орналасқан жері бойынша). Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, онда купондық Сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының аумағында теңге шоты бар болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Облигацияларды Ұстаушының жазбаша сұрауына сәйкес Сыйақы теңгеден басқа валютада төленуі мүмкін. Мұндай төлемдер ҚР Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша белгіленеді. Айырбастау бойынша барлық шығыстарды Эмитент тиісті Облигацияларды Ұстаушыға төлеуге жататын сомадан ұстап қалады.
4.6	Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Эмитент купондық Сыйақы есептеуді 30/360 (жылына үш жүз алпыс күн, айында отыз күн) уақыт базасы ескеріліп мына формуламен есептеледі: $\frac{[360 \times (Y_2 - Y_1)] + [30 \times (M_2 - M_1)] + (D_2 - D_1)}{360}$ <u>мұнда:</u> “ <u>Y<sub>1</sub></u> ” – Сыйақы есептеу кезеңінің бірінші күні келетін санмен көрсетілген жыл; “ <u>Y<sub>2</sub></u> ” – Сыйақы есептеу кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн келетін санмен көрсетілген жыл; “ <u>M<sub>1</sub></u> ” – Сыйақы есептеу кезеңінің бірінші күні келетін санмен көрсетілген күнтізбелік ай; “ <u>M<sub>2</sub></u> ” – Сыйақы есептеу кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн келетін санмен көрсетілген күнтізбелік ай; “ <u>D<sub>1</sub></u> ” – егер тек мұндай күн 31 болмаса, онда D <sub>1</sub> 30 болатын санмен көрсетілген Сыйақы есептеу Кезеңінің бірінші күнтізбелік күні; және “ <u>D<sub>2</sub></u> ” – егер осындай күн 31 және D <sub>1</sub> 29-дан көп болмаса, D <sub>2</sub> 30 болатын Сыйақы есептеу Кезеңіне қосылған соңғы күннен кейінгі санмен көрсетілген күнтізбелік күн.
<b>5</b>	<b>Облигациялардың айналымы және өтеу туралы мәліметтер</b>	
5.1	Эмитент	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы 010000, Астана қаласы

№	Шығарылымның құрылымы	
		Қабанбай батыр д-лы, 19
5.2	Облигациялардың айналым мерзімі	Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл. Облигациялар айналымы кезеңінің аяқталған күн «Түпкілікті өтеу күні» деп аталады.
5.3	Облигациялар айналымының басталу күні	Облигациялар шығарылымын Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі агенттікте мемлекеттік тіркелген күн («Тіркеу күні»).
5.4	Облигацияларды өтеу шарттарын мен әдістері	<p>Облигацияларды өтеу Түпкілікті өтеу күнінен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірілмей («Түпкілікті Төлеу Күні») жүргізіледі және Облигацияларды Түпкілікті Өтеу күнінің алдындағы күнде айналымдағы Облигациялар бойынша соңғы купондық Сыйақыны бір уақытта төленіп, теңгемен Облигацияларды Түпкілікті Өтеу күнінде индекстелген номиналдық құны бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Индекстелген номиналдық құнды және соңғы купондық Сыйақыны төлеу одан кейін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы, Белгілеу Күніндегі жағдай бойынша Облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына теңгемен ақша аудару арқылы жүргізіледі.</p> <p>Егер Түпкілікті төлеу күні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес демалыс немесе мереке күніне келсе, онда тиісті төлемдер демалыс немесе мереке күнінен кейінгі күннен бірінші жұмыс күні жүргізіледі.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса соңғы купондық сыйақыны және Облигацияның индекстелген номиналдық құнын төлеу, Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңге шот болған кезде теңгеде жүргізіледі. Облигацияларды ұстаушының жазбаша сұрауы бойынша</p> <p>Облигацияларды Ұстаушының жазбаша сұрауына сәйкес Сыйақы теңгеден басқа валютада төленуі мүмкін. Мұндай төлемдер ҚР Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша белгіленеді. Айырбастау бойынша барлық шығыстарды Эмитент тиісті Облигацияларды Ұстаушыға төлеуге жататын сомандан ұстап қалады.</p>
5.5	Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19.
<b>5-1</b>	<b>Облигацияларды төлеу шарты мен тәртібі</b>	<p>Облигациялар, Облигацияларды әрбір ұстаушы Тіркеушіге кезең-кезеңмен көрсететін шотқа қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді</p> <p>Эмитенттің немесе оның атынан Облигацияларға қатысты барлық төлемдер, егер мұндай ұстау немесе шегеру қолданылатын құқықта талап етілмесе салық алуға құқығы бар (бірлесіп «Салықтар») Қазақстан Республикасы немесе оның шегінде немесе оның қандай да бір әкімшілік-аумақтық ұйымы немесе органдары салатын, алатын, ұстайтын немесе есептейтін қандай да болмасын салықтарды, баждарды, есептеулерді немесе кел келген сипаттағы мемлекеттік алымдарды шотқа шегерілмей және ұсталынбай жүргізіледі.</p> <p>Бұл жағдайда Эмитент тиісті Облигацияларды ұстаушыға, барлық Облигацияларды ұстаушылар Эмитенттен, осындай ұстаулар мен шегерулер Салық бойынша талап етілмеген жағдайда алулары тиіс осындай салықтық ұстау немесе шегеру сомасына тең соманы төлейді.</p>

№	Шығарылымның құрылымы	
<b>5-2</b>	<b>Облигациялар бойынша қамтамасыз ету</b>	
	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету	Облигациялардың осы шығарылымы қамтамасыз етілмеген болып табылады.
<b>5-3</b>	<b>Арнай қаржы компаниясының облигацияларды шығару кезіндегі қосымша ақпараты</b>	
	Қосымша ақпарат	Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды
<b>5-4</b>	<b>Облигацияларды ұстаушылар туралы мәліметтер</b>	
	Облигацияларды ұстаушылар туралы мәліметтер	Осы Облигациялар шығарылымы Облигациялар ұстаушының өкілінің болуы көздемейді.
<b>5-5</b>	<b>Инфрақұрылымдық облигацияларды шығару кезіндегі ақпарат</b>	
	Қосымша ақпарат	Облигациялар инфрақұрылымдық болып табылмайды.
<b>5-6</b>	<b>Облигациялар бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі</b>	
	Тіркеуші туралы мәліметтер	«Қор орталығы» АҚ Қазақстан Республикасы, 480012, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 79 А. Байланыс телефондары: 8 (727) 250 89 20, 250 89 61; факс: 8 (727) 250 16 96. Email: <a href="mailto:fcentre@fcentre-jsc.kz">fcentre@fcentre-jsc.kz</a> . 2005 жылғы 15 маусымдағы №0406200386 Лицензия 2002ж.22.04. № 267/15 Тізілімді жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған тапсырма-шарт .
<b>5-7</b>	<b>Төлем агенті туралы мәліметтер</b>	
	Төлем агенті туралы мәліметтер	Индекстелген купондық номиналдық құны бойынша сыйақы төлеу және негізгі соманы өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай дербес жүзеге асырады.
<b>5-8</b>	<b>Облигацияларды сатып алу шарты</b>	
		Сатып алынған облигациялар бағалы қағаздардың екінші нарығында Эмитентке қайтадан сатылмайды. Облигацияларды сатып алу күніне дейінгі соңғы күннің («Сатып алу күні») Облигацияларды сатып алуды жүзеге асырудың кез келген күні болып табылады) басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылар тізілімінде тіркелген келісім берген Облигацияларды ұстаушылардан немесе 75% Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды сатып алу жүргізіледі (Эмитенттің тіркеушісі орналасқан уақыты мен орны бойынша). Облигацияларды ұстаушылар Эмитент сатып алуға дайын Облигациялардың санынан артық Облигациялар санын сатып алуды талап еткен жағдайда Эмитент келісім берген Облигацияларды ұстаушылардан Облигацияларды әрбір келісім берген Облигацияларды ұстаушының меншігіндегі Облигациялардың санына тепе-тең, тиісінше сатып алуды жүзеге асырады. Эмитент сатып алынған Облигацияларға төлеген төлем Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-пен жасалған шартта белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарында, Эмитенттің сайтында, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында хабарламаны орналастыру арқылы жарияланатын Сатып алу күнінің алдындағы күні осындай Облигациялар бойынша есептелген және төленуі тиіс барлық купондық сыйақыларды қамтиды.  Облигацияларды ұстаушы Эмитенттен сатып алынған Облигациялар үшін ақша алған күні Эмитенттің тіркеушісіне өзінің жеке шотынан

№	Шығарылымның құрылымы	
		<p>облигацияларды есептен шығарғаны туралы тиісті бұйрықты жіберуі тиіс.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, осындай төлемдер Облигациялар ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі шоты болған жағдайда теңгемен жүргізілетін болады. Облигацияларды ұстаушының жазбаша сұрауы бойынша Сыйақы теңгеден басқа валютамен төленуі мүмкін. осындай төлемдер төлеу күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің ресми бағамы бойынша айырбасталады. Эмитент айырбастау бойынша барлық шығыстарды тиісті Облигацияларды ұстаушыға төлеуге тиесілі сомалардан шегереді.</p>
<b>6</b>	<b>Ұстаушысына облигация беретін құқықтар</b>	
	Ұстаушысына облигация беретін құқықтар	<p>Облигация ұстаушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Облигациялардың осы проспекспен белгіленген мерзімдерде Облигациялардың индекстелген номиналдық құнын алуға;</li> <li>➤ Облигациялардың осы проспекспен белгіленген мерзімдерде купондық Сыйақы алуға;</li> <li>➤ Екінші нарықта Облигацияларды кедергісіз сатуға және сатып алуға;</li> <li>➤ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде белгіленген тәртіппен Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпаратты алуға;</li> <li>➤ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;</li> <li>➤ Эмитенттің облигациялары бойынша мерзімі өткен әр күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте, мерзімі өткен әр күн үшін тұрақсыздық айыбы ақшалай міндеттеме немесе оның бір бөлігі орындалмаған әр күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасынан туындай отырып есептеледі</li> <li>➤ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік ету құқығынан туындайтын өзге де құқықтарға ие.</li> </ul>
<b>6-1</b>	<b>Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға өзінің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат беруінің тәртібі</b>	
	Хабарландырулар	<p>Облигацияларды ұстаушыларға арналған хабарландыру Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, листинг шартына сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарында және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптерімен, Эмитенттің ресми сайтында және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ сайтында орналастырылады, сондай-ақ Тізімдемеде көрсетілген тиісті мекен-жайларға курьерлік почтамен (DHL, Fedex) (шетелге жіберілген кезде), кез келген курьерлік почтамен немесе тапсырыс хаттарымен (Қазақстан бойынша жіберілген кезде) жіберіледі.</p> <p>Курьер немесе тапсырыс хатпен жіберілген жағдайда осындай хабарландырулар аталған мекен-жай бойынша жеткізілген күні алынды деп есептеледі.</p>
<b>7</b>	<b>Олар басталғанда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар</b>	
	Олар басталғанда Эмитенттің облигациялары	Міндеттемелерді орындамау оқиғалары («Дефолт оқиғасы» немесе әрқайсысы «Дефолт оқиғасы» деп аталады) басталғанда Облигациялар айналымда болған сәтте жиынтықта номиналдық

№	Шығарылымның құрылымы	
	бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар	<p>құнның кемінде бестен бір бөлігіне иелік ететін Облигацияларды ұстаушы немесе ұстаушылар осындай хабарлаудан кейін Эмитенттің 10 (он) күн ішінде айналымдағы барлық Облгацияларды, оның ішінде осындай хабарлау күніне дейін есептелген купондық сыйақыны индекстелген номиналдық құн бойынша сатып алуын құқылы болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <b>Тиісті</b> хабарландыру жасағанда немесе өзге де жағдайларда Эмитенттің өтеудін/сатып алудың белгіленген мерзімдерінде Облигациялар бойынша негізгі қарыз сомасын немесе сатып алу сомасын төлемеуі немесе Эмитенттің купондық Сыйақыны немесе қандай да бір болмасын Облигациялар бойынша қосымша соманы төлемеуі және осындай купондық Сыйақыны немесе қосымша сомаларды төлемеу 5 (бес) күн ішінде созылса;</li> <li>2. кез-келген ковенанты бұзу немесе осы проспекті 7ші тармағының 40-1 бөлімі 13-18 бөлімшелерінде көрсетілген оқиғалар туындаған жағдайда</li> <li>3. Эмитентті негізді пікірі бойынша Облигация бойынша дефолттың басталуына әкеп соғуы мүмкін оқиға басталған кезде Эмитент Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Дефолт оқиғасы басталған күннен бастап 1 (бір) Жұмыс күні ішінде Эмитент 6-1-шартқа (Хабарлама) сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-пен жасалған листинг туралы шартта белгіленген тәртіппен бұқаралық ақапрат құралдарында, Эмитенттің сайтында, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-тың ресми сайтында хабарламаны, оның ішінде: <ol style="list-style-type: none"> <li>i. дефолт фактісі туралы ақпаратты;</li> <li>ii. дефолт пайда болған күні Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;</li> <li>iii. Дефолт оқиғасының пайда болуына әкеп соққан міндеттемелердің орындалмау себептерін;</li> <li>iv. Облигацияларды ұстаушыларды өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, сондай-ақ Эмитентке қойылатын талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін көрсетіп;</li> <li>v. Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпаратты орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушыларға хабарлайды.</li> </ol> </li> </ol> <p>Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент осындай Дефолт оқиғасын жою және Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау үшін қажетті іс-әрекеттердің жоспарын дайындайды және бекітеді.</p>
<b>8</b>	<b>Опциондар туралы ақпарат</b>	
8-1	Мәртебенің өзгеруіне байланысты Облигацияларды ұстаушылардың опционы бойынша өтеу	Егер кез келген Облигация өтелмеген кезең ішінде Мәртебе өзгерсе – Эмитент, осындай Облигацияны ұстаушы төменде көрсетілгендей Эмитентке тиісті хабарламаны жіберген жағдайда осындай Облигацияның ұстаушының қалауы бойынша – аталған күні осындай Облигацияны оның индекстелген номиналдық құнынан 101% (бір жүз бір процент) бағасымен, оның ішінде, бұл термин төменде белгіленгендей, мәртебенің өзгеруіне байланысты Сату күніне дейін есептелген Сыйақымен (немесе – сатып алған жағдайда – осындай сыйақының сомасына тең соманы қосып) өтеуі тиіс.



№	Шығарылымның құрылымы
	<p>Осындай опцион («<b>Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион</b>») төменде көрсетілгендей қолданылады.</p> <p>Егер мәртебе өзгерсе, онда Мәртебе өзгерген күннен бастап 14 (он төрт) күн ішінде Эмитент 14-Шартқа сәйкес Мәртебенің өзгеру сипатын және мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опционды орындау рәсімін көрсетіп, Облигацияларды ұстаушыларға хабарламаны жіберуі тиіс.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опционды орындау үшін осы 8.1-шартқа («<b>Мәртебенің өзгеруіне байланысты сату мерзімі</b>») сәйкес Облигацияларды ұстаушыларға Мәртебе өзгерген күннен бастап 90 (тоқсан) күн ішіндегі немесе Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион туралы хабарлама берілгеннен кейін 90 (тоқсан) күннен кейінгі кез келген жұмыс күні қол қойылған және толтырылған, нысан бойынша жасалған (уақыттың тиісті сәтінде қолданылатын және – егер мәміле клирингтік жүйе арқылы жүзеге асырылса – клирингтік жүйенің талаптарына жауап беретін және клирингтік жүйенің талаптарына жауап беретін тәртіппен берілген кез келген нысан болуы мүмкін), Эмитенттен алынуы мүмкін («<b>Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион туралы хабарлама</b>»), осы тармаққа сәйкес төлем жүргізілуі тиіс банк шотын көрсетуі тиіс (немесе, егер төлем чек, мекен-жай нысанында жүргізілуі тиіс болса) және оған осындай Облигацияларға қатысты Тізімдемеден көшірме үзінді немесе Эмитенттің талаптарына жауап беретін және осындай облигацияларға қатысты тізімдемеден көшірме үзінді Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион туралы хабарлама тапсырылғаннан кейін оған берілетінін растайтын құжаттар қоса берілуі тиіс опционның орындалғаны туралы хабарламаны Эмитентке жеткізуі тиіс.</p> <p>Егер осындай Облигациялар өтелмесе, сатып алынбаса немесе бұрын жойылмаса, Эмитент Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион туралы хабарламаның мәні болып табылатын Облигацияларды Мәртебенің өзгеруіне байланысты сату мерзімі өткеннен кейін жеті күннен кейін басталатын күні («<b>Мәртебенің өзгеруіне байланысты сату күні</b>») өзінің қалауы бойынша өтейді немесе сатып алады. Осындай ұстаушы өзінің қалауы бойынша тиісті хабарламаны Эмитентке жіберіп, Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион туралы хабарламаны кері шақыртып алуы мүмкін, өтеу күніне дейі Дефолт оқиғасы басталған және жойылмаған жағдайды есептегенде, Облигацияларды ұстаушы жіберген Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион туралы хабарлама кері шақыртылмайды.</p> <p>Осы 8.1-шарттың мәнмәтінінде:</p> <p><b>«Мәртебенің өзгеруі»</b> төменде аталған оқиғаның кез келгені басталу фактісі бойынша басталды деп есептеледі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>оның нәтижесінде Қазақстан Республикасы және (немесе) Эмитенттің акцияларына иелік ететін (тікелей немесе жанама) кез келген басқа мемлекеттік орган Эмитенттің дауыс беру құқығы бар шығарылған және айналымдағы акцияларының 100 (бір жүз) процентіне иелік етуді және бақылауды (тікелей немесе жанама) тоқтататын қандай да бір болмасын мәміле</li> </ol>

№	Шығарылымның құрылымы	
		<p>аяқталғанда (оның ішінде, шектеусіз, біріктіру немесе қосу); немесе</p> <p>2. Эмитент «Мұнай туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 маусымдағы №2350 Заңының (өзгерістермен және толықтырулармен) және «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдаланушылар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы №2828 Заңының (өзгерістермен және толықтырулармен) 1-бабында келтірілген мәндегі «ұлттық компанияның» мәртебесінен айырылғанда; немесе</p> <p>3. олардың нәтижесінде Эмитент өнімді бөлу туралы келісімдерге қатысты Қазақстан Республикасының мүдделерін білдіру құқығынан немесе Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық бағдарламалар конкурсына шығарылатын жер қойнауы учаскелері (блоктары) бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардағы міндетті үлеске құқығынан айырылатын осындай заңдарға қандай да бір болмасын өзгерістер енгізілгенде; немесе</p> <p>4. Эмитент (тікелей немесе жанама) немесе елеулі еншілес ұйым. 8(i) және 8(ii) шартқа сәйкес қайта ұйымдастыруды жүзеге асырғаннан кейін 6 (алты) ай ішінде осындай қайта ұйымдастыру себебімен болған рейтингінің теріс өзгеру оқиғасы болғанда.</p>
8-2	Қосымша опциондар туралы ақпарат	8-шартта (Мәртебенің өзгеруіне байланысты сатуға арналған опцион) көзделгенді есептемегенде, басқа опциондар көзделмеген.

**38-1. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңінің қимасында сыйақыларды төлеу және негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражаты көздерінің және ағындарының болжамы.**

Купондық сыйақыны төлеу және индекстелген негізгі қарыз сомасын өтеу Эмитенттің жеке және қарыз қаражаты, оның ішінде оның еншілес компанияларынан түсімдер, екінші деңгейдегі банктерде бұрын орналастырылған депозиттерді қайтару, Эмитент бұрын берген қарыздарды қайтару, мемлекеттік бюджеттен түсімдер, тартылған займдар мен өзге де көздер есебінен қамтамасыз етілетін болады. Сыйақыларды төлеудің және әрбір кезең бойынша негізгі қарызды өтеудің әр кезеңі бойынша түсімдер сомасы міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болады.

Төменде негізгі жорамалдар келтірілген 2010 жылдан бастап 2012 жылға дейінгі кезеңге арналған шоғырландырылған ақша ағынының болжамы көрсетілген:

(млн. АҚШ долл.)

	2010П ж.	2011П ж.	2012П ж.	2013П ж.
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражаты</b>				
ЕВITDA	2 907	2 875	3 171	4 213
Салық шығыстары	(669)	(571)	(563)	(549)
Таза проценттік кіріс	(253)	(499)	(778)	(1 170)
Таза айналым капиталындағы өзгеріс	(43)	(123)	(126)	(249)
<b>Операциялық қызметтен ақша</b>	<b>1942</b>	<b>1682</b>	<b>1 704</b>	<b>2 245</b>

	2010П ж.	2011П ж.	2012П ж.	2013П ж.
<b>қаражатының таза сомасы</b>				
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражаты</b>				
Қызметті қолдауға арналған күрделі шығындар	(1 023)	(1 083)	(1 210)	(1 237)
Қызметті кеңейтуге арналған күрделі шығындар	(2 622)	(3 375)	(3 017)	(2 874)
Сатып алу	(770)	(500)	-	-
Активтерді сату	770	-	-	-
Өзге де инвестициялық қызмет	-	-		
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы</b>	<b>(3 645)</b>	<b>(4 958)</b>	<b>(4 227)</b>	<b>(4 111)</b>
<b>Қаржы қызметінен ақша қаражаты</b>				
Займдар бойынша түсімдер	2 201	1 373	3 601	5 767
Займдарды өтеу	(2 025)	(2 058)	(1 705)	(2 621)
Алынған дивидендтер	1 015	794	568	346
Төленген дивидендтер	(222)	(320)	(320)	(324)
Өзге де қаржы қызметі	(160)	(133)	(107)	-
<b>Қаржы қызметінен ақша қаражатының таза сомасы</b>	<b>809</b>	<b>(344)</b>	<b>2 037</b>	<b>3 168</b>
<b>ЖИЫНЫ: Ақша қаражатының таза ұлғаюы/ (азаюы)</b>	<b>(894)</b>	<b>(3 620)</b>	<b>(488)</b>	<b>1 436</b>
<b>Кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламасы</b>	<b>3 803*</b>	<b>2 909</b>	<b>(711)</b>	<b>(1 199)</b>
<b>Кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және олардың баламасы</b>	<b>2 909</b>	<b>(711)</b>	<b>(1 199)</b>	<b>237</b>

\* 2009 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламасының сомасы 564 191 152 мың теңгені құрады. USD / KZT бағамы 148,4.

Проспектінің осы тармағында аталған Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары дұрыс немесе нақты болмауы мүмкін және жүзеге асыруға келмейтін және, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (оның ішінде салық ставкаларының өзгеруі, жаңа салық заңдары мен салық заңнамасының пайымдалуын қайта қарау), проценттік ставкалар мен басқа нарықтық шарттардың өзгеруін, оның ішінде экономикалық және саяси жағдайдағы өзгерістерді және басқа да белгісіз перспективаларды қоса есептегенде, әр түрлі факторларға байланысты өзгертуге жататын жорамалдарға, деректерге немесе әдістерге байланысты болады.

Эмитент жаңа ақпараттың пайда болу, болашақ оқиғалар немесе өзге де негіздер салдарынан осы Шығарылым проспектісінде ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңартуға немесе қайта қарауға міндетті емес және ниетті емес. Эмитент немесе Эмитенттің атынан іс-әрекет жасайтын өзге де тұлғалар перспективалар және/немесе болжамдар туралы жасайтын барлық кейінгі жазбаша немесе ауызша мәлімдемелер өзінің тұтастығында осы

Эмиссия проспектісінің барлық мәтіні бойынша қамтылған ескертетін мәлімдемелермен шектеледі. Осы тәуекелдердің, белгісіздіктердің немесе жорамалдардың салдарынан облигацияларды ықтимал сатып алушылар перспективалар туралы осы мәлімдемелерге тиісті түрде сүйенбеуі тиіс.

### 39. Айырбасталатын облигациялар.

Эмитенттің облигациялары айырбасталмайды. Облигацияларды акцияларға айырбастау көзделмеген.

### 40. Облигацияларды орналастыру әдісі.

#### 1) Облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі:

Облигациялар айналымның барлық мерзімі ішінде орналастырылады.

Облигациялар ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда орналастырылады. Эмитенттің облигацияларын ұйымдастырылмаған нарықта орналастыру Эмитенттің ішкі құжаттарымен белгіленген шарттарда және тәртіппен жазылуды жүргізу арқылы жүзеге асырылатын болады. облигацияларды ұйымдастырылған нарықта орналастыру «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-тың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

#### 2) Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер:

Эмитент бағалы қағаздарды дербес орналастырады..

#### 40-1. Эмитент қолданатын шектеулер (ковенанттар)

<p>Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)</p>	<p>Осы тармақтың ережелеріне сәйкес, егер төмендегі шектеулерді (<b>«Ковенанттарды»</b>) бұзған жағдайда, Облигацияларды ұстаушылар айналымдағы барлық Облигацияларды индексацияланған номиналдық құн плюс жинақталған купондық Сыйақы бойынша мерзімнен бұрын өтеуді талап етуге құқылы:</p> <p style="text-align: center;"><b>1. Эмитенттің кепілге беруден бас тартуы</b></p> <p>Облигациялар айналымда болғанға дейін, рұқсат етілген ауыртпалықтарды қоспағанда, Эмитент қандай да болмасын Елеулі еншілес ұйымға сол сәтте иеленіп отырған немесе кейінен сатып алатын оның кез келген активіне немесе олардың активтеріне, немесе Эмитенттің кез келген берешегін қамтамасыз ететін олардан кез келген кіріске немесе пайдаға ауыртпалық жасауға, оған ұшыратуға, жол беруге немесе рұқсат етуге құқылы емес, тек егер бір мезгілде немесе оған дейін Облигациялар осындай берешекке тең немесе мөлшерлей отырып қамтамасыз етілмесе немесе Эмитенттің уәкілетті органының шешімімен бекітілуі тиіс және Облигациялардың жиынтық номиналдық құнының кемінде 75% (жетпіс бес пайызын) ұстаушылар болып табылатын Облигация ұстаушылардың жазбаша келісімі алынған оған қатысты басқа уағдаластықтан пайда көрмесе.</p> <p style="text-align: center;"><b>2. Дивидендтер төлеу бойынша шектеулер:</b></p> <p>i) Эмитент мына жағдайларда өзінің акционерлік капиталына қатысты қандай да болмасын дивидендтерді қолма-қол ақшамен немесе өзге тәсілмен төлемейді, немесе қандай да болмасын өзге бөлуді (сатып алу жолымен немесе өзге әдіспен не басқару жолымен) немесе оның тікелей немесе жанама акционерлеріне өзге осы тектес төлемдерді жүргізбейді:</p> <p style="text-align: center;">(А) Дефолт оқиғасы (немесе белгілі бір уақыт өткеннен кейін немесе хабарлама ұсынылғаннан кейін немесе екеуі де Дефолт оқиғасын құрайтын қандай да болмасын оқиға) болған</p>
--	---

кез келген уақытта; немесе

(B) дивиденд немесе өзге бөлу немесе төлемдер жүргізілетін кезеңге қатысты жиынтық сомада Эмитенттің Таза шоғырландырылған пайдасының 50% (елу пайызынан) асатын осындай ешбір Дефолт оқиғасы болмаған кез келген уақытта; 2 (i) Шартының мақсатында кез келген елеулі еншілес ұйымының немесе Миноритарлық компанияның барлық активтерінің немесе мүлкінің немесе кез келген бизнесінің немесе бөлімшесінің, немесе акцияларының/қатысу үлестерінің барлығын немесе елеулі бөлігін сатудан Таза қолма-қол ақша түсімдерінен кез келген пайданы немесе шығындарды Таза шоғырландырылған пайдаға қоспау шартымен.

ii) Жоғарыда аталған шектеу (i) Эмитент оқтын-оқтын шығаруы мүмкін кез келген Эмитенттің Артықшылықты акцияларына қатысты кез келген дивидендтерді және (ii) Эмитенттің акционерлік капиталының акцияларын (Құқықтары шектеулі акцияларды және Эмитенттің Еншілес ұйымы шығарға немесе сатқан немесе қызметкерлердің акцияларды сатып алу жоспары үшін немесе Эмитент не оның кез келген еншілес ұйымы қызметкерлердің игілігіне құрған қорға арналған акционерлік капиталдық акцияларын қоспағанда) сатудан немесе оларды шығару жолымен Таза ақша түсімдері есебінен немесе Эмитенттің өз акционерлерінен алған жарғылық капиталына ақша салымы есебінен төленетін Эмитенттің Акционерлік капиталының қандай да болмасын акцияларына қатысты кез келген дивидендтерді төлеуге қолданбауы тиіс.

iii) егер осындай дивидендтер немесе бөлулер тепе тең негізде Акционерлік капиталдық осындай акциялары сериясын ұстаушыларға тепе-тең негізінде жүргізілмесе немесе, егер осындай дивиденттер мен бөлулер Эмитент немесе Елеулі еншілес дивидентті немесе өзге сомасына ұйым тепе-тең негізде бөлген кезде алатын сомадан артық адалды деген негізде жүргізсе, Эмитент қандай да болмасын Елеулі еншілес ұйымға осындай Елеулі еншілес ұйымның Акционерлік капиталының қандай да болмасын акциялары сериясына қатысты қандай да болмасын дивидендтер төлеуге немесе басқа да бөлулер жүргізуге рұқсат етпейді.

### **3. Еншілес ұйымдардың активтерін немесе капиталын сату бойынша шектеулер**

Эмитент, егер:

i) Эмитент немесе осындай Елеулі еншілес ұйым Активтерді иелік ету сәтінде кем дегенде осындай Активтерді иелік етудің мәні болып табылатын акциялардың және активтердің Әділ нарықтық бағасына (соның ішінде ақшалай емес сыйақының барлық құнына қатысты) тең ақшалай сыйақыны алмаса; және

ii) Елеулі еншілес ұйымның Акционерлік капиталының акцияларына қатысты Активтерге иелік етуге қатысты ғана, осындай кез келген Активтерге иелік етуді орындағаннан кейін, Эмитент кем дегенде осындай Елеулі еншілес ұйымның Акционерлік капиталы акцияларының Шектеулі пайызына қатысты тікелей немесе жанама түрде «пайда көруші» болып қалмаса (бұл дауыс беру немесе иелік ету құқын білдірмейді), қандай да болмасын Активтерге иелік етуді жүзеге асыруға өзі де бармайды және қандай да болмасын Елеулі

еншілес ұйымға да рұқсат етпейді.

#### 4. Берешек бойынша шектеу

i) Эмитент қандай да болмасын борыштық міндеттемені тікелей немесе жанама түрде қабылдауға өзі де бармайды және қандай да болмасын Елеулі еншілес ұйымға да рұқсат етпейді; алайда, егер:

(A) осындай Міндеттемелерді қабылдаудан және формальды кірісті қабылдағаннан кейін ешқандай дефолт немесе Дефолт оқиғасы орын алмаса немесе жалғаспаса; және

(B) осындай Міндеттемелерді қабылдауды және одан кірісті және шоғырланған қаржылық есептілік 5 шартына сәйкес ұсынылған ең соңғы екі жарты жылдық кезеңге салықтарды, проценттерді, тозу мен амортизацияны (ЕБИТДА) төлегенге дейін (немесе 5(i) немесе 5(ii)д Шартына сәйкес Тіркеу күнінен кейінгі бірінші шоғырланған қаржылық есептілікті ұсынғанға дейін) Эмитенттің Шоғырланған пайдасының жиынтық сомасын қабылдағаннан кейін 2009 ж. 30 маусымда аяқталатын алты айдағы салықтарды, проценттерді, тозу мен амортизацияны төлегенге дейін екіге көбейтілген Эмитенттің Шоғырланған пайдасы 3,5-нің 1-ге қатынасынан аспайтын болса, Эмитент пен Елеулі еншілес ұйымдар борыштық міндеттемені қабылдауға құқылы болады.

Осы 4(i) Шартында сипатталған арақатынасты есептеу мақсатында, Эмитент немесе Елеулі еншілес ұйым қосу немесе бірлестіру жолдарын қоса алғанда және кез келген байланысты қаржылық транзакцияларды қоса алғанда (a) шоғырланған қаржылық есептілік 5 Шартына сәйкес ұсынылған ең соңғы жарты жылдық қаржылық кезеңнің ішінде немесе (b) арақатынас есептелген күндегі немесе сол күнге дейінгі осындай жарты жылдық қаржылық кезеңдерден кейін жасалған сатып алымдарына (соның ішінде, шектеусіз, міндеттемені қабылдау немесе берешекті мойындау нәтижесінде осындай есеп жасау қажеттілігін тудыратын кез келген сатып алымға), олар салықтар, проценттер, тозу мен амортизация (ЕБИТДА) төлегенге дейін Эмитенттің Шоғырландырылған пайдасын есептеуде қолданылатын өлшеу кезеңінің бірінші күнінде орын алғандай, формальды әсер беріледі; алайда (i) тек егер осындай формальды ЕБИТДА осындай сатып алынған заңды тұлғаның қаржылық есептілігінен немесе онымен байланысты қаржылық есептіліктен шығарылған болса немесе оны қоса алғанда, кез келген осындай формальды ЕБИТДА сатып алымға қатысты салықтарды, проценттерді, тозу мен амортизацияны (ЕБИТДА) төлегенге дейінгі Эмитенттің Шоғырландырылған пайдасының есебіне қосыла алу шартымен және (ii) осындай қаржылық есептілік ХКЕС-ке (IFRS), АҚШ Жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп қағидаттарына (GAAP) немесе Еуропалық комиссиямен ХКЕС-ке (IFRS) барабар деп айқындалған бухгалтерлік есеп қағидаттарына (осындай айқындамаға байланысты немесе оған сәйкес осындай қаржылық есептілік күнінен кейін қажет етілуі мүмкін осындай қағидаттарға қандай да болмасын модификацияларды назарға алмай) сәйкес жасалу шартымен.

ii) 11(4)(i) Шарты Берешектің қандай да болмасын келесі элементтерін қабылдауға тыйым салмайды:

(А) Эмитенттің немесе кез келген Елеулі еншілес ұйымының Тіркеу күнінде өтелмеген (Өтеу күнінде шығарылған Облигацияларды қоса алғанда) немесе жоғарыдағы 4 (i) Шарты бойынша Көтерілуі мүмкін Берешегін қайта қаржыландыру (соның ішінде кейінгі қайта қаржыландыру); негізгі қарыздың жиынтық сомасы, осылайша, осындай қайта қаржыландыруға плюс осындай қайта қаржыландыруға байланысты төленуі тиіс кез келген сыйлықақы сомасы Эмитенттің немесе оның Елеулі еншілес ұйымдары шеккен шығыстардан ұлғаймауы шартымен;

(В) (i) Эмитенттің немесе кез келген Елеулі еншілес ұйымының арасындағы және (ii) кез келген Елеулі еншілес ұйым мен басқа Елеулі еншілес ұйымның арасындағы фирма аралық қарыз; алайда, кез келген Елеулі еншілес ұйымның осындай Елеулі еншілес ұйым болып табылуын тоқтатуға әкеп соқтыратын кез келген Акционерлік капиталдың кез келген келесі шығарылымы немесе берілуі немесе осындай Берешекті кез келген кейінгі иелік ету, кепілге салу немесе беруді (тек Эмитентке немесе Елеулі еншілес ұйымға беруді қоспағанда) әрбір жеке жағдайда өзіне міндеттемені қабылдаған тұлғаның осындай Берешекті қабылдауын құрайтын деп қарау шартымен; және

(С) Проценттік ставка туралы келісімнен немесе Эмитенттің не кез келген Елеулі еншілес ұйымының пайдасына валюталық хеджирлеу туралы келісімнен туындайтын берешек; осындай проценттік ставка туралы келісімдер тиісті Берешек бойынша негізгі қарыздың жиынтық сомасынан аспауы шартымен, ал валюталық хеджирлеу туралы келісімдер шетелдік валютаның проценттік ставкасындағы немесе айырбастау бағамындағы ауытқуларды немесе осыған байланысты төленуі тиіс төлемдер, өтеулер мен өтемақы себептерін қоспағанда, Эмитенттің немесе кез келген Елеулі еншілес ұйымының міндеттемелерін ұлғайтпауы шартымен.

## 5. Қаржылық ақпарат

i) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен талаптарымен Эмитенттің тәртіпте ақпаратты ашуға қосымша Эмитент кез келген Облигациялардың ұстаушыларға, олар қол жетімді болған кезден бастап, бірақ кез келген жағдайда оның әрбір қаржылық жылы ақталғаннан кейін 5 (бес) айдың ішінде, әрбір жағдайда Аудиторлар тексерген және ХҚЕС (IFRS) сәйкес әзірленген, дәйекті түрде алдағы кезеңде тиісті қаржылық есептілікке қолданылатын Эмитенттің өзінің қаржылық есептілігінің көшірмелері және осындай қаржылық жылдағы шоғырланған қаржылық есептілігінің көшірмелерін ұсынуы тиіс.

(ii) Эмитент олар қол жетімді болған кезден бастап, бірақ кез келген жағдайда (x) 2010ж. 30 маусымында аяқталатын жарты жылдық аяқталғаннан кейін 120 (бір жүз жиырма) күннің ішінде және (y) оның қаржылық жылдарының әрқайсысының бірінші жарты жылдығы аяқталғаннан кейін 90 (тоқсан) күннің ішінде кез келген Облигация

ұстаушыға Эмитенттің осындай кезеңдегі тәуелсіз есептілігін және шоғырланған қаржылық есептілігін ұсынуы тиіс.

(iii) Эмитент осы арқылы кез келген Облигация ұстаушыға негізсіз кідіртусіз, осындай Облигация ұстаушы негізді сұрауы мүмкін, осындай сұраулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалуы шартымен, Эмитенттің, кез келген Елеулі еншілес ұйымының немесе Миноритарлық компанияның қаржылық жағдайына немесе қызметіне қатысты осындай қосымша ақпаратты ұсынуы тиіс.

(iv) Эмитент осы 5 Шартына сәйкес ол ұсынатын тәуелсіз қаржылық есептіліктің және шоғырланған қаржылық есептіліктің әрбір жиынтығы:

(A) Жалпы оның Алғашқы қаржылық есептілігін дайындаған кезде қолданылған негізде (соның ішінде, алдындағы кезеңдерді ұсынуға қатысты) және ХҚЕС (IFRS) сәйкес дәйекті қолдану негізінде әзірленгеніне;

(B) 5(i) Шартына сәйкес көзделген есептілік жағдайында, 11(5)(i) Шартында аталған Аудиторлар есебінің ілесуіне (соның ішінде, осындай Аудиторлардың ілеспе ескертулері мен қосымшаларымен бірге қорытындылары); және

(C) 5(i) және 5(ii) Шарттарына сәйкес көзделген, қол қою құқы бар Эмитент тұлғасымен куәландырылған есептілік жағдайында, 5(vi) Шартқа сәйкес қаржылық есептілікке енгізілген Топқа қатысты ақпарат осы қаржылық есептілікке қатысты кезеңнің аяғындағы Топтың шоғырланған қаржылық жағдайына және осындай кезеңнің ішіндегі Топ операциялары нәтижелеріне шынайы және бейтарап шолу беретініне көз жеткізуі тиіс.

(v) Эмитент «Қазақстан Қор Биржасы» АҚ («**Қор биржасы**») (немесе облигациялар оқтын-оқтын айналымда болатын немесе саудаға жіберілетін кез келген басқа немесе кейінгі қор биржасы немесе қор биржалары немесе кез келген тиісті билік органы немесе билік органдары) листингке немесе осындай құралдарды осындай қор биржасында немесе тиісті билік органында қол жеткізуге байланысты қажет ақпарат ретінде тала етуі мүмкін осындай ақпаратты кез келген Облигациялар ұстаушыға ұсынуға міндеттенеді.

(vi) 5(i) және 5(ii) Шарттарына сәйкес ұсынылуы тиіс және Топқа қатысты Алғашқы қаржылық есептіліктің негізін қалыптастырған қағидаттармен үйлесетін бухгалтерлік қағидаттардың негізінде әзірленетін жарты жылдық және жылдық қаржылық ақпарат, әрбір жеке жағдайға және тиісті қаржылық ақпарат қамтитын кезеңдерге, қаржылық есептіліктің бет жағында немесе оған сілтемеде.

## **6. Елеулі еншілес ұйымдардан дивидендтер бойынша шектеулер**

i) Эмитент осындай Елеулі еншілес ұйымдардың:

(A) өзінің акцияларына немесе оларға қатысты дивидендтер төлеуге немесе басқа да төлемдер жүргізу немесе бөлу;



(B) Эмитенттің немесе кез келген Елеулі еншілес ұйымының алдындағы кез келген берешекке қатысты төлемдер жасау; немесе

(C) Эмитенттің немесе кез келген Елеулі еншілес ұйымының займдар немесе аванстар беруге немесе Эмитенттің немесе кез келген Елеулі еншілес ұйымының берешегіне кепілдік беру мүмкіндіктеріне ауыртпалықты немесе шектеуді ешбір Елеулі еншілес ұйымның құрмауын, оған жол бермеуін немесе өзге түрде болуын немесе күшіне енуін болдырмауды қамтамасыз етуі тиіс.

(ii) 6(i) Шартының ережелері мыналарға тыйым салмайды:

(A) 6(i)(A) Шартына ғана қатысты, Берешекті қабылдауға қатысты келісімге сәйкес қандай да болмасын ауыртпалық немесе шектеу; алайда, осындай кез келген ауыртпалық немесе шектеу дивидендтерді, немесе өзге төлемдерді немесе бөлулерді осындай кезеңдегі Шоғырландырылған таза пайданың 50 (елу) пайызына дейінгі сомада төленетіндей етіп шектеу шартымен;

(B) осындай келісім күшіне енген немесе Тіркеу күнінде жасалған нысан бойынша келісімге (соның ішінде, кез келген акционерлік келісім, бірлескен кәсіпорын туралы келісім немесе сол тектес келісім) сәйкес кез келген ауыртпалық немесе шектеу;

(C) осындай Еншілес ұйым Елеулі еншілес ұйым болған күнге дейін шеккен (осындай ауыртпалық немесе шектеу осындай заңды тұлға Елеулі еншілес ұйым болғанша күтуге қойылмаған жағдайда) және сол күндегі жағдай бойынша өтелмеген қандай да болмасын Берешекке қатысты келісімге сәйкес Тіркеу күнінен кейін Елеулі еншілес ұйым болатын қандай да болмасын заңды тұлғаға қатысты кез келген ауыртпалық немесе шектеулер;

(D) жоғарыдағы 6(ii)(B) Шартында немесе жоғарыдағы 6(ii)(C) Шартында немесе төмендегі 6(ii)(E) Шартында көрсетілген келісімге сәйкес шегілген немесе жоғарыдағы 6(ii)(B) Шартында немесе жоғарыдағы 6(ii)(C) Шартында немесе төмендегі 6(ii)(E) Шартында ескерілген келісімді қандай да болмасын түзетуде, өзгертуде, қайта бекітуде, қалпына келтіруде, кеңейтуде, толықтыруда, қайта қаржыландыруда немесе ауыстыруда қамтылған Берешекті қайта қаржыландыруға келтіретін келісімге сәйкес кез келген ауыртпалық немесе шектеу; алайда, осындай кез келген түзету, өзгерту, қайта бекіту, қалпына келтіру, кеңейту, толықтыру, қайта қаржыландыру немесе ауыстыру туралы келісімде қамтылатын осындай Елеулі еншілес ұйымға қатысты ауыртпалықтар мен шектеулер осындай Елеулі еншілес ұйымға қатысты осы тектес алдындағы келісімдерде қамтылған жалпы алынған ауыртпалық пен шектеулерден неғұрлым шектеуші болып табылуы тиіс шартымен; және

(E) қолданыстағы заңның нәтижесі болып табылатын кез

келген ауыртпалық немесе шектеу.

#### 7. Рұқсаттарды қамтамасыз ету

- i. өзінің корпоративтік қызметін, өзінің бизнесін және/немесе операцияларын жалғастыруды қамтамасыз ету үшін Эмитенттің немесе тиісті Елеулі еншілес ұйымының пікірінше қажет барлық іс-қимылдарды алу үшін немесе орындалуына ықпал ету үшін қажет барлық іс-шараларды Эмитенттің өзі де қабылдайды және Елеулі еншілес ұйымның қабылдауын қамтамасыз етеді; және
- ii. Облигациялар шығарылымын ресімдеу, беру немесе орындау үшін немесе олардың заңды қолданылуы немесе мәжбүрлі түрде орындату мүмкіндігі үшін қандай да бір болмасын тиісті юрисдикцияда кейде алуға немесе жүзеге асыруға қажетті болуы мүмкін барлық келісудің, лицензиялардың, мақұлдау мен рұқсаттардың жалғасуын қамтамасыз ету үшін қажетті барлық іс-әрекеттерді алуы немесе орындауы немесе олардың орындалуына ықпал етуі үшін барлық қажетті іс-әрекеттерді қолдануын қамтамасыз етуі және тізімдемелерге барлық тіркеуді, жазу мен енгізуді жүзеге асыруы немесе олардың жүзеге асырылуын Эмитенттің өзі және әрбір Елеулі еншілес ұйымының талап етуін қамтамасыз етуі тиіс.

#### 8. Біріктіру және сіңіру

- (i) Эмитент бір мәміледе немесе байланысты мәмілелер қатарында тікелей немесе жанама түрде қандай да болмасын қайта ұйымдастыруды (осы терминдердің қолданыстағы заңнамамен түсіндірілуіне сәйкес біріктіру, қосылу, бөлу, бөліп шығару немесе жаңарту арқылы немесе өзге түрде) жүзеге асыруға, Эмитенттің немесе Эмитенттің және Елеулі еншілес ұйымдардың (жалпы алғанда) барлық немесе мәнісі бойынша барлық активтерін сатуға, беруге немесе өзге түрде иелік ету жағдайларын қоспағанда, корпоративтік қайта жаңғыртудың қандай да болмасын өзге түріне қатыспайды (әрбір жағдайда **«қайта ұйымдастырудың»**), мына жағдайларды қоспағанда:

(A) Эмитент заңды тұлға ретіндегі жұмысын тоқтатпайды;

(B) осындай мәмілеге күш бергенге дейін дереу және одан кейін дереу және осыған байланысты қандай да болмасын Берешектің туындауына және олардан кез келген таза түсімдерді формальды негізде пайдалану, ешқандай Дефолт оқиғасы болмауы және жалғаспауы тиіс; және

(C) осындай кез келген қайта ұйымдастыруды жариялаған кезде немесе (ондай хабарлама болмаған жағдайда) жүзеге асырған кезде басталатын және осындай қайта ұйымдастыруды жүзеге асырғаннан кейін аяқталатын кезең уақытында, осындай қайта ұйымдастырудың салдарынан ешқандай Рейтингтің жағымсыз өзгеру оқиғасы орын алмауы тиіс; егер, қандай да болмасын Рейтингтің жағымсыз өзгеру оқиғасы осындай қайта ұйымдастыруды жүзеге асырғаннан кейін немесе осындай қайта ұйымдастырудың салдарынан дереу 6 (алты) айдың ішінде орын алса, Эмитент 5.7. Шартының ережелерін сақтауы тиіс шартымен;

- (ii) Эмитент ешбір Елеулі еншілес ұйымның қандай да болмасын

қайта ұйымдастыруды жүзеге асырмайтынын қамтамасыз етуі тиіс, мына жағдайларды қоспағанда:

(А) осындай Елеулі еншілес ұйым заңды тұлға ретіндегі жұмысын тоқтатпайды;

(В) осындай мәмілеге күш бергенге дейін дереу және одан кейін дереу және осыған байланысты қандай да болмасын Берешектің туындауына және олардан кез келген таза түсімдерді формальды негізде пайдалану, ешқандай Дефолт оқиғасы болмауы және жалғаспауы тиіс; және

(С) осындай кез келген қайта ұйымдастыруды жариялаған кезде немесе (ондай хабарлама болмаған жағдайда) жүзеге асырған кезде басталатын және осындай қайта ұйымдастыруды жүзеге асырғаннан кейін аяқталатын кезең уақытында, осындай қайта ұйымдастырудың салдарынан ешқандай Рейтингтің жағымсыз өзгеру оқиғасы орын алмауы тиіс; егер, қандай да болмасын Рейтингтің жағымсыз өзгеру оқиғасы осындай қайта ұйымдастыруды жүзеге асырғаннан кейін немесе осындай қайта ұйымдастырудың салдарынан дереу алты айдың ішінде орын алса, Эмитент 5.7. Шартының ережелерін сақтауы тиіс шартымен.

(iii) Жоғарыда айтылғандардың мақсатында, Акционерлік капиталы Эмитенттің мүлкінің барлығын немесе мәнісі бойынша барлығын құрайтын бір немесе бірнеше Елеулі еншілес ұйым мүлікінің немесе активтерінің барлығын немесе мәнісі бойынша барлығын беру (жалға беру, біреуге беру, сату, құқықтарды беру жолымен немесе бір транзакциямен немесе бірқатар транзакциямен өзге түрде) Эмитент мүлкінің және активтерінің барлығын немесе мәнісі бойынша барлығын беру болып есептеледі.

Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, кез келген Елеулі еншілес ұйым Эмитентке немесе Эмитенттің басқа еншілес ұйымына (осы мақсатта осындай мәміледен кейін Елеулі еншілес ұйым болып табылатын) құқықтарды шоғырландыруды, біріктіруді немесе беруді, өзінің барлық немесе мәнісі бойынша барлық активтерін бір мәміледе немесе бірқатар мәміледе беруді немесе жалдауды жүзеге асыра алады.

## 9. Аффилиирленген тұлғалармен мәмілелер

Егер Аффилиирленген тұлғамен осындай Мәміленің шарттары Эмитент үшін немесе осындай Елеулі еншілес ұйым үшін тиімділігі, мән-жайларға қарай, бір біріне тәуелсіз тараптардың арасындағы, Эмитенттің немесе осындай Елеулі еншілес ұйымының Аффилиирленген тұлғасы болып табылмайтын Тұлғамен салыстыруға болатын мәміледе қол жеткізуге болатынан кем болмаған жағдайда (осындай мәміле жасалған сәтте немесе, егер, осындай мәміле жазбаша келісімге сәйкес жүзеге асырылған жағдайда, мәмілені көздейтін келісім орындалған сәтте) Эмитент қандай да болмасын Аффилиирленген тұлғамен немесе оның пайдасына («Аффилиирленген тұлғамен мәміле») шектеусіз фирмааралық займдарды, өкімдер мен сатып алуларды қоса алғанда, қандай да болмасын мәмілені немесе бірқатар мәмілені (соның ішінде, шектеусіз, құқықтарды сатып алу, сату, беру, біреуге беру, жалға беру немесе қандай да болмасын мүлікті айырбастау немесе қандай да болмасын

қызметтерді көрсету) жанама немесе тікелей өзі де жасамайды болуына жол бермейді және бір де бір Елеулі еншілес ұйымның жасамауын немесе болуына жол бермеуін қамтамасыз етеді.

Осы 9 Шарты (i) Эмитенттің немесе оның кез келген Еншілес ұйымының қызметкерлеріне, лауазымды тұлғасына немесе директорына қатысты олардың еңбек шарттары нәтижесінде туындайтын өтемақыларға немесе сыйақыларға, (ii) Тіркеу күніне дейін жасалған келісімдерге немесе уағдаластықтарға сәйкес Аффилиирленген тұлғамен мәмілелерге, (iii) Эмитенттің өзінің капиталының кез келген сатылымына, (iv) Эмитент пен Елеулі еншілес ұйымының арасындағы мәмілелерге, Эмитент пен Елеулі еншілес ұйымының және/немесе Еншілес ұйымның арасындағы мәмілелерге немесе Елеулі еншілес ұйымдардың арасындағы мәмілелерге, және (v) жиынтық сомасы кез келген бір күнтізбелік жылдың ішінде 100 000 000 (бір жүз миллион) АҚШ долларынан аспауы тиіс Аффилиирленген тұлғалармен мәмілелерге қолданылмайды.

#### **10. Салықтарды және басқа да талаптарды төлеу**

Егер Эмитент немесе қандай да болмасын Елеулі еншілес ұйым қандай да болмасын бір салықты, аударымды, шығынды немесе талапты төлемесе не өтемесе немесе төлеуді не өтеуді талап етпесе, егер (a) осындай соманың қолданылуы немесе заңдылығы тиісті сот талқылауында әділ дауланса және ол үшін ХҚЕС (IFRS) сәйкес тиісті резервтер немесе тиісті провизиялар жасалса, немесе (b) егер осындай соманы төлемеу немесе өтемеу немесе төлеу не өтеуге талаптың болмауы барлық басқа да төленбеген немесе өтелмеген салықтармен, аударымдармен, шығындармен және талаптармен бірге Елеулі жағымсыз салдар құрамаса, Эмитент те, қандай да болмасын Елеулі еншілес ұйым да осы 10 Шартын бұзушылыққа жол бермеген жағдайда, Эмитент өзі де және Елеулі еншілес ұйымдарының да Эмитенттің және Елеулі еншілес ұйымдардың кірісіне, пайдасына немесе мүлкіне алынатын және салынатын барлық салықтарды, аударымдарды және үкіметтік алымдарды төлеуін немесе өтеуін немесе төлеуді не өтеуді талап етуін қамтамасыз етуі тиіс.

#### **11. Лауазымды тұлғалардың куәліктері**

(i) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен Эмитенттің листинг туралы шартымен белгіленген тәртіпте ақпаратты ашуға қосымша, кез келген Облигация Ұстаушының кез келген сұрауының күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күннен бастап, Эмитент Облигация ұстаушыларға Лауазымдық тұлғаның куәлігі нысанында қандай да болмасын Ықтимал Дефолт оқиғасының немесе Дефолт оқиғасының не мәртебенің өзгеруіне байланысты Сату опционына әкеп соқтырған өзге оқиғаның орын алғанын және ол орын алып, жалғасып жатса, онда Эмитент оларға қатысты қандай шара қабылдағанын және қабылдауды ұсынатынын және Эмитент өз міндеттемелерін орындағанын көрсетіп жазбаша хабарламаны ұсынуы тиіс. Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен Эмитенттің листинг туралы шартымен белгіленген әдістермен және мерзімдермен Облигациялар Ұстаушыларға қажет барлық ақпаратты ашуы тиіс.

(ii) Эмитент Аудиторлар тексерген Эмитенттің жыл сайынғы қаржылық есептілігімен бір мезгілді 5(i) Шартына сәйкес және Облигация Ұстаушының сұрауының күнінен бастап 30 (отыз) күннің ішінде облигациялар ұстаушыға осындай Куәліктердің күніне дейін 20

(жиырма) күннен бұрын қандай компаниялар мән-жайларға қарай Елеулі еншілес ұйымдар немесе Миноритарлық компаниялар болғанын көрсетіп Лауазымды тұлғалардың куәліктерін ұсынады.

(iii) осындай сұрақтың немесе оқиғаның Елеулі жағымсыз әсері болатынын немесе болмайтынын Облигациялардың айқындауы көзделген жағдайда, Облигациялар шарттарында ескерілген қандай да болмасын сұрақ немесе оқиға туындағаннан кейін, Эмитент Облигация Ұстаушының талабы бойынша облигация ұстаушыларға осындай мәселенің немесе осындай оқиғаның Елеулі жағымсыз әсері бар екенін немесе болатынын көрсетіп, осындай айқындаманы растау үшін қажет етілуі мүмкін қосымша ақпаратты енгізе отырып, Лауазымды тұлғаның куәліктерін ұсынуы тиіс.

## **12. Қызметті өзгерту**

Эмитент өзінің де және ешбір Елеулі еншілес ұйымның да Рұқсат етілген қызметтен басқа қандай да болмасын бизнеске қатыспайтынын қамтамсыз етеді.

## **13. Қолданыстағы заңнаманы сақтау және басқа да міндеттемелерді бұзу.**

Эмитент (i) Қазақстан республикасының қолданылып жүрген кез келген нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес одан талап етілетін шараларды қабылдамағанда, (ii) әдеттегі іскерлік практикада қажетті немесе орынды болатын мүліктік құқықтарды, артықшылықтарды, меншік құқықтарын қолдау бойынша шараларды қолданбағанда, немесе (iii) қандай да бір болмасын міндеттемені немесе Облигациялар бойынша келісімді (осы 7-шартта ерекше ескерілген бұзушылықтардан басқа) орындағанда немесе өзге де түрде бұзғанда, (iv) Облигацияларды ұстаушылардың мүдделеріне елеулі зиян келтіретін іс-әрекеттерді жүзеге асырғанда және осындай бұзушылық кемінде 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде жойылмағанда;

## **14. Банкроттық:**

(I) қандай да бір болмасын Тұлға төлеуге қабілетсіздікке, санацияға, қарызды қайта құрылымдауға, активтер мен пассивтерді бөлуге, төлемдерге мораторийдің жариялануына және/немесе Эмитентті немесе Елеулі еншілес ұйымды немесе Эмитенттің, жағдайға қарай, Елеулі еншілес ұйымның барлық мүлкін немесе оның елеулі бөлігін немесе, қозғайтын өзге де осы секілді іс-әрекеттерге байланысты конкурстық басқарушыны немесе таратушыны тағайындау үшін рәсімді бастаған немесе өтініш берген және осындай рәсімдер немесе талап жойылмай, конкурстық басқарушыны немесе таратушыны тағайындау үшін рәсім басталған немесе өтініш берілген күннен бастап кемінде 45 (қырық бес) күнтізбелік күн ішінде күші сақталған жағдай; немесе

(II) Эмитент немесе Елеулі еншілес ұйым (i) Эмитентті немесе Елеулі еншілес ұйымды банкрот деп жариялау мақсатында рәсімдерді бастағанда, (ii) Эмитентке немесе Елеулі еншілес ұйымға қатысты банкроттық рәсімдерін қолдануға келіскенде, (iii) тиісті заңнамаға сәйкес қайта ұйымдастыруға өтініш жібергенде немесе келіскенде, (iv) осындай өтінішті беруге келіскенде немесе банкроттық немесе Эмитентті немесе Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның мүлкін жою мақсатында конкурстық басқарушыны немесе таратушыны немесе сенімгерлік басқарушыны немесе құқықтық мирасқорды тағайындаған, (v) Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның қандай да бір болмасын кредиторларының пайдасына тағайындау жасағанда, (vi) басқа да себептер бойынша Эмитент немесе, жағдайға қарай,

		<p>Елеулі еншілес ұйым өзінің қарыздарын төлей алмағанда немесе, тұтастай алғанда, белгіленген мерзімдерде қарыздарды төлеу қабілетсіздігін мойындағанда.</p> <p style="text-align: center;"><b>15. Сот шешімдері:</b></p> <p>Эмитент соттың түпкілікті шешімімен 100,000,000 (он миллион) USD (немесе шетелдік валютадағы баламалы сомдан) асатын соманы төлемегенде және ол түпкілікті болғаннан кейін және оны сот тәртібімен шағымдауға мүмкін болмағаннан кейін кемінде 30 (отыз) күн ішінде осындай сот шешімі орындалмаған болып қала бергенде;</p> <p style="text-align: center;"><b>16. Тоғыспалы дефолт:</b></p> <p>Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның (а) Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның дефолтқа жол беру салдарынан мерзімінен бұрын өтеуге жататын немесе (b) осындай берешек жеңілдікті кезеңнің қолданылу уақытына ұзартылуы мүмкін көзделген мерзімде (егер ол көзделсе және осы жағдайда қолданылса) өтелмеген Займдық қарыз қаражаты бойынша кез келген берешек; (ii) Займ қаражаты бойынша Берешекке байланысты Эмитент немесе Елеулі еншілес ұйым берген Берешектің кез келген Кепілдігі талап ету бойынша іске асырылмағанда, бұл ретте Займ қаражаты бойынша осындай Берешектің сомасы 100 000 000 (бір жүз миллион) АҚШ долларынан (немесе оның басқа валютадағы баламасынан) артық болады;</p> <p>(I)</p> <p><b>17. Талап-арыздың жарамсыздығы және оның күшінің болмауы:</b></p> <p>(i) Эмитент Облигациялардың жарамдылығын даулағанда немесе Эмитент Облигациялар шығарылымының шарттары бойынша өзінің міндеттемелерінен бас тартқанда (төлемдердің жалпы төленуін тоқтату, қарызды өтеуге мораторий немесе өзге де әдістер арқылы) немесе (ii) Эмитент Облигациялар шығарылымының шарттарына сәйкес өз міндеттемелерін заңды түрде орындай алмағанда немесе (iii) Облигациялардың шарттары бойынша Эмитенттің міндеттемелері жарамсыз болғанда немесе талап-арыз күші жойылғанда; немесе</p> <p style="text-align: center;"><b>18. Үкімет тарапынан араласу:</b></p> <p>(i) мемлекеттік, өңірлік немесе жергілікті билік органы өкілеттік берген қандай да бір болмасын Тұлға Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның барлық қызметін, активтері мен кірісін немесе олардың айтарлықтай бөлігін тәркілегенде немесе өзгеше түрде иеліктен шығарғанда немесе (ii) осындай Тұлға Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның өздерінің қызметін, активтерін немесе кірістерін немесе олардың айтарлықтай бөлігін кәдімгі бақылауды жүзеге асыруына кедергі жасағанда және осы 18, 40-1 шартта аталған оқиғалар басталғаннан кейін, аталған оқиғалар Облигацияларды ұстаушылардың мүдделеріне айтарлықтай зиян келтіргенде.</p>
--	--	--

#### **41. Облигацияларды орналастырудан ақшаны пайдалану.**

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат толық көлемде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың жалпы корпоративтік мақсаттарына, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыруға жіберілетін болады.

Алынған ақша қаражаттарының жоспарлы бөлінуі өзгерген жағдайда, Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Шығарылым проспектісіне тиісті өзгерістер енгізетін болады.

#### 41-1. Қолданылатын терминология.

Қолданылатын терминология	<p><b>«Рейтингтің жағымсыз өзгеруі»</b> Рейтинг агенттігі берген Грант немесе Елеулі еншілес ұйым рейтингі немесе корпоративтік рейтингі бар Бағалы қағаздардың қандай да болмасын рейтингі: (i) «credit watch» тізіміне енгізілсе немесе ресми қайта қарауға немесе сол сияқты шағымсыз салдары немесе болжамдары бар рәсімдерге ұшыраса; немесе (ii) мән-жайларға қарай Грант рейтингі немесе корпоративтік рейтингі бар осындай Бағалы қағаздарды осындай төмендету немесе кері шақыру тізіміне енгізген күні төмендетілсе немесе кері шақыртылған кезде орын алады;</p> <p><b>«Аффилирленген тұлғалар»:</b> бір тұлға тікелей немесе жанама түрде басқа тұлғаның шешімдерін айқындауға және (немесе) әсер етуге мүмкіндігі бар немесе, соның ішінде жасалған мәміленің күшіне орай, өзара осыны жасай алатын және осындай жеке және заңды тұлғалардың арасындағы қарым-қатынастар 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында айқындалған аффилирленген тұлғалардың тізімінде көрсетілген заңды және жеке тұлғаларды білдіреді (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда).</p> <p><b>«Активтерге иелік ету»</b> Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның, соның ішінде біріктіру, шоғырландыру және сол сияқты мәмілелерде:</p> <ul style="list-style-type: none"><li>(i) Елеулі еншілес ұйымның немесе Миноритарлық компанияның Акционерлік капиталын;</li><li>(ii) Эмитенттің, Елеулі еншілес ұйымның немесе Миноритарлық компанияның өзге активтерін сатуын, жалдауын, тапсыруын және өзге де әдістермен иелік етуін (сондай-ақ сату, жалдау, тапсыру және өзге әдіспен иелік ету бойынша өзара байланысты мәмілелері сериясын) білдіреді.</li></ul> <p>Жоғарыда айтылғандарға қарамастан, Эмитент пен Еншілес ұйымдардың арасында активтерді беру Активтерге иелік ету болып табылмайды;</p> <p><b>«Тиісті берешек»</b> Сату/қайта жалдау мәмілелеріне қатысты айқындау сәтіндегі осындай Сату/қайта жалдау мәмілелерінде көзделген жалдау мерзімінің қалған уақытына (жалдауды ұзарту кезеңдерін қоса алғанда) жалдау төлемдері бойынша жалдаушының барлық міндеттемелерінің (жарты жылдық негізде сомалаумен Облигациялардың проценттік ставкасы бойынша дисконтталған);</p> <p><b>«Аудиторлар»</b> Ernst &amp; Young LLP немесе, егер аталған фирма одан талап етілген қандай да болмасын іс-қимылдарды орындай алмаса, немесе орындағысы келмесе – Эмитент таңдаған халықаралық беделі бар басқа бухгалтерлік фирманы білдіреді;</p> <p><b>«Жұмыс күні»</b> Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында шетелдік валютаны теңгеге айырбастау жөніндегі мәмілелерді жүргізуге болатын банкте теңгедегі шотқа аудару әдісімен төлем жүргізілуі тиіс Қазақстан Республикасы, Алматы қаласында банктер мен шетелдік валюталық нарықтар жұмыс істейтін күнді білдіреді (сенбі мен</p>
---------------------------	--

жексенбіні қоспағанда).

«**Акционерлік капитал**» қандай да болмасын Тұлғаға қатысты осындай акционерлік капиталға айырбасталатын қарыздық бағалы қағаздарды қоспағанда, барлық акцияларды, қатысу үлестерін (о.і. серіктестіктердегі), сатып алу құқықтарын, кепілдіктерді, опциондарды, қатысу үлестерін немесе өзге баламаларын не (айқындалмаға қарамастан) осындай Тұлғаның акционерлік капиталындағы қатысу үлестерін, соның ішінде Артықшылықты акцияларды білдіреді;

«**Жалдау жөніндегі капиталдандырылған міндеттемелер**» ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікте капиталдандырылған жалдау ретінде топтастырылуы тиіс міндеттемені білдіреді; осындай міндеттемемен ұсынылған Берешектің сомасы ХҚЕС сәйкес айқындалған сәттегі осындай міндеттеменің капиталдандырылған сомасын құрайды, ал соңғы жалдау төлемін төлеу күні немесе жалдау айыппұл санкцияларысыз бұзылуы мүмкін бірінші күнге дейін жалдауға байланысты төленуі тиіс өзге соманы төлеу күні осындай міндеттемені Белгіленген өтеу күні болып табылады;

«**Хеджирлеу шарттары**» қандай да болмасын Тұлғаға қатысты рұқсат етілген қызмет шеңберінде Эмитент немесе оның Елеулі еншілес ұйымы өндіретін немесе тұтынатын қандай да болмасын тауарларға бағаларды ауытқудан қорғау немесе одан пайда алу мақсатымен жасалған, осындай Тұлға бір тарапы болып табылатын форвардты, фьючерсті, опционды, кейінге қалдырылған келісім-шарттарды және сол сияқты келісімдер мен уағдаластықтарды білдіреді;

«**Эмитенттің шоғырланған EBITDA**» 11(5) Шартына сәйкес ұсынылған соңғы қаржылық есептілікте көрсетілгендей ХҚЕС-ке сәйкес Эмитенттің және оның Елеулі еншілес ұйымдарының шоғырланған EBITDA (немесе 11(5) Шартына сәйкес Тіркеу күнінен кейін бірінші шоғырланған қаржылық есептілік ұсынылғанға дейін – екіге көбейтілген, 2009 жылғы 30 маусымда аяқталатын алты (6) айдағы Эмитенттің EBITDA) білдіреді;

«**Шоғырланған табыс салығы**» қандай да болмасын Тұлғаға қатысты мемлекеттік органдармен талап етілетін және осындай Тұлға төлеуі тиіс, осындай Тұлғаның және (немесе) Елеулі еншілес ұйымдардың кірісі немесе пайдасы негізінде есептелетін (осындай кіріс немесе пайда тиісті кезеңдегі Шоғырланған таза кірісті есептегенде ескерілген жағдайда), осындай салықтар немесе төлемдер қандай да болмасын мемлекеттік органдарға аударылуы тиіс екеніне қарамастан, қандай да болмасын кезеңде осындай Тұлғаға салынатын салықтарды немесе өзге де төлемдерді білдіреді;

«**Проценттер төлеуге арналған шоғырландырылған шығыстар**» қандай да болмасын кезеңге қатысты шоғырланған негізде, төленген немесе есептелген, Эмитенттің және оның Еншілес ұйымдарының проценттерін төлеуге арналған жалпы шығыстарды плюс осындай проценттер төлеуге арналған шығыстарға енгізілмеген бөлігінде мына төмендегілерді білдіреді:

- (i) жалдау, осындай жалдау ХҚЕС сәйкес капиталдандырылған жалдау болып табылған жағдайда айқындалатындай, осындай жалдауға Тиісті берешекпен байланысты жалдауға



шығыстардың проценттік бөлігі және кез келген кейінгі қалдырылған төлем міндеттемелерінің проценттік бөлігі жөніндегі Капиталдандырылған міндеттемелерге байланысты проценттерді төлеуге байланысты шығыстар;

- (ii) берешектерден жеңілдіктерге шығыстардың амортизациясы және облигациялар шығарылымы;
- (iii) проценттер төлеуге арналған қолма-қол ақшасыз шығыстар;
- (iv) аккредитивтерге және банктерді акцептік қаржыландыруға байланысты төленуі тиіс комиссиялық төлемдер, жеңілдіктер мен басқа да жарнама мен алымдар;
- (v) қандай да болмасын Берешек кепілдігіне немесе қандай да болмасын Тұлғаның өзге міндеттемесіне байланысты Эмитент немесе оның Елеулі еншілес ұйымдары нақты төлеген проценттері;
- (vi) Хеджирлеу жөніндегі міндеттемелерге байланысты таза шығыстар;
- (vii) Осындай Тұлғаның немесе оның Елеулі еншілес ұйымдарының тиісті кезеңде капиталдандырылған проценттерін төлеуге арналған шоғырландырылған шығыстар;
- (viii) қолма-қол ақшамен төленген немесе төленуі тиіс, Уақытша бос ақша қаражаттары инвестицияларының, Берешектің немесе осындай Тұлғаның шектеулі құқықтарымен тиісті кезеңде қандай да болмасын Акциялары немесе оның Елеулі еншілес ұйымдарының Артықшылықты акцияларына есептелген, Эмитентті немесе оның Елеулі еншілес ұйымдарын қоспағанда қандай да болса тарапқа төленуі тиіс барлық дивидендтер;
- (ix) осындай бағдарламалардың немесе қорлардың Берешегіне байланысты қандай да болмасын Тұлғаға (Эмитентті қоспағанда) проценттер немесе алымдар төлеу үшін осындай бағдарламалармен немесе қорлармен осындай жарналар қолданылса, қызметкерлерге акциялар ұсына бағдарламаларына немесе осы сияқты сенімгерлік қорларына қолма-қол жарналар, алайда, егер Эмитент немесе оның Елеулі еншілес ұйымдары Тиісті берешекке кепілдік бермесе және төлемесе, аталатын сомадан Ұсақ еншілес ұйымдардың проценттерін төлеуге арналған шығыстар алып тастау шартымен.

**«Шоғырландырылған таза кіріс»** шоғырланған негізде, ХҚЕСке сәйкес айқындалатын Эмитенттің және оның Еншілес ұйымдарының қандай да болмасын бір кезеңге қатысты (Эмитент акционерлерінің кірісі (шығыны) болып табылатын) таза кірісін (шығынын) білдіреді; бұл ретте Шоғырландырылған таза кіріске мыналар кіргізілмейді:

- (i) Елеулі еншілес ұйым болып табылмайтын Тұлғалардың кез келген таза кірісі (шығыны), мыналарды қоспағанда:
  - (A) төмендегі (iii), (iv) және (v) параграфтарында көрсетілген шектеулерді ескере отырып, осындай

Тұлғаның тиісті кезеңіндегі таза кірісіндегі Эмитент үлесі дивиденд немесе басқа да төлемдер түрінде Эмитенттің немесе оның Елеулі еншілес ұйымының пайдасына осындай Тұлғамен іс жүзінде бөлінген ақша қаражаттарының жалпы сомасына дейін түгел Шоғырландырылған таза кіріске енгізіледі (Елеулі еншілес ұйымның пайдасына дивидендтер немесе басқа да төлемдер жағдайында – төмендегі (ii) параграфында көрсетілген шектеулерді ескеріп); және

- (B) осындай кез келген Тұлғаның тиісті кезеңдегі таза шығынындағы Эмитент түлесі, егер ол Эмитенттің немесе оның Елеулі еншілес ұйымының ақша қаражатынан жабылса, Шоғырландырылған таза кіріске енгізіледі.
- (ii) егер тікелей немесе жанама түрде осындай Елеулі еншілес ұйымға тікелей немесе жанама түрде Эмитентке жүзеге асырылатын дивидендтерді немесе басқа да төлемдерді төлеуге шектеулер қолданылса, Елеулі еншілес ұйымның кез келген таза кірісі (бірақ, шығыны емес), мыналарды қоспағанда:
- (C) төмендегі (iii), (iv) және (v) параграфтарында көрсетілген шектеулерді ескере отырып, осындай Елеулі еншілес ұйымның тиісті кезеңдегі таза кірісіндегі Эмитент үлесі дивиденд немесе басқа да төлемдер түрінде Эмитенттің немесе басқа Елеулі еншілес ұйымының пайдасына осындай Елеулі еншілес компаниялармен іс жүзінде бөлінген немесе тікелей не жанама түрде жүзеге асыруға рұқсат етілген займдар, аванстық төлемдер, фирмааралық аударымдар немесе Эмитентке немесе оның Елеулі еншілес ұйымына басқа да әдістермен рұқсат етілген ақша қаражаттарының жалпы сомасына дейін түгел Шоғырландырылған таза кіріске енгізіледі (басқа Елеулі еншілес ұйым пайдасына дивидендтер немесе басқа да төлемдер жағдайында – осы тармақта көрсетілген шектеулерді ескеріп); және
- (D) осындай кез келген Елеулі еншілес ұйымның тиісті кезеңдегі таза шығынындағы Эмитент үлесі Шоғырландырылған таза кіріске енгізіледі.
- (iii) кәдімгі қызмет барысында жүзеге асырылмайтын Эмитенттің және оның шоғырландырылған Елеулі еншілес ұйымдарының мүлкін, машиналарын және жабдықтарын сатудан немесе өзге басқарудан түскен (o.i., Сату/қайта жалдау мәмілелерінен) пайда (шығын), сондай-ақ қандай да болмасын Тұлғаның Акционерлік капиталын сатудан немесе өзге басқарудан пайда (шығын);
- (iv) әдеттегіден тыс пайды және шығын;

- (v) валюта айырбастаудан пайда және шығын;
- (vi) бухгалтерлік есеп қағидаттарын өзгертудің кумулятивтік әсері;

«**Валюталық келісі**» қандай да болмасын бір Тұлғаға қатысты осындай Тұлға тарапы немесе бенефициары болып табылатын валютаны айырбастау, валюталық своп туралы шартты немесе өзге сол сияқты келісімді білдіреді;

«**Құқықтары шектеулі акциялар**» қандай да болмасын бір Тұлғаға қатысты Акционерлік капиталдың акцияларын білдіреді, олардың шарттарына (немесе ұстаушының таңдауы бойынша конвертациялануы немесе айырбасталуы мүмкін бағалы қағаздардың шарттарына) сәйкес немесе қандай да болмасын жағдайлар басталған кезде олар:

- (i) төлеп алу қоры жөніндегі міндеттемелерге немесе өзге міндеттемелерге күшін жою немесе міндетті түрде төлеп алынуы тиіс (өзі Құқықтары шектеулі акциялар болып табылмайтын осындай Тұлғаның Акционерлік капиталына ғана төлеп алуға болмайтын жағдайларды қоспағанда);
- (ii) ұстаушының таңдауы бойынша Берешекке немесе Құқықтары шектеулі акцияларға конвертациялануы немесе айырбасталуы мүмкін; немесе
- (iii) міндетті түрде төлеп алуға жатады немесе белгіле бір оқиғалар басталған кезде немесе өзге де негіздерде толық не ішінара сатып алынуы тиіс;

«**ЕБИТДА**» белгілі бір кезеңге, қандай да болмасын бір Тұлғаға қатысты қайталаусыз осындай кезеңдегі осындай Тұлғаның Шоғырланған таза кірісін (Шоғырландырылған таза кірісті есептеген кезде шегерімдерді ескеріп) плюс мыналарды білдіреді:

- (i) Шоғырланған проценттерді төлеу шығыстары;
- (ii) Шоғырланған табыс салықтары;
- (iii) Шоғырланған амортизация шығындары;
- (iv) Материалдық емес активтердің шоғырланған амортизациясын;
- (v) Шоғырландырылған таза кірісті ұлғайтатын өзге де қолма-қол ақшасыз кіріс баптарын шегергенде (болашақ кезеңде қолма-қол ақша алуды білдіретін қолма-қол ақшасыз кіріс баптарын қоспағанда), Шоғырландырылған таза кірісті азайтатын өзге де қолма-қол ақшасыз шығыстар (жинақталған қолма-қол ақшалы шығыстарды немесе болашақ кезеңдерге оларға резервті немесе оның алдындағы кезеңдегі алдын ала төленген қолма-қол ақшалы шығыстардың амортизациясын білдіретін қолма-қол ақшасыз шығыстарды қоспағанда); және
- (vi) шоғырландырылған Еншілес ұйымдардың кірісіндегі/шығынындағы миноритарлық үлес;

әрбір жағдайда шоғырландырылған негізде және ХҚЕС-ке сәйкес;

**«Әділ нарықтық құны»** активтер мен мүлікке қатысты қысым жасалмайтын және мәмілені жасауға мәжбүрленбейтін сатқысы келетін сатушы мен сатып алғысы келетін төлем қабілеті бар сатып алушы арасындағы коммерциялық нарықтық мәміле кезінде қолма-қол ақшамен алуға болатын бағаны білдіреді. Әділ нарықтық бағаны пікірі түпкілікті болып табылатын, Эмитенттің Директорлар кеңесі, немесе Елеулі еншілес ұйымның немесе Миноритарлық компанияның Акционерлік капиталын 200 млн. АҚШ долларынан астам сомаға стақан жағдайда – жазбаша түрде Тәуелсіз бағалаушы адал айқындайды;

**«Топ»** Эмитент пен оның Еншілес ұйымдарын бір тұтас топ ретінде білдіреді;

қандай да болмасын бір Тұлғаны **«Хеджирлеу жөніндегі міндеттемелер»** осындай Тұлғаның Проценттік ставка туралы келісімдер, Валюталық келісім немесе Хеджирлеу шарттары бойынша міндеттемелерін білдіреді;

**«ХҚЕС»** жүйелі негізде қолданылатын Қажылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі комитет (IASB) Басқармасымен шығарылатын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын (бұрын «Халықаралық бухгалтерлік стандарттар») және IASB қаржылық есептілігін интерпретациялау жөніндегі халықаралық комитетпен шығарылатын (толықтыруларды, өзгерістерді және жаңа редакцияларды ескеріп) түсіндірулерді, сондай-ақ елеулі емес сипаттағы бухгалтерлік қағидаттар мен тәжірибелердегі өзгерістерді білдіреді;

**«Ұсақ еншілес ұйым»** Елеулі еншілес ұйым болып табылмайтын Эмитенттің Еншіле ұйымын білдіреді;

**«Қабылдау»** қабылдауды, көтеруді, кепілдік беруді немесе өзге түрде жауапты болуды білдіреді; ол Елеулі еншілес ұйым болып қалыптасатын кездегі сәтте (біріктіру, шоғырландыру, сатып алу нәтижесінде немесе өзге түрде) бар қандай да болмасын бір Тұлғаның Берешегі осындай Тұлғамен Елеулі еншілес ұйым болып қалыптасатын кезде Қабылданатын болып есептелген жағдайда. «Қабылдау» терминінің ілеспе мағынасы бар. 4(i) Шартына сәйкестікті белгілеу мақсатындағы ғана:

- (i) берешектен жеңілдіктің амортизациясы немесе процентсіз не өзге дисконттық бағалы қағаз бойынша номиналдың өсуі;
- (ii) сол бір құрал бойынша қосымша Берешек нысанында проценттік сыйақыны үнемі төлеу немесе сондай сыныптағы және сондай шарттардағы Акционерлік капиталдың қосымша акциялары нысанында Акционерлік капиталдың акциялары бойынша дивидендтерді үнемі төлеу; және
- (iii) төлеп алу туралы хабарламаны шығарумен немесе осындай Берешекті міндетті сатып алу ұсынысына байланысты туындаған Берешекке байланысты сыйлықақыны төлеу міндеттемесі Берешекті Қабылдау болып есептелмейді;

**«Берешек»** қандай да болмасын бір Тұлғаға қатысты айқындау

күнінде мыналарды білдіреді (қайталаусыз):

- (i) займдық қаражаттар бойынша осындай Тұлғаның берешегіне байланысты (бар болса) негізгі сома мен сыйлықақы;
- (ii) облигациялармен, қарыздық міндеттемелермен, ноталармен немесе өзге де осы сияқты құралдармен расталатын осындай Тұлғаның міндеттемелеріне байланысты негізгі сома мен сыйлықақы;
- (iii) аккредитивтерге, банктерді акцептік қаржыландыруға және өзге де осы сияқты құралдарға байланысты осындай Тұлғаның барлық міндеттемелерінің негізгі бөлігі (егер олар жеткізушілермен есеп айырысу шоттарына жататын болса және осындай міндеттеме Қабылдаудан кейін 30 күннен кейін өтелсе, өтемақы жөніндегі тиісті міндеттемелерді қоса алғанда);
- (iv) төлеу мерзімі пайдалану басталған, жеткізілім қабылданған немесе мүлікке меншік құқығы ауысқан күннен кейін алы айдан астам уақыттан кейін басталатын, мүліктің сатып алынатын бағасын кейінге қалдырып төлеу (жеткізушілермен есеп айырысуды қоспағанда) жөніндегі осындай Тұлғаның барлық міндеттемелерінің негізгі бөлігі;
- (v) жалдау жөніндегі Капиталдандырылған міндеттемелер және осындай Тұлғаның барлық тиісті Берешегі;
- (vi) Құқықтары шектеулі акцияларды төлеп алумен, өтеумен немесе өзге де сатып алумен байланысты осындай Тұлғаның барлық міндеттемелері бойынша негізгі бөлігі немесе тарату кезіндегі кезектіліктің артықшылықты құны немесе Еншілес ұйымдарға қатысты - Артықшылықты акциялар (әрбір жағдайда есептелген дивидендтерді қоспағанда);
- (vii) Осындай Берешектің осындай Тұлғамен қабылданғанына қарамастан, осындай Тұлғаның активтеріне қатысы Ауыртпалықпен қамтамасыз етілген басқа Тұлғалардың барлық Берешегінің негізі бөлігі; осындай Берешектің сомасы (a) айқындау күніндегі осындай активтердің әділ нарықтық құнынан және (b) осындай басқа Тұлғалардың Берешегі сомасынан төмен болу шартымен;
- (viii) Осындай Тұлғамен Кепілдік берілген басқа тұлғалардың Берешегінің негізгі бөлігі; және
- (ix) осы айқындаманың басқа тармақтарында көрсетілмеген Хеджирлеу жөніндегі міндеттемелерге байланысты осындай Тұлғаның таза міндеттемелері (осындай міндеттемелердің сомасы кез келген сәтте осындай міндеттемелерді туындатқан, осындай Тұлғаға осындай сәтте төленуі тиіс келісімді немесе уағдаластықты бұзу сомасына тең болуы тиіс).

Қандай да болса Тұлғаның қандай да болмасын күндегі Берешегі сомасы жоғарыда көрсетілген барлық шартсыз міндеттемелердің осындай күндегі қалдығын және осындай күндегі барлық шартты

міндеттемелер бойынша максималды жауапкершілігін білдіреді (нәтижесінде осындай міндеттемелер туындайтын шарттар басталған кезде).

Бұдан басқа, қандай да болмасын Тұлғаның берешегіне алдыңғы параграфта сипатталған, осындай Тұлғаның балансында міндеттеме ретінде көрсетілмейтін Берешек кіреді, егер:

- (i) осындай Берешек серіктестіктің немесе Елеулі еншілес ұйым болып табылмайтын Бірлескен кәсіпорынның міндеттемесі болып табылса;
- (ii) осындай Тұлға немесе осындай Тұлғаның Елеулі еншілес ұйымы Бірлескен кәсіпорынның бас әріптесі («Бас әріптес») болып табылса;
- (iii) келісім-шартқа немесе заңнамаға сәйкес осындай Тұлғаның немесе оның Елеулі еншілес ұйымының активтеріне немесе мүлкіне өндіріп алу орын алса; бұндай жағдайда осындай берешек і:

(А) соманың қайсысы аз болуына қарай не (i) Бас әріптестің таза активтерінің сомасынан, не (ii) егер, келісім-шартқа немесе заңнамаға сәйкес осындай Тұлғаның немесе оның Елеулі еншілес ұйымының активтеріне немесе мүлкіне өндіріп алу орын алса, осындай міндеттемелердің сомасынан; немесе

(В) жоғарыдағы (А) параграфына сәйкес айқындалған сомадан аз болса – егер Берешек жазбаша түрде расталса және оның сомасын айқындауға болса, және процент төлеу жөніндегі тиісті шығыстар Эмитент немесе оның Елеулі еншілес ұйымы нақты төлеген сомада Шоғырландырылған процент төлеу шығыстарына енгізілсе, осындай Тұлғаға немесе оның Елеулі еншілес ұйымына қатысты өндіріп алуды білдіретін Берешектің нақты сомасынан аспайтын сомаға енгізілед;

**«Займдық қаражат бойынша берешек»** қандай да болмасын Тұлғаның (i) займдық қаражатқа, (ii) акцептік несиелер бойынша акцепт тәртібінде тартылған сомаларға, (iii) қарыздық міндеттемелерді сатып алу немесе Облигациялар шығару, қарыздық міндеттемелер мен сол сияқты құралдардың нәтижесінде тартылған сомаларға, (iv) жалға алушының юрисдикциясында жалпы қабылданған бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес қаржылық және капиталдық лизинг болып табылатын жалдау және бөліп төлеп сатып алу шарттары бойынша міндеттемелердің сомасына, (v) төленуі қаржы тарту немесе тиісті активтерді немесе қызметтерді сатып алуды қаржыландыру әдісі ретінде кейінге қалдырылған активтердің немесе қызметтердің сатып алу бағасымен байланысты міндеттемелердің сомасына және (vi) коммерциялық мағынада ауыстырып алуды білдіретін басқа мәмілелердің (оның ішінде, форвардтық сатып алу/сату келісім-шарттары және регресс құқы бар дебиторлық берешекті сату) нәтижесінде тартылған сомаларға байланысты Берешектерін білдіреді

**«Берешек кепілдігі»** қандай да болмасын Тұлғаның берешегіне қатысты басқа Тұлғаның осындай Берешегін төлеу міндеттемесін білдіреді, оның ішінде, шектеусіз, (i) осындай берешекті сатып алу міндеттемесі, (ii) Берешекті төлеу үшін қаражат ұсыну мақсатында қарызға ақша қаражатын ұсыну, акцияларды немесе басқа да бағалы

қағаздарды сатып алу немесе оларға жазылу, немесе активтерді не қызметтерді сатып алу міндеттемесі (iii) Берешекті төлеу жөніндегі міндеттемені орындамау салдарына қарсы кепілдіктер және (iv) осындай Берешекті төлеу жөніндегі міндеттемені құрайтын өзге келісімдер;

**«Тәуелсіз бағалаушы»** PricewaterhouseCoopers LLC, KPMG LLC, Deloitte & Touche LLP, Ernst & Young LLP немесе халықаралық беделі бар және Эмитенттің құзыретті басқару органы немесе ол Эмитенттің Аффилиирленген тұлғасы немесе оның елеулі еншілес ұйымы болып табылған жағдайда тиісті Елеулі еншілес ұйымы таңдаған басқа да инвестициялық-банк, бухгалтерлік немесе бағалау фирмасын білдіреді.

**«Проценттік ставка туралы келісім»** қандай да болмасын тұлғаға қатысты осындай тұлға тарабы немесе бенефициары болып табылатын проценттік ставканы қорғау туралы келісімді, проценттік опцион туралы келісімді, проценттік своп туралы келісімді, проценттік кәп туралы келісімді, проценттік ставканың қаржылық минимумы және максимумы туралы келісімді, проценттік хедж туралы келісімді немесе өзге де осы секілді келісімдерді немесе сенімхаттарды білдіреді;

**«Ауыртпалық»** ипотеканы, кепілзатты, ауыртпалықты, сервитутты, шектеуді, міндеттемені, өту құқығын, кепілзат құқығын және басқа да мүлікті құқықты немесе кез келген түрдегі талаптарды (қандай да болмасын юрисдикцияның заңнамасына сәйкес жоғарыда аталғандарға ұқсас құқықтарды, сондай-ақ шартық сатуды, меншік құқығын ұстау туралы келісімді және осындай сипаты бар жалдауды қоса алғанда, шектелмей) білдіреді;

**«Елеулі қолайсыз салдар »** (а) шаруашылық қызметке, мүлікке, жағдайға (қаржылық немесе өзге), Эмитенттің, оның оның Елеулі еншілес ұйымдарының, Миноритарлық компанияларының немесе Топтың (біртұтас ретінде) операцияларына немесе перспективаларына, (b) Эмитенттің Облигациялар бойынша өз функцияларын орындау қабілетіне, немесе (c) Облигациялардың немесе қандай да болмасын Келісімнің жарамдылығына, заңдылығына немесе талап күшіне елеулі теріс әсер ететін сипаттағы оқиғалардың басталуын білдіреді;

**«Елеулі еншілес ұйым»** (а) Эмитенттің тікелей Еншілес ұйымы немесе Елеулі еншілес ұйымы болатын және Эмитенттің Директорлар кеңесі Елеулі еншілес ұйым деп жариялайтын (b) 5(i) немесе 5(ii)40-1 тармақпен Шарттарға сәйкес соңғы жарияланған қаржылық есептілік күнінде (i) шоғырландырылған негізде Эмитенттің немесе оның Еншілес ұйымдарының жалпы активтерінің бес және одан да көп процентін құрайтын активтері, немесе (ii) шоғырландырылған негізде Эмитенттің немесе оның Еншілес ұйымдарының EBITDA-сының бес және одан да көп процентін құрайтын EBITDA-сы бар немесе (c) Елеулі еншілес ұйым немесе Миноритарлық компания жариялауы тиіс қандай да болмасын Еншілес ұйымның немесе компанияның тікелей немесе жанама құрылтайшы компания болып табылатын Эмитенттің еншілес ұйымын білдіреді. Эмитенттің Директорлар кеңесі Эмитенттің кез келген еншілес ұйымын (оның ішінде жаңада сатып алынған немесе құрылған) Елеулі еншілес ұйым деп жариялай алады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің осындай жариялауын Облигацияларды Ұстаушы 13 Шартқа сәйкес осындай факті туралы дереу хабарлама беру арқылы растауы тиіс. Эмитенттің Директорлар

кеңесі Елеулі еншілес ұйым деп жариялаған Эмитенттің кез келген Еншілес ұйымы Елеулі еншілес ұйым ретінде көрсетіле алмайды. Осы Шарттың күнінде Елеулі еншілес ұйымдар шектеусіз «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ты, «ҚазТрансГаз» АҚ-ты, «ҚазТрансОйл» АҚ-ты, «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ты, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ-ты, «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ-ты, Coöperatieve KazMunaiGaz PKI U.A., «Казросгаз», «Ромпетрол» и KazMunziGaz Finance Sub .B.V. қамтиды;

**«Миноритарлық компания»** (а) Эмитенттің тікелей компаниясы немесе Елеулі еншілес ұйымы болатын және Эмитенттің Директорлар кеңесі Миноритарлық компания деп жариялайтын, (b) (i) шоғырландырылған негізде Эмитенттің немесе оның Еншілес ұйымдарының жалпы активтерінің бес және одан да көп процентін құрайтын активтері, немесе (ii) шоғырландырылған негізде Эмитенттің немесе оның Еншілес ұйымдарының EBITDA-сының бес және одан да көп процентін құрайтын EBITDA-сы бар, соңғы жарияланған қаржылық есептілік күнінде Елеулі еншілес ұйым немесе Миноритарлық компания деп жариялануы тиіс, қандай да болмасын Еншілес ұйымның немесе компанияның тікелей немесе жана бас компаниясы болып табылатын Эмитенттің компаниясын білдіреді. Эмитенттің Директорлар кеңесі Эмитенттің кез келген еншілес ұйымын (оның ішінде жаңада сатып алынған немесе құрылған) Миноритарлық компания деп жариялай алады. Эмитенттің Директорлар кеңесінің осындай жариялауын Облигацияларды Ұстаушы 13 Шартқа сәйкес осындай факті туралы дереу хабарлама беру арқылы растауы тиіс. Эмитенттің компаниясын Эмитенттің Директорлар кеңесі деп Миноритарлық компания деп жариялауының соңынан күші жойылмайды. Осы Шарттың күнінде шектеусіз ТШО, Kashagan B.V. және КҚК-Қ қамтиды ;

**«Таза пайда»** қандай да болмасын шығарылымға немесе Акционерлік капиталдың акцияларын сатуға немесе Берешекке қатысты заңгерлердің, бухгалтерлердің, андеррайтерлердің және агенттердің осындай шығарылымға немесе сатуға байланысты іс жүзінде төлеген жеңілдіктерді, комиссиялық, брокерлік, консультанттық және басқа да алымдарды орналастыру бойынша гонорарларын шегергендегі таза пайданы білдіреді;

**«Лауазымды тұлға»** қандай да болмасын тұлғаға қатысты басқарушы директорды, директорды, бас директорды, басқарма төрағасын, президентті, вице-президентті, жоғары дәрежедегі басшыны, бас директордың орынбасары, бас бухгалтерді, аға бухгалтерді, аға қаржы маманын, бақылаушыны, қазынашыны немесе осындай тұлғаның хатшысын, сондай-ақ бас әріптесті немесе тиісті немесе ұқсас лауазымдағы тұлғаны білдіреді.

**«Лауазымды тұлғаның куәлігі»** Эмитенттің атынан, бірі жоғары дәрежедегі басшы, аға бухгалтер немесе Эмитенттің аға қаржы маманы болуы тиіс Эмитенттің екі лауазымдық тұлғасы қол қойған куәлікті білдіреді;

**«Алғашқы қаржы есептері»** 2009 жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жылдағы Эмитенттің аудиттен өткен жеке және шоғырландырылған қаржы есептерін білдіреді;

**«Рұқсат етілген қызмет»** (а) мұнай мен газды барлауды, кндіруді, тасымалдауды, тазалауды және өңдеуді, (b) электр энергиясын



өндіруді, (с) химия өндірісін, (d) жоғарыда көрсетілгенге байланысты көтерме және бөлшек сауданы, және (е) жоғарыда көрсетілгенмен негізді түрде байланысты немесе оған қатысты қосалқы немесе жапсарлас болып табылатын қызметті білдіреді;

**«Рұқсат етілген ауыртпалық»** мыналарды білдіреді:

- (i) Облигациялар айналымы басталған күні болған Ауыртпалықтар;
- (ii) Эмитент пайдасына немесе Елеулі еншілес ұйым пайдасына құрылған Ауыртпалықтар;
- (iii) Қаржылық лизинг арқылы сатып алынған (немесе сатып алынған деп есептелетін) мүлік Ауыртпалығы, сондай-ақ осындай Ауыртпалық осы лизинг бойынша ғана берешекті қамтамасыз еткен жағдайда осындай мүлікті пайдаланумен, жоғалтумен және зақымдаумен байланысты туындайтын шағымдар;
- (iv) Тұлғаның осындай тұлғаның Эмитентпен немесе Елеулі еншілес ұйыммен бірігуі немесе шоғырлануы сәтінде бар болған Берешектерін қамтамасыз ететін ауыртпалықтар; осындай Ауыртпалықтар осындай бірігумен немесе шоғырланумен байланысты құрылмаған және Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның бар активтеріне немесе мүлігіне таралмаған жағдайда;
- (v) Эмитент немесе Елеулі еншілес ұйым сатып алған немесе сатып алатын активтерге немесе мүлікке (немесе осындай активтерге немесе мүлікке арналған құқықтарға) қатысты құрылып қойған Ауыртпалықтар; осындай Ауыртпалықтар осындай сатып алудың байланысты құрылмаған және басқа активтерге немесе сатып алынған мүлікке таралмаған жағдайда;
- (vi) Эмитент немесе Елеулі еншілес ұйым осындай мүліктің немесе берешектің сатып алу бағасын қамтамасыз ету мақсатында кейіннен сатып алған немесе салған мүлікке қатысты ұсынылған, осындай сатып алуды қаржыландыру мақсатында ғана құрылған Ауыртпалықтар; осындай Ауыртпалықпен қамтамасыз етілген берешектің ең жоғары сомасы осындай сатып алуды және мәміле жөніндегі шығыстарды қаржыландыру мақсатында құрылған мүліктің немесе берешектің сатып алу бағасынан (мәміле жөніндегі шығыстарды қоса алғанда) артық болмаған жағдайда;
- (vii) заң күшіне байланысты құрылған Ауыртпалықтар ;
- (viii) мерзімі өткізілмеген немесе белгіленген тәртіппен дауланған және оларға Эмитент немесе жағдайға байланысты Елеулі еншілес ұйым өзінің бухгалтерлік құжаттамасында резерв көздеген салықтарға немесе салық салу немесе ұқсас алымдар үшін мүлікті бағалауға қатысты Ауыртпалықтар;
- (ix) басқа тараптарға ұсынылған жалға беру және қосалқы жалға берумен байланысты туындайтын, әрбір жағдайда Эмитенттің және жағдайға байланысты Елеулі еншілес

ұйымның қалыпты қызметін айтарлықтай бұзбайтын және қолданыстағы, қалыпты қызмет барысында туындайтын немесе тартқан сервитуттар, өту құқықтары, шектеулер (соның ішінде аймақтарға бөлумен байланысты), резервациялар, рұқсаттар, меншік құқығына азғана шектеулер және өзге де ұқсас Ауыртпалықтар;

- (x) (a) жалға берушілердің заң бойынша Ауыртпалықтары (осындай Ауыртпалықтар заем қаражаты бойынша Берешекті тудырған және қалыпты қызмет барысында құрылған жағдайлардан басқа), және (b) сот шешіміне, жарлыққа немесе өзге қаулыға байланысты туындайтын, 7(4) Шартына сәйкес дефолт Жағдайын тудырмайтын Ауыртпалықтар;
- (xi) Эмитенттің кредиттік қалдықтарына қатысты банктер немесе басқа қаржы мекемелері ие болуы мүмкін өзара есепке алу құқығы, шоттарды үйлестіру құқығы немесе осыған ұқсас құқықтар;
- (xii) (i) 11(4)(d) Шартына сәйкес Эмитент немесе Эмитенттің Еншілес ұйымы көтерген Берешекті қамтамасыз ету мақсатында ғана құрылған осындай Ауыртпалық, және (ii) осындай Ауыртпалық Эмитенттің, Елеулі еншілес ұйымның немесе олардың тиісті еншілес ұйымдарының мүлігіне, кірістеріне, активтеріне немесе түсімдеріне таралмаған жағдайда осындай Ауыртпалық мүлікке, кіріске, активтерге немесе қаржы жобасы бойынша түсімдерге ғана қатысты болғанда Жобалық қаржыландыруды білдіретін Тұлға пайдасына құрылған Ауыртпалықтар;
- (xiii) Осындай берешек қабылданған сәтте осындай берешек осы параграфқа сәйкес ұсынылған қандай да болмасын Ауыртпалықпен қамтамасыз етілген басқа берешектің негізгі қарызының жалпы сомасымен бірге Эмитенттің ең соңғы қаржы есептеріне сәйкес есептелген Эмитенттің жалпы активтерінің Шоғырландырылған құнының 20 процентінен аспаған жағдайда берешек қамтамасыз етілетін Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның мүлігіне, кірісіне немесе активтеріне қатысты Ауыртпалықтар.
- (xiv) кейіннен осындай Ауыртпалықпен қамтамасыз етілген берешек алғашқы берешек сомасынан аспаған және осындай Ауыртпалық алғашында Ауыртпалықта болмаған мүлікке таралмаған жағдайда алдыңғы ережелермен рұқсат етілген Ауыртпалықпен қамтамасыз етілген, қандай да болмасын берешекті қайта қаржыландырумен, ұзартумен немесе жаңғыртумен байланысты туындайтын Ауыртпалықтар;

«Тұлға» жеке тұлғаны, корпорацияны, серіктестікті, жауапкершілігі шектеулі серіктестікті, бірлескен кәсіпорынды, қауымдастықты, акционерлік қоғамды, трасты, инкорпорацияланбаған ұйымды, үкіметті немесе оның агенттігін немесе саяси бөлімшені, сондай-ақ кез келген басқа тұлғаны білдіреді;

«Дефолттың ықтимал оқиғасы» хабарлама жіберілген немесе уақыт өткеннен кейін дефолт Оқиға болуы мүмкін оқиғаны немесе жағдайды білдіреді;

«**Артықшылықты акциялар**» кез келген Тұлғаның Акционерлік капиталына қатысты осындай Тұлғаны еркін немесе мәжбүрлеп тарату кезінде дивидендтер немесе басқа сомалар төлеу немесе активтерді бөлу кезінде осындай Тұлғаның басқа кластағы Акционерлік капиталына қатысты артықшылықты акциялар болып табылатын қандай да болмасын кластың немесе кластардың (анықтамаға қарамастан) Акционерлік капиталын білдіреді;

«**Жобалық қаржыландыру**» егер (i) осындай активтен немесе жобадан түсімдер берілген қаражатты өтеудің негізгі көзі болса және (ii) осындай қаржыландыруды білдіретін тұлғаға немесе тұлғаларға оның негізінде осы жоба онымен байланысты берешекті өтеу үшін жеткілікті, негізгі қызметтен түскен кірісті қамтамасыз ете алады деп қорытынды жасауға болатын тәуелсіз құзыретті сарапшылар дайындаған техника-экономикалық негіздеме ұсынылғанда активтерді немесе жобаларды сатып алуға, салуға немесе дамытуға арналған барлық немесе кейбір шығыстарды қаржыландыруды білдіреді;

«**Проспект**» Облигациялар эмиссиясының осы проспектісін білдіреді;

«**Рейтингке ие бағалы қағаздар**» Эмитенттің немесе Елеулі еншілес ұйымның кемінде бір жыл алғашқы өтеу мерзімі және Рейтинг агенттіктерінің бірі меншіктеген рейтингі бар Облигацияларын немесе Берешегін білдіреді;

«**Рейтинг агенттігі**» oStandard & Poors Rating Services, McGraw Hill Companies бөлімшесін, Inc. («S&P»), Moody's Investors Service Limited («Moody's»), Fitch Ratings немесе олардың құқықтық мирасқорларын, сондай-ақ Эмитенттің таңдауы бойынша Облигациялардың жиынтық номиналдық құнының кемінде 75% ұстаушылар болып табылатын, облигацияларды Ұстаушылардың алдын ала жазбаша келісімі бойынша оларды (немесе олардың рұқсат етілген құқықтық мирасқорларын) ауыстыратын рейтинг агенттіктерін білдіреді;

«**Тиісті күн**» кез келген Облигацияға қатысты сол күні төлем мерзімі алғашқы рет болатын немесе (тиісті түрде ұстамау немесе ақшалай қаражаттың кез келген сомасынан бас тартқан жағдайда) өтелмеген соманы толық өтеу немесе (мерзімінен бұрын өтеген жағдайда) облигацияларды Ұстаушыларға Шарттарға сәйкес кейіннен Облигациялар ұсынылған соң осындай төлем осындай ұсыным іс жүзінде жүзеге асырылғаннан кейін төленген жағдайда жүргізілетіндігі туралы хабарлама берілген күннен бастап жеті күн өткеннен кейін болатын күнді білдіреді.

«**Шектелген процент**» мыналарды (a) Эмитентке қатысты – оның шығарылған және айналымда жүрген акционерлік капиталының 100 проценті, (b) Тіркеу Күніне немесе осындай Тұлға Елеулі еншілес ұйым болып жарияланған күні (қай күн бұрын болатынына байланысты) онда Эмитентке тікелей немесе жанама түрде акционерлік капиталдың 100 проценті тиесілі Елеулі еншілес ұйымға қатысты – осындай Елеулі еншілес ұйымның акционерлік капиталындағы барлық дауыс құқықтарының 75% (жетпіс бес проценті), (c) Тіркеу Күніне немесе осындай Тұлға Елеулі еншілес ұйым болып жарияланған күні (қай күн бұрын болатынына байланысты) онда Эмитентке тікелей немесе жанама түрде акционерлік капиталдың кемінде 100% (жүз проценті) бірақ 75% (жетпіс бес проценттен) аспайтын бөлігі тиесілі Елеулі еншілес ұйымға қатысты – осындай Елеулі еншілес ұйымның акционерлік

капиталындағы барлық дауыс құқықтарының 75% (жетпіс бес проценті), және (d) Тіркеу Күніне немесе осындай Тұлға Елеулі еншілес ұйым болып жарияланған күні (қай күн бұрын болатынына байланысты) онда Эмитентке тікелей немесе жанама түрде акционерлік капиталдың 75% (жетпіс бес проценті) немесе одан кем, бірақ 50% (елу проценттен) артық бөлігі тиесілі Елеулі еншілес ұйымға қатысты – осындай Елеулі еншілес ұйымның акционерлік капиталындағы барлық дауыс құқықтарының 50% (елу процент) және плюс бір акциясын білдіреді;

**«Сату/кері жалға беру мәмілесі»** сол арқылы Эмитент немесе Елеулі еншілес ұйым көрсетілген мүлікті қандай да болмасын Тұлғаға беретін және осындай Тұлғадан оны жалға алатын, Эмитентке немесе Елеулі еншілес ұйымға тиесілі немесе кейіннен сатып алынған мүлікпен жасалатын мәмілені білдіреді;

**«Қамтамасыз ету»** жылжымайтын мүліктің кез келген кепілдігін (ипотеканы), өзге де активтер кепілдігін, ауыртпалықты, сервитутты, шектеуді, ковенантты, кепілдік құқығын, өндіріп алуды немесе үшінші тұлғалардың өзге де қамтамасыз етуін немесе кез келген шағымдарын (кез келген заңдық құқыққа сәйкес жоғарыда көрсетілгенге ұқсас кез келген оқиғамен шектелмей және кез келген шартты сатуды немесе меншік немесе оған қатысты жалға беру құқығынан айыру туралы келісімді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) білдіреді.

**«Өтеудің белгіленген мерзімі»** қандай да болмасын міндетті өтеу туралы ережеге сәйкес, бірақ осындай өтеу үшін алғашында жоспарланған күнге дейін кез келген осындай негізгі соманы төлеу. өтеу немесе сатып алу жөніндегі қандай да болмасын шартты міндеттемелерді қоспағанда, қандай да болмасын қамтамасыз етуге қатысты, осындай қамтамасыз етуде осындай қамтамасыз етудің негізгі сомасы берілген және төлеу күні ретінде көрсетілген күнді білдіреді;

**«Еншілес ұйым»** басқа заңды тұлға («бас компания») бірінші заңды тұлғаның капиталының елеулі бөлігіне елік ететін немесе егер бас компания осындай бірінші тұлға қабылдайтын шешімдерді бақылай немесе айқындай алатын заңды тұлғаны, сондай-ақ (егер қолданылса) қазіргі бар немесе құрылған немесе сатып алынған корпорация, серіктестік, бірлескен кәсіпорынды білдіреді, (a) корпорация жағдайында - егер Эмитентке және (немесе) оның Еншілес ұйымдарына ондағы барлық дауыс беретін акциялар бойынша дауыс беру құқығының 50 проценттен астамы тиесілі болса немесе Эмитент және (немесе) Еншілес ұйымдары осындай корпорацияны басқаруға немесе саясатына басшылықты жүзеге асыруға өкілеттігі болса, немесе (b) серіктестік, бірлескен кәсіпорын, қауымдастық немесе өзге де шаруашылық жүргізуші субъекті жағдайында – егер Эмитент және (немесе) оның Еншілес ұйымдары осындай субъектіні басқаруға немесе саясатына басшылық етуге шарттық негізде өкілеттігі болса, бұл орайда (жоғарыдағы (a) және (b) жағдайларында ХҚЕС сәйкес субъект қаржылық есептіліктің мақсаттары үшін Эмитентпен шоғырлануы мүмкін.

**«Уақытша бос ақша қаражаты инвестициялары»:**

- (i) өтеу мерзімі сатып алған күннен бастап бір жыл Еуропалық Одақ, Құрама Штаттар немесе олардың агенттіктері мүшесінің тікелей міндеттемелеріне инвестициялар немесе

	<p>Еуропалық Одақ, Құрама Штаттар немесе олардың агенттіктері кепілдік берген міндеттемелер;</p> <p>(ii) егер осындай банктің немесе трастың капиталы, профициті және бөлінбеген пайдасы 500 000 000 (бес жүз миллион) АҚШ долларын (немесе шетелдік валютада балама соманы) құраса және олардың өтелмеген қарызының рейтингтік агенттіктердің бірі берген «А» рейтингісі (немесе балама рейтингісі) немесе одан жоғары рейтингісі болса өтеу мерзімі бір жыл немесе сатып алған күннен бастап одан аз Еуропалық Одақ, Құрама Штаттар немесе қандай да бір штаттың мүшесінің заңнамасына сәйкес құрылған банк немесе шығарған талап етілгенге дейін депозиттерге және мерзімді депозиттерге, депозиттік сертификаттарға және валюталық нарық депозиттеріне инвестициялар;</p> <p>(iii) егер банк жоғарыда (ii) параграфта көрсетілген біліктілік талаптарына жауап берсе, жоғарыдағы (i) параграфта көрсетілген базалық бағалы қағаздар үлгілері үшін өтеу күні 30 (отыз) күннен аспайтын сатып алу бойынша міндеттемелерге инвестициялар;</p> <p>(iv) өтеу мерзімі алты ай және одан аз, Еуропалық Одақ немесе Құрама Штаттар мүшесінің заңнамасына сәйкес құрылған және жұмыс істейтін корпорациялар (Эмитенттің Аффилиирленген тұлғасынан басқа) шығарылған, инвестициялау сәтінде S&amp;P сәйкес Moody's немесе «A1» (немесе жоғары) «P1» (немесе жоғары) рейтингісі бар коммерциялық қағаздарға инвестициялар;</p> <p>(v) өтеу мерзімі сатып алған күннен бастап алты ай немесе одан аз, Еуропалық Одақ немесе Құрама штаттар мемлекеті, достастығы немесе аумағы немесе олардың әкімшілік бірліктері немесе салық органдары шығарған, Moody's сәйкес S&amp;P немесе «A» сәйкес «A» рейтингісі бар бағалы қағаздарға инвестициялар;</p> <p>(vi) жоғарыдағы (i)-(v) параграфтарда көрсетілген бағалы қағаздар үлгілеріне өзінің барлық активтерін инвестициялайтын валюталық рыноктар қорларына инвестициялар;</p> <p>Тұлғаның «<b>Дауыс беретін акциялары</b>» (а) Қазақстанның заңнамасында көзделген жағдайларда дауыс беру құқығы бар орналастырылған жай акцияларды, қатысу үлестерін, осындай артықшылықты акцияларды;</p>
--	--

## 8. ҚОСЫМША АҚПАРАТ

### 42. Облигациялар айналымындағы шектеулер

Эмитент облигациялары айналымында шектеу жоқ.

### 43. Эмитенттің облигациялар шығарылымына арналған шығындарының сомасы және бұл шығындар қалай төленетіні туралы мәліметтер

Андеррайтердің қызметтеріне арналған шығындарға байланысты шығыстар көзделіп отырған жоқ. Қаржы консультант қызметтеріне арналған шығындар 150 000 жүз елу мың тенге және қолма қол ақшасыз болып төленеді.

### 44. Инвесторлар Эмитент жарғысының көшірмесімен, облигациялар шығарылымның проспектісімен, облигацияларды орналастыру жиынтығы туралы есеппен және Эмитенттің

---

**қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдарымен таныса алатын орындар туралы ақпарат.**

Іс жүзіндегі мекен-жайы: 010000 Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19-үй, байланыс телефоны: 8 (7172) 97 61 01; факс 8 (7172) 97 60 00.

Электрондық почтаның адресі: [Astana@kmg.kz](mailto:Astana@kmg.kz)

Корпоративтік сайт: [www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

**Бизнесті дамыту  
басқарушы директоры**

**Т. Бозжанов**

**Бас бухгалтер**

**Н. Валентинова**